

Издательство
«Северный Казахстан»

Марал
ЗЕЙНЕЛ-ФАБИҚЫЗЫ

ҚОҢЫР ДӘПТЕР



Петропавл қаласы
2014 жыл

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 Қаз)-5
3 42

Зейнел-Ғабиқызы М.
3 42 Қоңыр дәптер. / М. Зейнел-Ғабиқызы. - г. Петропавловск:
Издательство «Северный Казахстан», 2014 - 172 б.

ISBN 978-601-7247-57-7

Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, журналист Марал Зейнел-Ғабиқызының «Қоңыр дәптер» атты кітабіне қазақ еліне, туған жеріне деген, Егемен Қазақстан тәуелсіздігіне арналған өлеңдер, ұрпақ тәрбиесіне, адамның жан-дүние байлығы, адами асыл қасиеттер мен құндылықтар туралы терең ойлы өлеңдер, өмірбаяндық деректер және көптеген өмір көріністері енгізілген.

УДК 821.512.122-1
ББК 84 (5 Қаз)-5

ISBN 978-601-7247-57-7

© Издательство «Северный Казахстан», 2014

*Құсын іздеп шабытты самал жырдың.
Жүрегіңде от болып жанар гүлдің.
Сезім деген мөлдірдің көгілдірін,
Көгілдірін сүйіпсің Марал құрбым!
Өнер болса өмірде - өнерлі озған.
Дәптеріңді оқыдым өлең жазған...*

Жазушы Тоқтар Зикирин. 1974 жыл

Өмірбаяндық деректер

6

Марал Зейнел-Ғабиқызы 1951 жылы шілде айының 23-жұлдызында Преснов ауданы (қазіргі Шал ақын ауданы) Ортақкөл ауылында, жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың отбасында дүниеге келді. Ауылда төртжылдық бастауыш мектепте оқыды.

1962-66 жылдары Баян орта мектебінде оқып, сегізінші сыныпты мақтау грамотасымен бітірген соң Қызылжар қаласындағы №2 мектеп-интернатта оқуын жалғастырды. Ол жастайынан өлең-жыр, ән мен күйге құмар болып өсті. Мектепте оқып жүргенде әдеби кештерге, спектакльдерге, концерттерге белсене араласты. 1967 жылы мектеп-интернат қабырғасында жүріп Мұхтар Әуезовтың «Абай» трагедиясында Ажар ролін орындады. 1967 жылы Қызылжар қаласындағы облыстық №2 мектеп-интернатты аяқтап, ауылда клуб меңгерушісі болып еңбек етті. Арасында қой фермасында төл алу науқанына да қатысты. 1970-76 жылдар аралығында Целиноград мемлекеттік медицина институтында оқып, дәрігерлік мамандық алып шықты. Институттың қабырға газетіне өлең жазып тұрды, студенттердің «Қарлығаш» ансамблінің әншісі болды. Қоғамдық жұмыстарға ат салысты.

1976-78 жылдар аралығында үшінші қалалық ауруханада интернатура өтті, сонымен қатар облыстық теледидарда диктор болып жұмыс істеді.

Соколов аудандық орталық ауруханасына жолдамамен келіп, 20 жыл дәрігер бола жүре, 1980-1982 жылдары жолдасы Оспанов Абай Бейсембаевич екеуі отбасымен әскери қызметке шақырылып, Байкал-Амур магистралін салуға Қиыр Шығысқа аттанды. Жолдасы Абай Бейсембаевич - хирург - әскери дәрігер болып қызмет істеді. Өзі де 1982 жылдың 1 сәуірінен 10 қазанға дейін 38425 әскери бөлімінің №121 бөбекжай-балабақшасында фельдшер лауазымында еңбек етті.

Марал Зейнел-Ғабиқызы Еліміз Егемендік алғаннан кейін, 1994-99 жылдары, Қызылжар аудандық мәслихат депутаты болып сайланып, түрлі мәселелерге өз пікірін ашық айтып, шешімін табуға ат салысты. «Қазақ тілі» қоғамының белді мүшесі болды. 2000-2002 жылдар аралығында Қызылжар аудандық денсаулық бөлімінің бас маманы, ал 2002 жылдан бері Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімінде бас маман қызметін атқарады. Өмір бойы өз білімін толықтырумен болды, еліне қырық жыл еңбек етті, оның ішінде отыз үш жыл дәрігерлікпен

айналысты. Сол жылдарда он рет білім жетілдіру курстарында оқыды: Баку, Ақтөбе, Павлодар, Алматы, Қарағанды, Астана қалаларында болып білімін көтерді және алған білімін қолдана да білді. Жемісті еңбегінің куәсі - алғыс хаттар мен грамоталар. Марал Зейнел-Ғабиқызының өмірі мен еңбегі туралы көптеген очерктер мен теле-, радиохабарлар жасалынды.

Негізгі мамандығынан басқа сүйікті ісі - шығармашылық. Жазған өлеңдері мен мақалаларын «Солтүстік Қазақстан», «Көкшетау», «Северный Казахстан», «Егемен Қазақстан», «Маяк», «Қызылжар және қызылжарлықтар», «Ана тілі», «Неделя СК» газеттерінен оқуға болады. 2002 жылы Алматы қаласы «Ғылым» ғылыми баспа орталығында алғашқы өлеңдер жинағы «Қызылжарым» жарық көрді, оқырмандар жылы қарсы алды. 2003 жылы ақын Мағжан Жұмабаевтың 110 жылдығына арналған өлеңдер жинағы «Қызылжардан ескен леп» атты кітапқа бірнеше өлеңдері басылды. 2004 жылы Петропавл қаласында облыс ақын қыз-келіншектерінің «Бәйшешектер - Подснежники» атты шығармалар жинағы жарық көрді, оған орысша-қазақша бірнеше өлеңдер кірді. Одан соң, 2004 жылы, жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың 80 жылдығына арналған «Қалам қадірін ұстаған біледі» атты жинаққа да өлеңдері басылды. 2006 жылы Петропавл қаласы «Полиграфия» баспасынан «Сырлы сезім» өлеңдер жинағы жарық көрді. 2006 жылы бір топ өлеңдері Қазақстан Жазушылар одағының «Қазақ әдебиеті» газетіне басылды. Марал Зейнел-Ғабиқызы Қазақстан Журналистер одағының мүшесі. 2011 жылы әкесі, жазушы Зейнел-Ғаби Иманбаевтың 90 жылдығы қарсаңында жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы кітап «Жақсының аты өшпес» жарық көрді. 2013 жылы әкесінің «Балаларға арналған қызықты әңгімелер» атты кітабын құрастырып, Петропавл қаласында бастырды. Кәсіпкер В.М. Семидоцких «Богатырский продукт» кәсіпорнында «Барон» макарон бұйымдарының қабына «Елім менің» атты өлеңінің екі шумағын басқан, 2008-2012 жылдарда, 50 жылға авторлық келісім берілді. Дүкендерде 600 граммдық макарон қапшықтары кездеседі.

Марал Зейнел-Ғабиқызы 2006 жылы Астанада өткен Бірінші Халықаралық әйелдер конференциясы - Евразия әйелдері Саммитіне облыстан барған он бес делегаттың бірі. Дүниежүзі әйелдерімен бірге әлемдегі, оның ішінде өз еліміздегі гендерлік саясатты талқылауға қатысты.

Әлібек Ғалеевтің 2006 жылы шыққан «Өмір арнасы ұрпақ жалғасы» атты кітабына мақаласы енді. Таңат Сүгірбаевтің 2008 жылы шыққан «Ауылым аты - Баян» атты кітабына өлеңі мен мақаласы басылды. Ол туралы 2013 жылы басылған «Краса и

гордость Северного Казахстана» кітабында мақала мен фотосуреті шықты.

Марал Зейнел-Ғабиқызы үнемі қалада өтетін әдеби, мәдени шараларға қатысады: Қала күні, Наурыз мерекесі, Республика күні, кітап талдау тағы да көптеген қоғамдық жұмыстарға жиі ат салысады.

Отбасында жұбайы, екі ұлы, төрт немересі бар. Жұбайы Оспанов Абай Бейсенбайұлы Туберкулезге қарсы күресу диспансерінде - бірінші санаттағы хирург, хирургия бөлімшесінің меңгерушісі болып істейді. Ұлдары - Айбар, Айдын. Немерелері - Асылхан, Айдос, Ердар, Асылжан - өсіп келеді. Екі келіні Гүлмира мен Көгершін әруақыт ежелерін қолдап жүреді.

**ЖАН
ШУАҒЫ-ЖҮРЕК
ЖЫЛУЫ**

Қоңыр дәптер

Қоңыр дәптер, қоңыр менің сырласым.
Сезіміме куә болған мұңдасым.
Бірде жылап, бірде шексіз қуанам,
Мен анамнан адам болып туған соң...

Қоңыр дәптер, қоңыр менің сырласым.
Жақсылықты жаным менің жырласын.
Беттеріңде қалып қойсын жыр-ғұмыр.
Аппақ сезім ақтарылмай қалмасын.

Өмір жәйлі ой толқытсам несі айып.
Бір қайғырып, қуанышқа масайып.
Ақындардың ауызына сөз салған,
Жаратқан күш ғаламат қой, ғажайып.

Қоңыр дәптер, қоңыр менің сырласым.
Келешекте ой-пікірлер тыңдарсың..
Білемін ғой, талғам-таным өзгеріп,
Жалған дүние бір қалыпта тұрмасын...

Қоңыр дәптер, беттеріңе із тастап,
Өткеніме ой жүгіртіп көз тастап.
Аманатым замандас пен ұрпаққа,
Тек өзіңсің қалтыратын мен хаттап.

Тәуелсіздік баянды болсын!

11

Тәуелсіздік жасай берсін, жасасын!
Қуанышым көңіл шалқып тасатын.
Қазағымның маңдайына бақ қонып,
Келді кезек жырдан шашу шашатын.

Орындалды асыл арман, ақ тілек.
Төбемізде көк байрақ тұр желбіреп.
Ақ аспаннан нұры жауып Алланың,
Жарылардай қуаныштан бұл жүрек.

Аңсап күткен Тәуелсіздік таңы атты,
Нұр-сәулесі санамызды оятты.
Болашағы жарқын болып елімнің,
Жер жүзіне жая берсін қанатты.

Жетіп жатыр түбегейлі мақсаттар.
Халқымыздың абыройы асқақтар.
Туған тілдің мәртебесін көтеріп,
Арайланып атар талай ақ таңдар.

«Қазақ» деген «азат» деген сөз екен,
Қазақ жері жерұйықтай бір мекен.
Ата-бабам азаттықтың жолында,
Намыс туын құлатпаған, бермеген.

Жорықтарда бес қаруын асынған,
Қаһарынан жау жасағы шошынған.
Ақылымен, айласымен ел қорғап,
Болдырмаған басқаларды басынған.

Тәуелсіздік болсын мәңгі, баянды.
Өткердік қой жақсыны да жаманды.
Ашық аспан, ақ жол тілеп еліме,
Жыр жазамын тербеп жүйрік қаламды.

Желтоқсан. 2008 жыл

Тәуелсіздік мейрамы құтты болсын!

Құтты болсын Тәуелсіздік мейрамы!
Желбіресін қазағымның байрағы.
Қазақ елі күннен-күнге көркейіп,
Гүлдей берсін ауылы мен аймағы.

Тәуелсіздік! Егемендік! Азаттық!
Жер жүзіне жедел хабар тараттық.
Қуанбаған ел қалмады біз үшін.
Өзгелерді таң қалдырып қараттық.

Тәуелсіздік - арманы бар халықтың.
Жеткізбейтін жұлдызындай ғарыштың.
Мәртебесін ұлтымыздың асырып,
Қазақ Елін бар әлемге таныттың.

Сан ғасырлар тілін, дінін жоғалтпай,
Байтақ жерін басқаларға таптатпай.
Ата-бабам сақтай білді біз үшін,
Шекарадан хас жауларын аттатпай.

Нұрлы далам, сырлы далам жаңарды.
Бүршік атқан жауқазындай жасарды.
Бұлбұл құсым жүрегімді тербетіп,
Көңіл-күйім шат-шадыман тасады.

Қазақ болып туғанымға қуанып,
Тағдырыма тәубе айтып жұбанып.
Шабытымды шақырамын мен бүгін,
Жаратқан күш бізді қолдап тұр анық.

Тәуелсіздік болсын бізге баянды!
Қызыр ата араласын даламды.
Құт-береке орнай берсін Еліме,
Күн шуағын төге берсін жеріме!

Тәуелсіздік күніне

Қазақ Елі - Егемен Ел - зайырлы!
Тәуелсіздік құтты болсын, қайырлы!
Бостандығы мәңгі болсын ылайым,
Жоғалмасын салт-дәстүрі байырғы!

Тәуелсіздік - арманымыз арайлы.
Аппақ нұры жүрегіме тарайды.
Көкбөрінің көк байрағы желбіреп,
Барша халық сүйсінумен қарайды.

Абройы аса берсін Елімнің!
Бақ-дәулеті таса берсін Елімнің!
Гүлге оранып, қаласы мен даласы,
Көз ұялтсын көркемдігі жерімнің!

Елімізде өнер-білім өрлесін!
Баршаңызға қазақ тілі дем берсін!
Мемлекеттің жаны - қазақ тілінде.
Қазақстан - Қазақ Елі, біліңіз!

Тәуелсіз Ел - Қазақ Елі, жасасын!
Қуанғаннан тау суындай тасамын.
Шаттанамын, еркелеймін Еліме,
Елім үшін жырдан шашу шашамын!

Өз елімді қалармын

Шолғыншыдай шолып шықсам жер бетін,
Араласам төрткүл дүние төрт шетін,
Елден ерек мегаполис қалалар,
Ұмыттырмас ауылымның келбетін.

Мүмкін айтар, кімге керек ауылың,
Көзі қысық сенің қара бауырың?
Жан-жүрегім соларға тек езілер,
Болғаннан соң кіндігім бір, тамырым.

Елден жырақ ұзап шыққым келмейді,
Көңіліме кірсін менің «жел» мейлі.
Таңғажайып бөгде елдің мекені,
Болмас маған өз даламдай мерейлі.

Саяхаттап кетсем егер ел кезіп,
Дәм татармын, отырармын бел шешіп.
Болмас бірақ дәм-тұзымдай өзімнің,
Қонағыммен бірге жеген кештетіп.

Басқа жұрттың жақсы сөзін естісем,
Бар жаныммен ән-күйіне елтісем,
Қазағымды толғандырып, толқытқан,
«Қарағымға» қалай ғана жеткізем?!

Аңсамаймын аралдарын Канардың,
Дәмі тартса мен де бірде барармын.
Таңда десе таңғажайып мекен-жай,
Бақ-тұрағым өз Елімді қалармын.

Қызылжар туралы

«Қызылжар» деп атыңды қойған бабам,
Тарихы бай, сәулетті көркем қалам.
Төрінде Абылайдың Ақордасы,
Үш жүздің басын қосып ұрандаған.

Көшеңнен «Жібек жолы» басып өткен.
Шаңдатып талай-талай керуен көшкен.
Қасиетті топырағында Қызылжардың
Дарынды өнерпаздар жайған өркен.

Қаламыз ерке Есіл жағасында,
Сылдырап аққан баяу жар астында.
Айнала майысқан тал қарағаймен,
Көз тартқан ақ қайындар арасында.

Қызылжар елдігімнің белгісіндей,
Жоғалмас қазағымның үлгісіндей.
Тасқа басып жазғандай атауыңды,
Жүрегіне бар қазақ бір кісідей.

Қызылжар - аманаты бабалардың.
Кім білмейді осындай бір қала барын?
Жайнасын, жарқырасын күннен-күнге,
Шет жүрсе асығады балаларың...

Арман жоқ өз атыңды иемденсең.
Елімнің картасынан орын тепсең.
Әр қазақ шаңырағы шаттанады.
Көтерілер менің де түскен еңсем.

Көз тастар әрбір адам өткеніне,
Болашаққа, асығып күткеніне.
Сенемін ғасырларға куә болып,
Қызылжар «Қызылжар» боп өтпегіне.

Қызылжарым

«Қызылжар» деп атамады қызылдар да.
Атамайды мекеме, ұйымдар да.
Әулиелер қолдамай қоя ма деп,
Атамайды кішілер, ұлылар да.

«Қызылжар» деп атаған аталарым.
Беріп еді ұрпаққа баталарын.
Аманатқа қиянат болары шын,
Бақида тынши алмай бабаларым.

Қызылжардың тарихи тастары бар.
Тастарында жазылған аттары бар.
Қаланың жүріп өтсең көшесінен,
Көрінбес көздеріңе хаттары бар.

Жүрегім қан жылайды, жаным күйіп.
Жиырма жыл Егемендік алып тұрып.
Тәңірдің ісіне мен таң қаламын,
Осындай кереғарлық көріп тұрып.

Кеудемде жүрегім бар «елім» деген.
Елі үшін талай адам жанын берген.
Мен де сол аталардың ұрпағымын,
Ел қорғап жау шапқанда көз ілмеген.

Жау іздеп көзімді мен алартпаймын.
Жанымды түйткіл сөзге ауыртпаймын.
Ел аман, жұрт тиыш боп жүре берсе,
Мадақтап асыл сөзді сабақтаймын.

Бар халық ел мүддесін ойласа тек,
Түйнегі шешілмеген шешілер ме ед?
Қызылжар өз атына ие болып,
Алланың нұры жауып шаттанар ма ек?

О, жұртым, аман болғын әруақытта!
Көңілдің көкжиегін мұнарлатпа.
Жарқын күн, жарық аспан аясында,
Жетерміз біз де бір күн сол уақытқа!

Тілегім менің

Баршаңызға тілейтінім жақсылық,
Жақсылықтар бұл өмірде баршылық.
Ең алдымен аман болып отбасы,
Алла берсін деніңізге саушылық.

17

Үміт-арман жетелесін бізді алға,
Жетелесін биік-биік шыңдарға.
Еңбек етіп, талмай, шаршап, қажымай,
Абыроймен аттаңыздар жылдарға.

Өмір-өзен аға берсін тоқтамай,
Жүріңіздер өкпе-назды сақтамай.
Бір-бірінді құрмет тұтып, шын сыйлап,
Адалдықтың аппақ жібін аттамай.

Тілеймін мен ұзақ ғұмыр баршана,
Қиындықтар кездесе де қаншама.
Бастарыңа қонсын келіп бақ құсы,
Жақсылықты күтуден еш шаршама.

Өмір сүру оңай емес, әрине,
Қиындықтың төзу керек бәріне.
Күш-қайратты жиып, қысып уысқа,
Жету парыз жақсылықтың төріне.

Жер бетінде аз ба, көп пе жүрсек те,
Разы болып шаттанып шын күлсек те,
Ізгіліктің қалсын ізі өшпейтін,
Одан артық ештеңе жоқ білгенге.

Жер жаһанда жалғассын тек тіршілік.
Аспанымда тұрсын алтын Күн күліп.
Өсе берсін, өркендесін Еліміз,
Жүректерде тұрсын әр кез сыр тұнып.

24.07.2009

Қазақ тілі - елімнің ертеңі

Қазақ халқы тілден майын тамызған.
Баға жетпес шешендігі дамыған.
Құдіретін көркемсөздің ұғынып,
Көркемсөзге құдайындай табынған.

Қазақ тілі түркі елінің мәйегі.
Сөзімнің бар дерегі мен дәйегі.
Талай ғасыр тазалығы сақталып,
Бола білген еліміздің тірегі.

Ата-бабам тілмен шешкен дауларын.
Тілмен жеңген кей уақытта жауларын.
Тас жармаса, бас жаратын сөзімен,
Жүрген жоқ па аласартпай тауларын.

Асқақтаған әнімен де сәнімен,
Болашағын ойлап әркез әріден,
Намыс туын желбіретіп, құлатпай,
Қазақ халқы келеді алда бәрінен.

Көкіректе жүрегіміз лүпілдеп,
Жанып тұрса «тілім, дінім, халқым» деп,
Болашағым жарқын болмай қайтеді,
Елім тыныш, күнім тұрса күлімдеп.

Әр отауда жарық көрген нәресте,
«Ана тілім - қазақ тілі» демесе,
Өзгелермен, өзге елмен, әлбетте,
Тұра алмаспыз тереземіз теңесе.

Қазақ тілін ғасырларға жалғасақ,
Әр сөзінің мағынасын талдасақ,
Ұрпақтардың санасына сіңіріп,
Оқытуға, үйретуге талмасақ.

Қазақ тілі - Қазақстан тірегі.
Қазақ тілі - қазақтардың жүрегі.
Қазақтарды Қазақстан халқының,
Барша халық ұйтқысы деп біледі.

Артық емес басқа тілді білуге,
Дүние танып, ел қыдырып жүруге.
Қанмен сіңіп, сүтпен бойға даритын,
Ана тілісіз болмайды өмір сүруге!

Туған жерге сағыныш

Қандай ыстық жанға жақын туған ел.
Көк шалғынды жасыл жайлау алтын бел.
Жұпар жұтып төскейінде аунасам,
Сергітеді, сейілтеді салқын жел.

Көз алдымда айдын шалқар көлдерің.
Аңсап суын бұлақтардың шөлдедім.
Қиыр Шығыс, Қап тауын да аралап,
Сенен артық, сенен асыл көрмедім.

Қайда жүрсем сағынамын өзінді,
Аялаймын суытпай сол сезімді.
Аңсаймын мен артта қалған алаңсыз,
Келте бұрым, кекілді бір кезімді.

Іздеймін мен асыл әкем іздерін,
Ғұмырының жарқын жазын, күздерін.
Ізгі істері сайрап жатса жолында,
Қалай маған іздерімен жүрмегін?

Ата-бабам арманына жеткен жер.
Кірін жуып, кіндік қаны кепкен жер.
Талай ғашық махаббатқа мас болып,
Алаулатып бақыт отын өткен жер.

Туған жерім, мен өзіңнің бір балаң.
Көз алдымда гүл жазира кең далам.
Еркімнен тыс көздеріме жас алып,
Сағынамын, сарғаямын, қиналам.

Ыстық маған ауылымның баласы,
Ақсақалды көнекөз қарт данасы.
Ошағының оты өшпесін ешқашан,
Гүлдей берсін дархан, дара даласы!

Ата заңым, ардақтым

Қазақстан - оттан ыстық Отаным!
Бауырында ойнақтаған ботаңмын
Елім десем, ет жүрегім елжіреп,
Өз тілімнің бал-шырынын татамын.

21

Ата заңның аясында еркінмін.
Сәні кірді бөркімнің де, көркімнің.
Ұлттық сана, өнер, білім өркендеп,
Қайда барса жолы ашық әркімнің.

Қуанамын әр бір атқан таңыма,
Жыр құйылып, ән орнайды жаныма.
Сүйсінемін жер жәннаты жеріме,
Қайсар мінез, қажымайтын халқыма.

Төбесінде кең даламның көлбеген
Желбіресін көк байрағы желменен.
Алтын заңы - ата заңы әрқашан
Бақ сынасын терезесі теңменен.

Азат елдің алтын заңын құрметтеп
Өту бізге өмір бойы болсын серт.
Жаратқанның шапағаты мол болып,
Жүректерге нұр-сәулесі толсын тек.

Ата заңым - Елдігімнің белгісі,
Қазағымның қасиетті болмысы.
Ата заңым ақыл-ойдың жемісі,
Таба алмайсың кем-кетігін, олқысын.

Күн астында, жер бетінде еркінмін,
Еркін елде арманы жоқ ешкімнің.
Атқан таңға қуанамын шаттанып,
Ерке қызы сезінемін халқымның.

Жан аямай еңбек етіп келемін.
Туған жерде желдей есіп, желемін.
Бақыттымын, алаңсызбын сәбидей,
Ертеңіме күмәнім жоқ сенемін.

Сөз бастаймын, жасқанбаймын, сайраймын,
Қорқып-үркіп көңіліме алмаймын.
«Тура биде» туыс жоқ қой қашанда,
Сөз келгенде іркіліп мен қалмаймын.

Соның бәрі - Ата заңның аясы,
Бар халыққа қамқорлығы саясы.
Өсе берсін мәртебесі елімнің,
Өсе берсін қазағымның баласы!

Қызыр келіп, бақыт қонсын басына,
Ғұмыр берсін кәрісіне, жасына.
Ата заңның әр бір сөзін ардақтап,
Сай болайық Қазақ елі атына!

Наурыз жыры

Наурыз айы жетті бізге сағынтып,
Қысқы аязды еш қиынсыз бағынтып.
Күледі күн сәуле шашып аямай,
Тіршілікті бір өзіне табынтып.

Күн шуағы қуат берген әлемге,
Шабыт шалқып, арқау болған өлеңге.
Қимасы ғой жарық дүние адамның,
Бермес ешкім жұмақтағы жүз күнге.

Наурыз айы - көктемнің ол жаршысы.
Тойлайды оны жер шарының жартысы.
Бейбіт өмір орнап бүкіл әлемге,
Болмасын деп ел мен елдің тартысы.

Жер бетінде Азаттықты аңсаған,
Аңсағаннан қан төгіліп, жас тамған.
Жаңа жылда еркіндікке қол жетіп,
Талай елге теңдік берсін Жасаған.

Дүниеде аш-жалаңаш болмасын.
Барша адамзат бірін-бірі қолдасын.
Қазағым ба, әлде неміс, орыс па,
Бір-біріне аппақ тілек жолдасын.

Көрік берсін көктем біздің көңілге,
Бәйшешектен шашу шашып өңірге.
Қараторғай, қарлығашым оралып,
Аққу-қаздар қонсын келіп көліме.

Ақ жол болсын, ақ мол болсын ылайым.
Жақсылыққа бастай берсін құдайым.
Шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын.
Өмір қысқа, жоғалтпайық шырайын!

Желтоқсан батырларына

(Нәбижан Бәйтековқа)

«Қазағым» деп Алатаудың асқар шыңын жаңғыртқан.
Жүректері аттай тулап, басқа шапқан қызыл қан...
Намыс оты лаулап жанып, жанарлары жарқылдап,
Үстем ұлтты таң қалдырып, есін алып шошытқан.

Еркіндікті, бостандықты, азаттықты жақтаған.
Әділеттің ақ жолынан таймай алға аттаған.
Ата-бабам аңсап күткен жалаулатып арманын,
Мыңдаған жас қыз-жігіттер ана сүтін ақтаған.

Желтоқсанның көк аязын жүрегімен жылытып,
Оттай ыстық ықыласпен көктайғағын ерітіп.
Жарқын жүзді, ақ көңілді, өрімдей жас өрендер,
Жол көрсетті болашаққа көрмейтін еш кемістік.

Желтоқсанның батырлары - Егемен Ел ерлері.
Ұмытылмайды әрқайсының қаһармандық еңбегі.
Ширек ғасыр өтті, міне, қасыретті күндерге,
Офат болған қыз-жігіттер Егемендік көрмеді...

Желтоқсанның батырлары - мақтанышы Елімнің!
Иелері, киелері салтанатты төрімнің!
Жаны таза, ары таза, рухы биік қазақтар,
Орын алған шоқжұлдыздай көгінен әр көңілдің!

2011 жыл

Наурыз тойына

Наурыз келіп қалды даламызға,
Көктемнің исін алып қаламызға.
Шығарып сап қытымыр қысқы аязды,
Қуанбаған жан бар ма арамызда?

Алты ай қыста аңсаған нұрлы көктем,
Жан-жануар сағынып, аңсап жеткен.
Күн көзі күлім қағып көк аспанда,
Құдіреттің күшімен тас жібіткен.

Көктем келді, алақай, көктем келді.
Өзіменен әкелді өктем желді.
«Құралайдың» желі деп қуанатын,
Еске аламын әрине үлкендерді.

Сүйкімді көктем бізге желімен де,
Су тасып, сазға батқан кезімен де.
Бір қатып, бірде еріп, мың құбылып,
Сезбейсің жаз шыққанын кейде мүлде.

Құтты болсын, Наурыз келе берсін!
Қолымыз жақсылыққа жете берсін!
Құт-береке әкелсін, ақ мол болып,
Халқымыз ғасырларға ере берсін!

Наурызға

Далам менің, өскен жерім, Сарыарқам!
Сары белден арайланып таңы атқан.
Сарыарқадан түлеп ұшып ұл мен қыз,
Орындалған аппақ тілек, ақ арман.

Сарыарқама келді тағы Наурыз.
Ұлыс тойы аңсап күткен бәріміз.
Жер бетінде жан-жануар масайрап,
Жүрек тулап, жадырайды жанымыз.

Күн мен түннің терезесі теңеліп,
Қыдыр баба үйімізге келді еніп,
Наурыздың алтын күні ерітіп,
Жылғалар мен өзендерге берді ерік.

Жүректерді тербеп сезім махаббат.
Әсер алып гүл-көктемнен мың қабат,
Мейірімді, қайырымды қазағым,
Тартады алға бүгінгі күн ас-табақ.

Ас пен бірге жүрегін де жайып сап,
Әсем әні аспанға өрлеп қалықтап,
Сарыарқаның сары жайлауын күй кернеп,
Қыран құстар аспанында шарықтап.

Қазағымның даласында той-думан,
Бәйге шауып, көкпар тартып, қыз қуған,
Бір өкпе-наз болса егер көңілде,
Кешіріңдер, барша қауым, бар туған.

Ақ мол болсын, ас мол болсын әр үйде!
Ақ жол болсын қиындықсыз әр кімге!
Құт-береке отбасына тілерім,
Жетіңіздер жақсылығы мол күнге!

Наурыз айы

Наурыз айы әкеледі жылылық.
Байтақ елім сезінеді ұлылық.
Бәйшешектер бас көтерер ырғалып,
Тоң астында қалған қыста тығылып.

Күн күлімдеп, сәуле шашып арайлы,
Тас төбеңнен көз ұялта қарайды.
Жан-жануар, бүткіл тылсым табиғат,
Наурыз келсе ғашық етер талайды....

Тілейді ел: Қызыр қонсын жеріме,
Жер көгеріп, егін өссін өріме.
Ақ дастархан қуанышқа жайылып,
Қора толсын төрт түліктің төліне.

Құт-береке шаңыраққа орнасын.
Аруағы ата-баба қолдасын.
Әр бір ана нәрестесін тербетіп,
Бесік жырын ұрпағына арнасын.

Наурыз айы құтты болсын, халайық!
Зор сеніммен келер күнге қарайық.
Ел бақыты - ұлы мақсат біз үшін,
Жаратқаннан тыныштығын қалайық.

2009 жыл

Жаз келді

Жаз келді, жадырады өлкем менің.
Не деген туған жерім көркем едің.
Жамылған жасыл желек орман тоғай
Орнатты көңіліме көктем менің.

Еске түсіп жастық шақ балғын кезім
Кетемін гүлдер жинап дала кезіп.
Қол бұлғап шақырады қыр астынан
Алғашқы ақша қардай таза сезім.

Арманым алға сүйреп асау тайдай
Өмірдің бәйгесінен келем қалмай.
Несібемді алуға талпынамын.
Жүрмеймін еш уақытта мамыражай.

Жадырар адам жаны жазбен бірге.
Үмітпен қарар әркім келер күнге
Еңбегім жанса еткен ел-жұртыма
Қолымның жеткені ғой бақыт күнге.

Отаным десем...

Отаным десем, жүрегім менің езілер,
Отаным десем, жанардан жасым төгілер.
Отаным десем, қуаныш кернеп кеудемді,
Жүрегім соғып, көңілде лаулар сезімдер.

Отаным десем, көлбейді жасыл белестер.
Өреміз біздің өзгемен ертең теңесер,
Отаным десем, мақтанып, тасып, тебіренем,
Тек сонда менің айдарымнан жел есер!

Отаным десем, егіліп жаным елеңдер.
Шабытым шалқып, оралар ойға өлеңдер,
Отаным десем, қиялым ұшып қияға,
Бақытты елдің ертеңі әркез елестер...

Ауылым

Туған жерім, өскен елім, кең далам,
Бістық маған орман, тоғай, сай-салаң,
Жас отауда туып еді шырылдап,
Елу бірдің шілдесінде бір балаң.

Жерұйықтай көрінетін ауылым,
Еркелеткен бала кезден қауымым,
Балапандай жылы ұяңнан ұшырып,
Арманыма қанат берген ауылым.

Оң мен солы - Ортақкөл мен Жалтырша
Жарқырайды баяғы сол қалпынша.
Қаз қаңқылдап, сұңқылдаса аққулар,
Үйректері үн қосады артынша.

Ауыл кеші - тіршіліктің тынысы,
Адамдардың тоғысатын мың ісі,
Жан-жануар шуылдасып табысып,
Толастамас көпке дейін дыбысы.

Туған жерім - жер жәннаты мен үшін.
Қызыр қонып, араласын ел ішін.
Ардақтаймын әр отаудың иесін,
Сағынамын жерошақтың иісін.

Қыс көрінісі

Аппақ дала, қандай пәктік, тазалық!
Табиғаттың сыйы осы бір ғажайып.
Аспан мен жер аппақ болып тұтасып,
Көрінбейді көкжиегі қарайып.

Қар астында орман, тоғай, өзендер.
Мұз құрсанды жарқыраған терең көл.
Тіршіліктің білінбейді тынысы,
Қымтап алған ақ көрпесін белеңдер.

Қар жамылған кең далаға қарасаң,
Тіршіліксіз өлі екен деп қаласың.
Бақыласаң, бажайласаң, үңілсең,
Қайнап жатқан тіршілікті табасың...

Тебіндеген жылқылар жүр жайылып,
Пысқырынып қарамайды қайырылып.
Жоталары қырауланып, бусанып,
Шүйгін шөптен қалардай бір айырылып.

Қар астынан ұшып шықты бір топ құр.
Пыр-пыр етіп, доп-домалақ, коп-қоңыр.
Анадайда жосып барад түлкішек,
Айналада бір адам жоқ, ит түгіл.

Қарғалар да топ-топ болып ұшады.
Мұнарланып күн де асығып батады.
Жол бойында бірлі-жарым көліктер,
Бұрқыратып, борандатып барады...

Көктем келді

Алты ай күткен көктем келді далама.
Уақыт келсе табиғат тыс қала ма?
Күлім қағып Күн-перизат төбеден,
Сылаңдайды нұрын шашып тарана.

Қыс қыспағы өтті, міне, тағы да.
Көктеммен біз қауыштық шын зарыға.
Бұл көктемді көрген де бар, көрмеген,
Өткендерді еске аламын сағына...

Өмір деген мұнша қысқа болар ма?
Өлмейтіндей күй кешеміз әмәнда.
Көктемі мен жазы кетіп келмеске,
Ғұмырымның күзі келіп қалған ба?

Көктем келсе оралғандай жастығым,
Балауса кез, ұмытылмас шаттығым.
Махаббатым - жүрегімнің қуаты,
Ақша қардай аппақ жаным, пәктігім.

Көктем келсе қуанамыз бәріміз.
Жүрек қағып, жадырайды жанымыз.
Құдыретті Күн көзінен қуат ап,
Жүгіреді тамырларда қанымыз.

Төрт түлік мал қырға шығып жайылып,
Төлдері де ойнақтайды тойынып.
Айдын көлдер жарқырайды айнадай,
Қысқы тоңнан, мұздақтардан арылып.

Оянғандай қалғып тұрған қара орман.
Қалқан болған қара дауыл бораннан.
Бұтақтары бүршік жарып бусанып,
Қабықтары жасылданып жасарған.

Жаратушы, Жаңартушы құдірет,
Барша жанды жақсылыққа жақын ет!
Көңілдерге көктем орнап көрікті,
Жарқын жүзді, қасиетті, бақытты ет!

Жаз келді

Жадыраған жаз келіп,
Жайқалды жасыл жапырақ.
Күн қыздырып даланы,
Гүлге оранды атырап.

Аппақ бұлттар аспанда,
Үлпілдейді мақтадай.
Шырылдайды дамылсыз,
Дәл төбемде бозторғай.

Ақ көбелек жанымда,
Айналады желпілдеп.
Көз тартады кең дала,
Бидайы өскен желкілдеп.

Ақ қайыңдар қозғалмай,
Ұйықтап кеткен секілді.
Самал желге сап-салқын,
Тосамын мен бетімді.

Айдын көл де жарқылдап,
Күн көзімен ойнайды.
Аққу-қазы саңқылдап,
Шомылуын қоймайды.

Қырда жүрген қозы-лақ,
Сүп-сүйкімді баладай.
Секіреді ойнақтап,
Шаршағанға қарамай.

Тірі жанның бәріне,
Жазға жету бір арман.
Жазға жетіп қуансаң,
Алда тұрар тағы арман.

Күз көріністері

Тұнжырап аспан түнеріп,
Жауады жаңбыр сіркіреп.
Найзағайы жарқылдап,
Өтпейді жылдам күркіреп.

Үйеңкілер сәнденіп,
Алтын сырға тағынды.
Орман-тоғай әпсәтте,
Желегінен айрылды.

Ақ көбікті айдын көл,
Аққу-қазсыз қалыпты.
Жауын алған жанардың,
Әсем гүлдер солыпты.

Алтын күздің сыйлығы -
Толықсыған ақ бидай.
Алла берген несібе,
Халқымызға ақ маңдай.

Күннің көзі шықса да,
Бұрынғыдай жылытпас.
Күздің қара суығын,
Ұнатпайды кәрі-жас.

Жаздағы жылы күндерді,
Сағынып аңсап жүреміз.
Ауа райы өзгерсе,
Болжауға құлақ түреміз.

Қамбаларға дән толып,
Ел байлығы оңалар.
Жаздың жылы күндері
Бізге қайта оралар...

Имандылық

Жаным менің жалғандыққа төзбейді.
Жалған сөзді естігісі келмейді.
Алдап-арбап айлалықпен ақша алған,
Жәдігөйге, көріпкелге сенбейді.

Жаратқанның барына мен сенемін.
Не салса да басыма тек төземін.
Көріпкелдің айтқанына сенгеннің,
Есін алып, құрт жеп жүй өзегін.

Өсек теріп, өзеуремей жүргенге,
Ақ ниетпен адал өмір сүргенге,
Қызғанышсыз бақытына өзгенің,
Не жетеді шын қуанып күлгенге.

Бал аштырып алды болжап болмайды.
Жазмышынан ешбір адам озбайды.
Жақсылыққа жақын болсаң, әлбетте,
Атың озып, тоның сенің тозбайды.

Сандырағын көріпкелдің тыңдаған,
Елден озып, жолы болып оңбаған.
Аллаға сен, жүрегінмен ақылдас,
Тура жолын табады тек сонда адам!

Елім менің

Қазақ Елі - туған елім сен - анам!
Сені жырлап, толғанады бір балаң,
Қайда жүрсем жүрегімнің төрінде,
Көлбеп жатқан көгілдір тау, кең далам.

Шалқар көлім, орман, тоғай, өзендер,
Бүлдіргенді жасыл жайлау, белеңдер,
Төрт түлігі төскейінде жайылып,
Қозы-лағы көрік берген көгендер.

Жазғытұрғы қара мақпал түні де,
Шілдедегі аптап ыстық күні де,
Жүрегіме жақын, маған саңқылдап,
Көлде жүзген аққу-қаздың үні де.

Жырақ жүрсем асығамын жетуге,
Ән мен күйін, әсем жырын естуге,
Қазағымның қасиетін дәріптеп,
Серт еткенмін өмір бойы өтуге.

Қүдірет күш момын етіп жаратқан.
Дүниеге жақсы көзбен қаратқан,
Қайырымды, мейірімді қазағым,
Жауға ғана берен мылтық дөп атқан.

Кең даламдай шексіз халық көңілі,
Өзгелерге үлгі болған өмірі.
Қамқор болып жетім-жесір, босқынға
Бар халыққа мекен болған өңірі.

Қазақ елі - өскен жерім - сен анам,
Бір өзіңе арнап талай жыр жазам.
Бейбіт өмір, еселі еңбек тілеймін.
Тарылмасын гүлжазира кең далам!

Бұл өлеңнің екі шумағы «Барон» макарон қабшығының сыртына
басылған, сөйтіп авторға бір жарым миллион табыс әкелген.

**Өлеңдерім -
жүрегімнің лүпілі**

37

Өлеңдерім - жүрегімнің лүпілі.
Мың құбылған тамырымның бүлкілі.
Өлеңдерім - өр мінезді өзімдей,
Жаратпайды жеңіл мінез, күлкіні.

Өлең жазам, ет жүрегім елжіреп,
Шындық туы жыр жолында желбіреп,
Шабыттансам, шаршамасам, тынбасам,
Тоқтағанша, үзілгенше соңғы леп.

Ана бақыты

Аналардың шын бақыты балалардың көзінде,
Балдай тәтті былдырлаған бөбегінің сөзінде.
Көрінеді-ау жас баладай көңіліне ананың,
Шаңыраққа ие болып, әке атанған кезінде.

Анасы үшін өз баласы - дүниенің байлығы.
Аспандағы жұлдызы мен жарқыраған ай-күні.
Айналады, толғанады, Жасағаннан тілейді
«Сөнбесінші жарығы» деп, «лайланбасын айдыны».

Көбейтеді ұрпақтары аналардың бақытын.
Ұзартады ғұмыр-жасын, қызықтарын, уақытын.
Шөберелер, шөпшектермен қаумаласа жан-жақтан,
Әжелердің қайрағандай қайраты мен қуатын.

Қуанғанда әжелердің әжімдері жазылар,
Жүрегінен неше түрлі жылы сөздер табылар.
Көл-дария көңілінен ақтарылар ақ тілек,
Періштелер іліп алып, Жасаған күш қабылдар.

Аналарға қажет емес алтын, гауһар, асыл тас,
Көңіліңді жайып салып, әңгімелес, ақылдас.
Тіршілікте аналардың ауыртпайық жүрегін,
Өкінбейік айрылғанда, жуып бетті ыстық жас...

Анам Камеш Байқасқызына

39

Камеш Байқасқызы, Зейнел-Ғаби зайыбы,
Айтсам, менің сөзімнің бар байыбы.
Асыл анам, алтын анам, анашым,
Мадақтасам жоқ қой оның айыбы.

Он баланың анасы да, панасы.
Жүрегінде болмақ емес аласы.
Орны бөлек Зейіні мен Зейнұрдың,
Көз-айнаның ағы менен қарасы.

Анам отыр ақ босаға күзетіп,
Отын жағып, түтінін тік түтетіп.
Сеңгіріне сексен жастың шықса да,
Жасымайды, қажымайды күш кетіп.

Анам менің асылдардың сынығы.
Аталары ел билеуге жараған.
Ағалары елі үшін қан кешіп,
Ерте кеткен шәиіт болып арадан.

Өзі де сол отқа оранған жылдарда,
Өгіз айдап, соқа тартып қырларға,
Жеңіс күнін жақындатып бір қадам,
Сіңірді еңбек өмір жырын жырларға.

Жасағаннан жақсылықты мол тілеп,
Бала-шаға арнап отыр көп тілек.
Тулап, толқып, лүпілдейді, соғады,
Айналғандай бір жүрекке он жүрек.

Бұл дүниеде армансыз жан болмаған.
Анамызды Алла әруақыт қолдаған.
Орындалсын барша арманы анамның,
Болмасын күн көңілі оның толмаған.

Аққу жүзген шалқар көлдей көңілі.
Үлгі-өнеге ұрпақтарға өмірі.
Бүгінгі күн туған күнін тойлауда,
Туған жері - Ортақкөлдің өңірі.

Жүзге келсін, аман болсын анамыз,
Ақылшымыз, жолбасшымыз, данамыз.
Бақытты өмір, зор денсаулық тілейді
Шын жүректен өсіп-өнген балаңыз.

Анама

41

Асыл анам, алтын анам, ардақтым.
Ең әдемі, ең маңызды, салмақтым.
Борышымды тырыссам да ақтауға,
Өмір бойы қарыздар боп қалмақпын.

Асыл анам, сана бердің ойлайтын,
Өмірдегі жақсылықты қолдайтын.
Сүйетін сен жүрек бердің үзіліп,
Махаббаттың гүлін бердің солмайтын.

Көңіліме көрік бердің көктемдей,
Жауқазыны жаудыраған бөктердей.
Көзімді ашып алғаш саған қарағам,
Сенен алғам жан шуағын, жан анам!

Біз ауырсақ, ол да от боп жанатын.
Күні түні жанымызда болатын.
Аппақ оның ақша қардай көңілі,
Елестетер аққулардың қанатын.

Қазақ тілін - ана тілін үйреткен,
Шығарып тек айтқан сөзін жүректен.
Құдіретті Сөз өнерін құрметтеп,
Анам менің көңіліме гүл еккен.

Асыл анам, алтын анам, ардақтым,
Білемін ғой түскенін көп салмақтың.
Он баланы азамат қып өсірдің,
Қызығын көр елу шақты ұрпақтың!

***Анам қайтыс
болғанына 40 күн***

Аққудай аппақ анашым.
Ақылды, текті дана едің.
Жаны ашып бізге жүретін,
Асқар таудай пана едің...

«Атамекен елім» деп,
«Алтын бесік жерім» деп,
Бармадың, анам, ешқайда,
«Қадірлер менің төрім» деп.

Арманың, анам, көп еді.
Пейілің сенің кең еді.
Парасатың, көркің де,
Ханшайымға тең еді.

Шақырсақ енді келмейсің,
Жадырап бізбен күлмейсің.
Қарсы алып шексіз қуанып,
Еміреніп иіскеп сүймейсің.

Жұмақта болсын орының,
Нұрға толсын қабырың.
Қалғанға берсін береке,
Көбейе берсін шөбере.

Шаңырағы шайқалмай,
Өсе берсін ұрпағың.
Еңбек етіп еліне,
Үмітінді ақтасын!

Асылханым

Асылханым, ботақаным, бөбегім.
Ақ бетіңнен еміреніп өбемін.
Ақ жүрегін, ақ тілегін жайып сап,
Арнап отыр әжең саған өлеңін.

Асылханым, қошақаным, алтыным.
Жаратқан күш бере салған, жарқыным.
Ақылдысың тырнақтай сен болсаң да,
Сау-саламат өсе бергін, Ай-Күнім.

Ер-азамат Елі үшін туады,
Тыныштыққа қорған болып тұрады.
Өткел бермес асау өзен ел-жұртың,
Ал сен оның сылдыраған бұлағы.

Асылханым, балапаным, бал-бөбек.
Азамат бол, мұқтаж жанға бер көмек.
Қайырымды, мейірімді болғайсың,
Ел-жұртыңның жанашыры, шын керек.

Асылханым, көгілдірі аққудың.
Астында сен өсе бергін көк тудың.
Парасатты, дарқан, дара, дарынды,
Жаны жайсаң ұлы болғын халқыңның.

Асылханым, кіп-кішкентай немерем.
Күнде өзіңмен қуанышқа кенелем.
Айналамын, толғанамын, сөз таппай.
Аймалаймын, еркетайым, ертемен.

Атасы мен әжесінің көз нұры,
Кекілінде ойнай берсін күн нұры.
Әкеден тек жалғыз болма, құлыным,
Алла берсін еріп жүрер бір іні.

Асылханым, аппақ менің алтыным.
Көргендеймін күннің нұрын, жарқылын.
Сенсің менің қайталанбас көктемім,
Баға жетпес айдай әсем, жарқыным.

Асылханым, балдай тәтті баласың,
Еркелейсін, жаулап жанды аласың.
Қисық болсаң, кешіремін әпсәтте,
Әжеңнің сен көңілін тез табасың.

Асылханым, ақ қанатты көбелек.
Баталы бол, батамен ұл көгеред.
Көпшіл болып өссін деген ниетпен,
Әжең сені қыдыртады жетелеп.

Үлкендерге сәлем бер сен, жасқанба,
Абыроймен асқақтап өс аспанда.
Мақсат-мүддең биік болсын қашан да,
Жас күніңнен болымсызға алданба.

Жарқырасын маңдайдағы жұлдызың,
Сәнім менің, әнім менің, құндызым.
Сені ойласам, жан жүрегім елжіреп,
Көргенімде шаттанамын, құлыным.

Алла берген Асылханым, аппағым.
Әруақытта жақсылықты жақтағын.
Азаматы болып туған еліңнің,
Ата-анаңның ақ тілегін ақтағын.

Айдосқа

Бала, бала, балапан.
Алла өзінді жаратқан.
Ата-әжеңді қуантып,
Бал жүзіңе қаратқан.

Күні бойы ойнайсың.
Ойынға бір тоймайсың.
Атаң, әжең отырса,
«Ойнаңдар» деп қоймайсың.

Атаң ат боп шабады.
Әжең ит боп қабады.
Ойнамасақ өзіңмен,
Көзіңнен жас тамады.

Ойының қызар жатарда,
Ұйқыға тәтті батарда.
«Жатпаймын» деп қашасың,
Сөйтуші еді папаң да.

«Ля-ля-ля» деп айқайлап,
Ән айтуды сүйесің.
«Дударайды» салмасақ,
Бірге дейін жүресің.

«Пимпи» сұрап жылайсың,
Көзіңнің жасын бұлайсың.
«Мамбу» іздеп ақтарып,
Сөмкені ашып қарайсың.

«Биби ата» мінем деп,
«Ағаға мен кетем» деп,
Жиналасың күн сайын,
«Тетеме де жетем» деп.

Кіп-кішкентай болсаң да,
Екі жарымға жаңа толсаң да,
Бауырмалсың, жақынсың
Асылхандай ағаң.

«Аға» деген түріңнен,
Балдай тәтті тіліңнен,
Айналайын, Айдосым!
Айналайын күнімнен!

Түсініктеме: Пимпи-кәмпит, Мамбу - кәмпиттің түрі. Биби ата- атаның машинасы.

Ердарға

47

Ердар деген бала бар.
Тамашалап қараңдар.
Бүгін тойлап туғанын,
Ойнап-күліп тараңдар.

Ердар өссін, ержетсін.
Раббым ғұмыр жас берсін!
Ата-анасы сау болып,
Жақсылығын көп көрсін!

Елдің болсын саңлағы,
Абыройлы ардағы.
Ақыл-ойы дария,
Биік болсын арманы!

***Бикеш құдағидың 70 жасқа
толу құрметіне арнау***

Туған күніңіз құтты болсын, құдағи!
Жыр-шашуым болмақ бүгін Сізге сый.
Алла берсін әлі талай ғұмыр жас!
Бола берші ортамызда Төбе би!

Ақ тілекпен алға басып жүріңіз!
Балалардың шаттығына күліңіз!
Еш жамандық көрмей жарық дүниеде,
Ғұмыр жасты қиындықсыз сүріңіз!

Жаны сұлу, жүзі сұлу анасыз.
Аялаған алақаны баласын.
Он саусақтан өнер тамған шеберсіз,
Шеберліктен ләззәт әркез аласыз.

Ақылымен алға бастап ұрпақты -
Ұл-қыздары ана сүтін ақтапты.
Әрқайсысы ордалы үй атанып,
Әрқайсысы ошағына от жақты.

Өсіп жатыр немере мен шөбере,
Осы емес пе кеңейгені кереге?!
Қаумалаған ұрпақтары болмаса,
Аналардың көркі, сәні кіре ме?!

Мейірімді Жаратқан күш жақтасын!
Өсіп-өнген ұрпақтарды сақтасын!
Үміт, арман алға тартып, қол бұлғап,
Болашаққа зор сеніммен аттасын!

Нәсіп болсын ұзақ ғұмыр, мол бақыт!
Жатсын әркез тойларыңыз жалғасып!
Шат көңілмен отыратын болыңыз,
Сауатжанның отауынан дәм татып!

Азамат деп...

Туған елін анасындай шын ниетпен сүймесе,
Азамат деп санамаймын мен оны!

Ана тілін - қазақ тілін бір адамдай білмесе,
Азамат деп санамаймын мен оны!

Жетім, жесір назаланып жылағанын көрмесе,
Азамат деп санамаймын мен оны!

Рәсуа болып ел байлығы шашылғанын сезбесе,
Азамат деп санамаймын мен оны!

Өз ұлтына ашымаса жан-жүрегі өзгеше,
Азамат деп санамаймын мен оны!

Көңіл күйі

Көңілім бейне шалқыған шалқар теңіздей,
Мөлдір, таза таңдағы шықтың өзіндей.
Мінезім кіді, көңілім кіршең, бейне бір
Қытайлық жібек, Самарқандтың бөзіндей.

Жақсылыққа жаным құмар жасымнан,
Күтем оны досымнан да, қасымнан.
Жақсы адамдар аз емес қой дүниеде,
Табылатын қиналғанда қасыңнан.

Бірін-бірі көңілдерін қалдырмай,
Болымсызға қабақ шытып болдырмай,
Ұстап тұрса бар әлемді - махаббат,
Жүрген жақсы аппақ гүлін солдырмай.

Көңіл, шіркін, сәл нәрседен қалады.
Көңіліңді сәл нәрседен табады.
Бәріміз де қонағымыз өмірдің,
Пендешілік жеңбесінші сананы.

Ақ жүректі, ақ көңілді ағайын.
Көңіл кілтін баршаңыздың табайын.
Жырларыммен жаныңызды жылытып,
Ақ батасын үлкендердің алайын.

Нұрлы болсын көңілдерің көктемдей,
Сәнді болсын қызғалдақты бөктердей.
Мұңсыз болып жас баладай, ылайым,
Таза болсын жаңбыр жауып өткендей.

Жалғыздық туралы

Жалғыздық - ол сыңарыңның жоқтығы.
Сыйласыңның, сырласыңның жоқтығы.
Жыласаң бір жасың сүртіп, жұбатар
Жаныңдағы жанашырдың жоқтығы.

Жалғыздық - ол қатарыңның жоқтығы.
Болмағаны көңіліңнің тоқтығы.
Жас шағында тай-құлындай тебіскен,
Құрбы-кұрдас, достарыңның жоқтығы.

Жалғыздық - ол бауырыңның жоқтығы,
Қамқор болар тәуіріңнің жоқтығы.
Бағың ұшып, басыңа бір күн туса,
Арашалар етжақынның жоқтығы.

Қанша адамның жанын жеген - жалғыздық.
Жалғыз жанға достық керек мыңжылдық.
Жанын жаулап, жүрегін шын жібітер,
Керек оған ыстық көңіл, жылылық.

Мен неге мұңаямын...

Мен неге мұңаямын ойға батып,
Тұрғандай дертім мендеп жанға батып.
Көңілде болмаса да ешбір кірбің,
Жазылмайды қабағым қалған қатып...

Мен тегі сағыныштан мұңаямын.
Жеңе алмай тағдырымның қияларын.
Білмеппін кіп-кішкентай жүрегіме,
Шегі жоқ сезімдерім сыйя аларын.

Қыс түссе сағынамын жарқын жазды,
Айдын көлде шомылған аққу-қазды,
Самал желді, шуақты күннің көзін,
Табиғаттың ән-күйін, сырлы сазды.

Сағынамын даланың жусан исін,
«Киік отын», құрбым-ау, білемісің?
Тең келмес француздың иісмайы,
Аңсап жүрем сағынып жұпар исін.

Мен тегі сағынамын жастығымды...
Қайта оралмас қуаныш шаттығымды.
Тұлымшағым желкілдеп жүгіретін,
Алаңсыз балалығым, пәктігімді.

Издеймін балалардан шаттығымды.
Издеймін немеремнен пәктігімді.
Өмірдің өткелдерін өтсем дағы,
Серік етем әруақыт жастығымды...

Досқа

Аспандағы айды көрсем, қуанам,
Сәулесіне шомылып мен оянам.
Жанымда сен болмаған соң, әрине.
Сұлулыққа сүйсінгенмен мұңаям.

Жарқыраған жұлдыздарға қараймын.
Жетпесем де есебіне санаймын.
Ең жарығын жымыңдаған төбемде,
Жақсы досым, мен өзіңе балаймын.

Ай да алыс, жұлдыздар да тым алыс.
Арман-мақсат, жетер меже ол да алыс.
Шалыс басып, қалыс қалып жүрмеуге,
Жетелейді мені әрқашан бір намыс.

Айтарым бар...

Келген едім өмірге мен іңгалап.
Тағдырымды Алла жазған арқалап.
Қиындығы, қайшылығы аз емес,
Жарық дүние есік ашты жарқырап.

Көзімді ашып көрдім асыл анамды.
Баласы үшін жанын берер панамды.
Үй сыртында тағат таппай жан әкем,
Тосқан екен қыз емес ұл баланы.

Жолы жіңішке қыз бала боп туғанмен,
Тосқауылдар жиі алдымда тұрғанмен,
Қайсарлықпен қарсыластым әрқашан,
Опасыздар өрмек-торын құрғанмен.

Өмір - күрес, оған артар кінә жоқ.
Шыңдаласың соққы көрсең, сірә, көп.
Өз құқыңды қорғамасаң өзгеден,
Жаның күйер түскендей бір ыстық шоқ.

Кімге болсын айтарым бар, халайық.
Арман-тауға адаспай біз барайық.
Заңнан асып ала жіпті аттамай,
Әділдікті, адалдықты жақтайық!

Өзгешемін

Өзгешемін, басқаға ұқсамаймын,
Баршаға бір күн күліп туса да айым.
Шабыт келіп түрткілеп маза бермей,
Өлең жазып кей түні ұйықтамаймын.

Өзегім бар, тінім бар, ділім де бар,
Танымым да, нанымым, дінім де бар.
Үміт, сенім, махаббат, арманым да,
Табынатын Айым да, Күнім де бар.

Қанмен кірген қасиет - өлең жазу,
Сөз өнерін құрметтеп біліп-тану.
Теңіздей тереңінен маржан теріп,
Тер төгіп жыр жолында күйіп-жану.

Өнерде бақталастық болмаса екен,
Көңлім әріптестен қалмаса екен.
Өсер елдің баласы батыр десе,
Қатайып қанаттарым талмаса екен.

Өзгешемін, басқаға ұқсамаймын,
Сұлулықтың есігін ашқандаймын.
Ізгілікті іздеймін жүректерден,
Айналаға нұр-сәуле шашқандайын.

Кей құрбым көйлек кісе қуанады.
Қамқа тон, гауһартасқа жұбанады.
Байлыққа қызықпаған қайран әкем,
Байлығым жыр жолынан құралады.

Келемін еңбек етіп бала жастан,
Қиындық неше түрлі өтті бастан.
Таңдадым өнер жолын қиын-қыстау,
Алдымда алатын көп асу, арман.

*Танымаймын мен
айнадан өзімді*

Танымаймын мен айнадан өзімді,
Мұң басқан ба қарақаттай көзімді?
Әжім түсіп сызаттай бір маңдайға,
Ұмыттырып бара ма жас кезімді?

Кеше ғана әдемі едім еліктей,
Көздерім де жаңа піскен өріктей.
Күлуші едім, күрек тісім жарқырап,
Жүруші едім еш уақытта зерікпей.

Ауыртпалық аз түспеді иыққа,
Тірелген де болды кездер тұйыққа.
Өмір кейде көлдей, сірә, тартылып,
Кейде сені батырады тұныққа.

Үміт, сенім алып шығар тұйықтан.
Жел - кемесі Тәуекелдің тұнықтан.
Салың суға кетпесе тек болғаны,
Аспасаң да Алла жазған бұйрықтан.

Айнаға мен өкпелегім келмейді.
Жастығымды ешкім қайтып бермейді.
Кәріліктің көріксіз, сұр келбетін,
Көз жанарым көргісі тек келмейді.

Өмір туралы

Өмір маған талай сынақ ұсынды.
Тағдырымнан талай көрдім қысымды.
Қиындықпен өтіп жатыр ғұмырым,
Тау мен тасқа ұрғандай бір басымды.

Бала кезде қызылшамен ауырып,
Әлі есімде төсек тартып жатқаным.
Айналам бір алаулаған от жалын,
Естен танып қып-қызыл боп жанғаным.

Көзімді ашып қымыз сұрап жыладым.
Қымыз қайда, қыс болатын ызғарлы.
Әлсіредім, жүре алмадым бір адым.
Жүрегімде қалды аурудың ылғалы.

Өліп те мен тірілгендей күй кештім.
Кетпейді естен көңіліме түйген соң.
Ота жасап дәрі беріп шектен тыс,
Дәрігерлер тән мен жанды бөлген соң.

Жатыр екем жарық, жәйлі бір жерде,
Сыймайды екен рахат сезім кеудеге.
Тәнсіз жаным шексіз шетсіз қуанып,
Оралғысы келмейді екен бұл жерге.

Кенет жаным жанұяға қонды кеп.
Көрген түстей көңлімде қалды тек.
Оралғандар болмағанмен бақидан,
Өзім барып келгендеймін, не керек!

Өмір өткелдері

Өмір - бізді еркелетсе бір уақыт.
Кеудеңе кеп орнағандай шын бақыт.
Алға басып сәттілікпен әр ісің,
Қуантады жақсылықпен таң атып.

Өмір - әсте бір орнында тұрмайды.
Бақытыңды бір күн келіп ұрлайды.
Жанарыңды жарқыраған нұр шашып,
Қайғы-мұңның көлеңкесі торлайды.

Нық сеніммен болашаққа қараңдар.
Қара тұман торласа да, жарандар!
Қарсы тұрар қиындыққа қайыспас,
Рухы биік, діні берік адамдар!

Өмір - қысқа, дүние - жалған алайда.
Бақыт іздеп сандаламыз қалай да.
Тіршілікте байлық іздеп, жоқ іздеп,
Жоғалтуға өмір сәнін жарай ма?

Бақ-қуаныш жүрегінде әркімнің.
Жан жылуы нәрі емес пе көркіңнің?
Өзгеге арнар «айналайын» болмаса,
Сұрқы қашар келбетіңнің, тұрқыңның.

Бақыт туралы

Қарсы болмай тілегіне ананың
Орындады міндетін ұл баланың.
Алып келіп бір шүйкебас кіргізді,
Орнықсын деп қам көңілі ананың.

Өзі сүйді басқа қызды елжіреп,
Ойлап жүрді кездесуді шын тілеп.
Өмір бойы санасынан шығармай,
Тынши алмай лүпілдеді құр жүрек.

Алла берді ақырында тілегін,
Алып келді көз алдына Жібегін.
Өтіп кеткен қырық жылдың есесін,
Түсінді тек қайтара алмай жүрерін.

Ақыры сол ауру болып жабысты.
Бар қайғысы ішке түсіп жанышты.
Арпалысып қарсы тұрып ажалға,
Әр күн сайын арыстандай алысты.

Айналдырған ауру алмай қоймады,
Жақсыларға қара жер де тоймады.
Татар дәмі, көрер қызық таусылып,
Іздегенмен дертке шипа болмады.

Қол жеткенмен талай ірі табысқа,
Қайран көңіл алаңдады алысқа.
Армандады бірге өмір сүруді,
Жете алмады сондай жақсы уақытқа.

Қалды артында баға жетпес дәулеті.
Қатын-бала, ауылы мен әулеті.
Жүрегінде сүйгенінің мәңгілік,
Қалды оның салтанаты, сәулеті.

Бақыттысың біреуді шын сүйе алсаң,
Бақытты ғып сол адамды жүре алсаң.
Өмір бойы Алла қосқан жарыңмен,
Қуанышты, қайғы-мұңды бөле алсаң.

Тілегім

Көңілімнің көкжиегі мұнартып,
Келер күнге үмітімді мол артып,
Соңғы кезде отырамын елеңдеп,
Жақсы хабар естуге мен құмартып,

Келер жылдар арманыма жетелер,
Ел алдында қарызым көп өтелер.
Қосақталып қайғы-мұң мен қуаныш,
Болар сәттер күйінер де сүйінер...

Бақ пен дарын бірге жүрсе болғаны.
Көңілімнің әруақытта толғаны.
Жүрек соғып, сезім шалқып, толқыса,
Жыр «Аққұсы» қолыма кеп қонғаны.

Жарық көрер әлі талай кітабым,
Қуанышқа толар талай құшағым.
Аманат - жыр ұрпағыма қалдырар,
Бұл өмірден тек қана сол ұтарым.

Өзім туралы

Аз емес менің өмірден танып білгенім,
Өмірден көріп, көңілімде көп түйгенім.
Қайрат беріп сәулелі жарқын жақтары,
Көмескіден түңіліп қатты күйгенім.

Жазғытұры өмірге жылап келгенмін,
Балалық шақта алаңсыз мен де күлгенмін.
Есейе келе өмір жәйлі толғанып,
Қапаланып, қиналып көп жүргенмін.

Еңбектен мен шошымадым жиреніп,
Адам болдым еңбектеніп үйреніп.
Қозы бақтым, қой да күттім ерінбей,
Ән де салып, би биледім айналып.

Оқу оқып маман болғым келетін,
Ата-анама қол ұшымды беретін.
Өсіп келе жатқан бауырларыма,
Қамқор болып жан шуағын себетін.

Бәрі кетгі пыр-пыр ұшып ұядан
Көру бізге болды қазір бір арман.
Анам отыр ақ босаға күзетіп,
Жалғыздығын ойламай мен жүре алман.

Ауырса егер емдеп жазып аламын,
Кездескенде бала болып қаламын.
Анам салған ақ төсекте мың аунап,
Еркелеймін, қуанамын, тасамын.

Жалғыз жанның жанында тек Алла бар,
Көрші-қолаң, туыстар бар алданар.
Асыл анам отырады қайталап,
«Аман болсын қайда жүрсе балалар!»

Махаббат - нұрлы дүние ғаламат

63

Сырлы сезім күдіретті махаббат.
Сыр сандықта сақталатын аманат.
Жаратқан күш сыйламаған әркімге,
Тендесі жоқ нұрлы дүние ғаламат.

Махаббат - ол ханзадаға кезігу.
Ал өзінді хас сұлудай сезіну.
Нұрлы дүние ғажайып бір өлкеде
Шексіз-шетсіз қуанышқа берілу.

Махаббат - ол сүйіп, құшып, аймалау,
Құрмет тұтып, қамқор болу, аялау.
Тіршілікте бір сәт естен шығармай,
Басқалардан биіктетіп даралау.

Махаббат - ол бір адамды шын сүю.
Қос аққудай жұбын жазбай бір жүру.
Қиындық пен қуанышта бірге боп,
Әруақытта бірге жылап, бір күлу.

Махаббат - ол таусылмайтын ұзақ жыр.
Күміс күлкі, сылдыраған бұлақ бір.
Қапылыста жүрек жырын жоғалтып,
Талай жандар аңсап, іздеп, жылап жүр.

Махаббатың тасқа қашап жазғандай,
Жүрегінде арайланған ақ таңдай,
Ғұмыр бойы темірқазық тәрізді,
Жол көрсетер түнде жарық жаққандай.

Сүйген жанға қол жетпейтін асу жоқ.
Шабыты мен жігеріне жасу жоқ.
Алға бастап қайрат берер шын сезім,
Ғашық жанға шаршап бір сәт қажу жоқ.

Жер бетінде жақсы істердің бәрі де,
Жасалынар махаббаттың төрінде.
Зұлымдық пен опасыздық кездесер,
Нұрлы сезім қалғып кеткен кезінде...

Махаббат - ол қызғалдақтай құлпыру,
Жан-тәніңмен жақсылыққа ұмтылу.
Көздерінде сүйгендіктен алаулап,
Алтын кірпік жарқыраған Күн тұру.

Сүйгеніңе асыл, ақық бар сөзің.
Естігенше таусылғандай бар төзім.
Қалмасыншы қаңырап бұл бар Әлем,
Өлмесінші нұрлы, сырлы шын сезім!

Есімде сол кездерің...

Есімде сол кездерің ешкімге сыр шашпаған.
Абай, Сәкен жырларын бірге өзіңмен жаттаған.
Көз алдымда келбетің ұяң, арлы, ақылды,
Жанарыңда тұнатын айтар сөзің айтпаған.

Жұманғали, Талғатпен бірге жүрген күндерің,
Алғаш рет қыз таңдап лүпілдеген жүрегің.
Жақсы менен жаманды көңіліңе түйгенің,
Жұлдыз санап, ай қарап ұйықтамаған түндерің.

Есімде сол кездерің арман жолға аттанған.
Көңіл назын жасырып, жеткізуге батпаған.
Алдамшы бір сезімнің жетегіне жегіліп,
Шаттығыңды жоғалтып, еш уақытта таппаған.

Есімде бір кездерің жарылғандай жанартау,
Жанартауға үн қосып жаңғырғандай Алатау.
Жүрек сыздап ауырып, лүпіл қағып тыншымай,
Таусылғандай тағатың, аңсау, күту, армандау...

О, дариға, мың ғасыр күн шығады, батады.
Бір-біріне адамзат ғашық болып жатады.
Естен кетпес ғажайып алғашқы аппақ сезімің,
Жүрегінде, санаңда тастай қатып қалады.

Қозы Көрпеш - Баян сұлу, Қыз Жібек пен Төлеген
Ғашықтарға қайрат беріп аруақтары жебеген.
«Шын ғашықтар қосылмайды» деген сөздер шын ба екен?
Бар ғашыққа төксін нұрын Жаратқан күш төбеден.

Жаныңда болсам...

Самал желдей желпір едім аптап ыстық шілдеде,
Көбелек боп қонар едім сен ұнатқан гүлге де.
Сен қайғырсаң мен де өзіммен күрсінер ем «аһ» ұрып,
Шаттанар ем шын жүректен сен қуанып күлгенде.

Болсам егер мен жаныңда, періштедей қорғар ем.
Арманыңа қанат беріп, үмітінді жалғар ем.
Жаурап жаның қалтыраса күш-қайратың азайып.
Алаулаған от-жүрекке орап сені алар ем...

*Қалай ғана
ұмытайын?*

Қалай, жаным, ұмытайын
Еркелеткен сөзіңді.
Тай-құлындай бірге өскен
Албырт бала кезіңді?

Кездескенде шын қуанып,
Күлімдеген көзіңді.
Жүрегіңнің төріндегі
Ыстық ықылас сезімді.

Қалай ғана ұмытайын
Мейірімді жүзіңді.
Көктемі мен жазы өтіп,
Келіп қалған күзімді...

Қиындыққа бой алдырмай,
Бола білгін төзімді.
Қуанамын түсімде тек
Көріп кейде өзіңді.

Махаббат мұңы

Сен сияқты мұңға батқан жан бар ма?
Сен сияқты ғашық болған жан бар ма?
Көкірегі қарс айрылып қайғыдан,
Өле-өлгенше ойлап өткен жан бар ма?

Пәк сезімін аялаған жан бар ма?
Арманынан қуат алған жан бар ма?
Арпалысып ажалымен жатса да,
Махаббатын ұмытпаған жан бар ма?

Кезің болды сағыныштан шаршаған,
Мезі болған адамдардан қоршаған.
Сарыарқаға кеткің келіп біржола,
Арманыңа асығушы ең аңсаған...

Тағдыр сені жеткізбеді ойыңа.
Сұр жыландай жатып алды жолыңа.
Қайран менің жаны сұлу, жан досым,
Сене алмаймын бұл дүниеде жоғыңа!

10.12.2010

Қоштасу

69

Мен сені жақсы көремін.
Түсімде қысып өбемін.
Өтсе де жылжып талай жыл,
Мен сені жақсы көремін.

Тағдырға мына бар нала.
Жете алмай барам арманға.
Оттай жанған жүрегім,
Суып жерде қала ма?!

Дертім меңдеп барады.
Жүрегім күйіп жанады.
Жаным, сірә, өлмейді.
Өзіңмен бірге қалады

**Өзінді, жаным,
осындай шығар деп едім**

Өзінді, жаным, осындай шығар деп едім.
Кездесіп бүгін қуанышқа мені бөледің.
Өтті ғой талай сағыныш толы күндерім,
Ойлаушы ем жиі, қай жылы, қашан көремін.

Есімде әркез балдырған - бала шағымыз.
Мөлдір моншақ сұдай таза жанымыз.
Он бес жас пен он алтының арасы,
Қайғы-мұңсыз арайлап атқан таңымыз.

Бір көргеннен лаулап жанды от-сезім.
Ғашық болдым айықпастай - шын сөзім.
Қоспағанмен басымызды қу тағдыр,
Жалықпадым тосуға мен бір кезін.

Шаршатпаған арман, шіркін, арман ба?
Жаратқан күш жеткізді ғой арманға.
Бақыттымын шексіз, шетсіз, өлшеусіз,
Бақыттырақ менен басқа жан бар ма?

Жете алмай саған ондаған жыл жүр едім.
Жалғызсырап жақсы көрген жүрегім.
Телегей теңіз қуанышқа мені бөледің,
Өзінді, жаным, осындай шығар деп едім...

Досыма

71

Іздемеймін - деп едім, ізде - дедің,
Үмітімді сен менің үзбе - дедің.
Түйіспейтін қос жолмен келеміз біз,
Дұрыс еді өзіңді білмегенім...

Сағынып, сарғаюға жарайсың ба,
Ақша бұлтқа қызығып қарайсың ба?
Тырналар туған жерге бет алғанда,
Еліңмен қауышуды қалайсың ба?

Сағынып, сарғаюға жарайсың ба?
Жылжып өткен жылдарды санайсың ба?
Еске түсіп базарлы балалығың,
Артыңа қайырылып қарайсың ба?

Көңіліме түсірмеші мүлде қаяу.
Жүрегім бар тым нәзік, жамау-жамау.
Қуанғанда дүрсілдер аттай тулап,
Жылағанда өлімге қалам таяу.

Жанымда өзің болсаң өлмейтіндей,
Жамандық еш уақытта көрмейтіндей.
Кей уақыт отырамын өзіңді ойлап,
Жаратқан бізді қосып, бөлмейтіндей.

Қуанарсың жыр-маржан тергеніме,
Бірлі-жарым жылына көргеніңе.
Мынау шексіз, шеті жоқ дүниеде,
Ризамын жер басып жүргеніңе...

Алғашқы қар Алматыда

Сырлы қала, сұлу, сәнді Алматы...
Қыс түссе де алғашқы қар жаумапты.
Қап-қара жер, жапырақсыз ағаштар...
Әйнектерге аяз сурет салмапты.

Алатаудың ақ шыңдары жарқырап,
Тылсым күшпен бар назарды тартып ап,
Көз алдымда көлбеп жатыр алып тау,
Жоталарын күнге тосып шуақтап...

Алғашқы қар жауып кетті ақыры...
Көз тартады күміс қардың жарқылы.
Кең дүние аққа оранды әпсәтте,
Нұрға толды, жан-жүрегім толқыды.

Жапалақтап жауып тұрды ақша қар...
Ақтығымен ақ сезімді аңсатар.
Іштей ұғып, көзбен ғана тіл қатып,
Ақша қарға қол ұстасып із тастар...

Аппақ нәзік махаббаттың гүлдерін,
Алматыда ақша қардан іздедім.
Аялаған алғашқы пәк сезімін,
Жан досымның жанарынан іздедім...

Сырлы сезім

Қанат берсе сезімге,
Қалықтайды өлең-жыр.
Көктем қонса көңілге,
Сағындырар саумал сыр.

Ғашық болу - шын сүю,
Қол жетпейтін бір ғажап.
Ақ махаббат алғашқы,
Сырлы сезім шын азап.

Махаббатты жырлауға,
Ақын, шіркін, шаршамас.
Өзі де сол сезімнен,
Еш уақытта құр қалмас.

Терең теңіз сезімге,
Түсіп кеттім бір уақыт..
Ғашық болып өмірден,
Өту, сірә, шын бақыт.

***Адамның
ыстық көңілі***

Адамның ыстық көңілі
Ерітпей кімді қоймаған?!.
Ықылас, мейірім, мәрттікке
Ешқашан адам тоймаған.

Жанының ыстық жылуын
Біреуге біреу арнаған.
Біреуі жетіп арманға,
Тағдырдан бірі озбаған...

Махаббат өлмейді

Райхан гүлдер тез солар,
Әсіре қызыл тез оңар.
Оттай жанған сезімнен,
Қоламтасыз күл қалар.

Көздегі жарқыл шын сөніп,
Бойдағы қуат тым кеміп.
Шарасыз жанның кеіпін,
Тұрғандаймын мен көріп.

Тағдырға шара бола ма,
Көңілің әркез тола ма,
Айналды ма арманың
Жазылмас бітеу жараға?

Қинағым менің келмейді,
Жүрсен де ойлап сен мейлі,
Махаббат сезім бар болса,
Өлтірем десең өлмейді.

Еркіңе уақыт көнбейді,
Жүрегім шошып сенбейді.
Алғашқы аппақ ақ сезім,
Сөндірем десең сөнбейді.

Нұрлы сезім Алладан

Мені біреу сүймесе егер үзіліп,
Кетер едім бұл өмірден түңіліп.
Жүремін мен риза болып Аллаға.
Ақ нұрына ақ жүрегім жылынып.

Сырлы сезім, нұрлы сезім Алладан,
Кейбір адам өзін-өзі алдаған.
Сүйкімділік, сүйе білу бақыты
Кез келгеннің маңдайына жазбаған.

Мен өзіңді...

77

Мен өзіңді аспандағы
Қыран құсқа балайын.
Жүрегіңе өз атымды
Өшпейтін ғып жазайын.

Әнің болып әруақытта,
Айтылмаған қалайын.
Ақ жолыңа сәуле шашқан.
Жалғыз шамдай жанайын...

Шымбұлақта

Алатаудың шатқалында кездесіп,
Аспалы жол талбесіктей тербетіп.
Ақ аспаннан төккенін мен сезіндім,
Қуаныштың ақ жауыны селдетіп.

Қызығып ақша бұлттар қарағандай,
Бізбенен жарысқандай қарағайлар.
Мейірімді күн көзі күлім қағып,
Күш-қуаты өнбойға тарағандай.

Шымбұлақтың шыңына шын сүйініп,
Қүдіреттің күшіне мың сыйынып,
Жанарыма жазып ап қалайын деп,
Қарай бердім қия алмай тым қиылып.

Қарай бердім ақ басты Алатауға,
Бөктердегі миуа бақша-бауға.
Аппақ сезім жетелеп әкелгендей,
Біздерді бүгінгі күн осы тауға.

Өзіңмен қалып қойды жан-жүрегім.
Амандығың тек қана бар тілегім.
Ләйлісіндей Мәжнүннің шын қиналып,
Арыла алмай бір күйден мен жүремін.

Қос шыңы асқар таудың сияқтымыз.
Сылдырап аққан таза бұлақтаймыз.
Нұр шашып жан жағына жарқыраған,
Қатар тұрған қос жұлдыз - шырақтаймыз.

Түйіспейтін қос соқпақ тәріздіміз.
Ұмытпаймыз парыз бен қарызды біз.
Жаратқанның маңдайға жазғаны бар.
Айта алмаймыз өкпе-наз, арызды біз.

Өзінді...

Өзінді ойлап миллион рет күрсіндім.
Жазмыштан озмыш жоқтығын сонда түсіндім.
Қайғырып қара қабырғам сынып, қайысып,
Қабырынды көріп тағдырға мойын ұсындым.

Ағарып атпай қалды ғой аппақ таңдарың.
Орындалмады үмітің, асқақ арманың.
Жәй түскендей болды ғой тура төбемнен,
Тұзағына ажалдың түсіп қалғаның.

Алғашқы сезім жетелеп сені жүруші ед.
Көңіліңе көктемдей көрік беруші ед.
Жүрегің жылы, жаныңның сұлу екенін,
Достарың әр кез көздеріңнен көруші ед...

Қайталадың тағдырын ақын Естайдың.
«Қорланың» қалды есіне сені сақтайтын.
Азаматы, асылы едің, ардақты,
Еліңнің талай үмітін жалғап сақтайтын.

Төрт мүшел

Қас қағымда келіп қалды төрт мүшел.
Төрт мүшелмен шашқа қырау ақ түсер.
Жылдарменен жарысып біз жүргенде,
Жас ұлғайып, ақыл толып, ой өсер.

Қыз бала боп аштық өмір есігін.
Ана болдық, түзеп бала бесігін.
Түлеп ұшқан әр бір бала ұядан,
Асқақтатсын анасының есімін.

Ұмай ана аруағы қолдасын!
Жаратқан күш бар ісімді оңдасын.
Күш сарқылып, кемімесін қуатым.
Көбейсін тек сенім артар жолдасым!

Көңіл күйлері

Жандарды көрсем ниеті жаман,
Жабырқап, жасып қаламын.
Жақсыны көрсем жайдары, жайсан,
Жарқырап, маздап, жанамын.

Жылы бір лебіз естісем егер,
Өркендеп, өсіп қаламын.
Қарияны көрсем анама ұқсас,
Күйін бір кешем баланың...

Тай-құлындай бірге өскен,
Досымды көрсем, қуанам.
Сағыныштан жүрегімде,
Сырлы бір, сазды туар ән...

Құлазып қалған көңілімді,
Толтыруды немен, білмеймін.
Жанымда жан жоқ ай далада
Қалғандай болып жүдеймін.

Жүрегім жылап тұрса дағы
Жабығып тіпті жүрмеймін.
Болымсызға көңіл қойып,
Сәл нәрсеге күлмеймін.

Арман, мақсат алдымда көп.
Жетемін бе, білмеймін.
Жан дауасын көңілімнің
Табамын ба, білмеймін...

Махаббатсыз өмір жоқ

Махаббатым - іңкәрім.
Күміс қанат сұңқарым.
Алтын таға тұлпарым.
Өнге салсам, шырқарым.

Махаббатым - жүрегім.
Жан шуағым, тірегім.
Нәзік сезім тілегім.
Сүю - бақыт, білемін.

Махаббатым - пәктігім.
Аялаған ақ гүлім.
Қайта оралмас жастығым.
Шабыт берер шаттығым.

Махаббатсыз өмір жоқ.
Сұрғылт, сәнсіз төңірек.
Махаббат - жанған шоқ.
Ұшқынынан лаулар от.

Лаулай берсін сезімің.
Тозбасын тек төзімің.
Барар жолың бақытқа,
Қолыңда ғой өзіңнің.

Ақын Қанипа Бұғыбаеваға

(Қ. Бұғыбаеваның рухына)

Мен сияқты «Гауһартасқа» ғашық боп,
Мен сияқты жақсылыққа асық боп,
Кетіп қапсың мәңгілікке, жан апа,
Өлең-жырды бұрқыратып жазып көп.

Өлендерің өлеңіммен үндескен,
Ғашық болдым мен өзінді көрместен.
Мұңға толы жырларыңмен жанымды,
Жүрегімді тебірентіп, тербеткен.

Ұстаз едің жан жарасын жазатын.
Дәрігермін тән дауасын табатын.
Екеуміз де ақын болып жаралдық,
Сөз маржанын ой түбінен қазатын.

Ақын болу - елдің жүгін көтеру,
Ақын болу - ардың жүгін көтеру.
Ақиқаттың аппақ туын нық ұстап,
Соған ғана өмір бақи жүгіну.

Сабыржан азаны еске алу

(С. Әбілмәжиновтың рухына)

85

Иманжүзді, байсалды Сабыр ағам!
Көз алдымда кездерің жадыраған.
Эфирден күнде естіген қоңыр үнің,
Жадымда жаңғырады, қадірлі ағам.

Ұрпақтың ұлағатты ағасы едің.
Інінің арқа сүйер панасы едің,
Әкемдей жол көрсетіп ақыл берген,
Мен де бір еркелеткен баласы едім.

Еліңе еңбек еттің, ерінбедің.
Мақтанып кейбіреудей керілмедің.
Биязы, парасатты, инабатты,
Қарапайым, сүйкімді, керім едің.

Әр таңға арайланған қуанушы ең.
Қиындыққа жасымай жұбанушы ең.
Жылуын жүрегіңнің бөліп беріп,
Жақсылықты қуанып құп алушы ең.

Отбасының ұйытқысы берекесі ең.
Жан шуағы, мерейі, мерекесі ең.
Дарика апамыздың асыл жары,
Шаңырақтың кеңпейіл керегесі ең.

Сабыр аға, аяулы Сабыр аға!
Жәннаттың дәл төрінен табыл аға.
Ұл-қызың өсіп, өніп өркендесін,
Тәу етіп келіп жүрсін қабырыңа.

08.06.2008

Досым Күлтай Махметоваға

Туған күнің құтты болсын, ботакөзді Күлтайым!
Күн тәрізді күлім қағып жүре бергін күн сайын.
Алтын кірпік, айқабақ ең жас кезінде сымбатты.
Құрбылардың арасында сабырлы да салмақты.

Қайта оралмас мөлдір таза жастығымның көзісің.
Болашаққа бірге аттанған армандасым өзіңсің.
Қайғы-мұңға көп берілме балалармен жұбанып,
Бауырларың аман болсын, жүре бергін қуанып.

Нәрестелер туып, міне, әже болдың ылайық.
Құт-береке, бақ-дәулетің өсе берсін молайып.
Шын жүректен тілеймін мен ұзақ өмір, мол бақыт,
Балдай тәтті бала кезді есіңе алғай бір уақыт...

**Сапар Дүйсенов ағамның
шөбересі Ескендірге**

(атасының атынан құттықтау)

Туған күнің құтты болсын, Ескендір!
Самал желсің қарт шағымда ескен бір.
Кіп-кішкентай ғұмырымның жалғасы,
Шығармаймын еш уақытта естен бір.

Айналайын балдай тәтті бөбегім.
Сен - жас шыбық, мен - көзімін көненің.
Ұзақ ғұмыр, бақыт тілеп, шөберем,
Ақ бетіңнен мейірленіп өбемін.

Аман болсын ата-анаң, өсе бер.
Арман сені алға тартып жетелер.
Азаматы азат елдің арайлы,
Алда сенің міндетің көп өтелер.

Жылы жүрек, ақыл берсін Жаратқан.
Нұр сәулесін аямасын ақ аспан.
Өмір бойы оқы, үйрен, білім ал.
Білімдінің әруақытта бағы асқан.

Атаң Сапар Сарыарқадан келіп тұр.
Ақ батасын шын жүректен беріп тұр.
Шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонып,
Ақ жолыңа Алла қойсын төгіп нұр!

Ақпан, 2007 жыл

Ердарға

Томпиған сүп-сүйкімді балапаным.
Жүп-жұмсақ кіп-кішкентай алақаның.
Түп-тұнық мөлдіреген қара көзің,
Ұқсапты жанарына жан анамның...

Мұрының келіп тұр ғой жан әкеме.
Ұқсап тұрсың менің де көлеңкеме.
Мың мәрте сұраймын мен Жаратқаннан,
Жақсылығын берсін деп немереме.

Жүзіңді ұқсатамын анама мен,
Анамның жасын берсін, таланымен!
Бақытты ұзақ ғұмыр нәсіп болсын!
Атаңның атын берсін, қаламымен!

Тәтті-ақ балам, томпақ балам, Ердарым!
Бекзат балам, аппақ балам, дегдарым.
Таудай болып өскенінді ержетіп,
Жатсам, тұрсам көру менің арманым!

Асылжанның 1 жасқа толғанына

89

Асылжаным, аппағым, күміс күнім!
Құтты болсын, қайырлы туған күнің!
Өсе бер, өркендей бер, еркелей бер,
Қызғалдағым, қуанышым, қызыл гүлім.

Ақ маңдайың жарқырап ақылды бол.
Тайға мінсең, жол бермес тақымды бол.
Еңселі ер жігіт боп ержеткейсін,
Серік болсын өзіңе адал - ақ жол.

Алла берген ғұмырың ұзақ болсын!
Шаңыраққа өзіңмен шаттық толсын!
Асылхан екеуіңді ер жеткізіп,
Әке-шешен той тойлап қызық көрсін!

Атаңның жүрегісің лүпілдеген.
Әжеңнің балапаны үлпілдеген.
Атасы мен әжесі еркелетсе,
Әкесі «бүлдіред» деп күңкілдеген.

Асылжаным, немерем, көркем айым.
Керегемді кеңейткен еркетайым.
Асылхан, Айдос, Ердар - төртеуіңді
Алма кезек иіскеп аймалаймын.

Қуантты бірге келіп Асылжаным.
Тілейміз жасына жас қосылғанын.
Туған-туыс, бауырлар, құда-жекжат
Келе берсін тойына Асылжанның!

Бүгін бірге «кіндіктой», «тұсаукесер»,
Салт-санамен қасиет қанға сіңер.
Инабатты, ибалы, тәрбиелі,
Көгершінге берілер кіндіккесер.

Асылжан сүрінбесін ғұмыр жолда.
Көк туы қазағымның болсын қолда.
Ер жетіп «Елім» деген ұлы болсын,
Жүретін шапағатын шашып сонда.

Дәрігер болсын Абай атасындай.
Болмасын жайбарақат жататын жай.
Жан-жүрегі сезімтал, сергек болсын.
Кенпейіл, қайырымды, көңілі жай.

Аллаға шүкіршілік айтып бүгін,
Қиналмай көтереміз артқан жүгін.
Тілейміз отбасының амандығын,
Жарқырап, күлімдесін көкте күнім!

Хош көрдік өздерінді, туған-туыс!
Тойымыз баршаңызға болсын жұғыс!
Гүл бітсін жолдарыңа жүріп өткен,
Жалғассын арамызда барыс-келіс.

Қос ұлы шаңырақтың Айбар, Айдын.
Ержетіп «әке» атанды құлындарым.
Айбардың Асылжаны бірге толып,
Шақырдық құда-жекжат, қайындарын.

Құтты қонақ болыңдар осы тойда!
Қауқылдасып қаламыз осындайда.
Жаратқан қабыл етсін тілегімді,
Әрқашан жүздесейік жақсы жайда!

Құрметті Айман Шәріпқызына

(А.Ш. Симамбаеваға)

91

Алпысқа келіп тойлап бүгін жатырсыз.
Келіп тұрмыз жырдан шашу шашып біз.
Қабыл болсын барлық адал ақ тілек.
«Қырықтың бірі Қыдыр» деген халықпыз.

Асқарынан алпыстың асып отырсыз.
Бәйтеректей саялы, сәнді өсіпсіз.
Қырық жылдай еңбек етіп еліме,
Жаксылыққа, табыстарға жетіпсіз.

Алпыс жаста ақыл сұрар жас болсын.
Жас болса да әрқайсысы бас болсын.
Қартаю да табиғаттың заңы ғой,
Қуат таймай, көңіл көркем хош болсын.

Жетпісті де, сексенді де тойлайық.
Тіршілікте қызыққа әсте тоймайық.
Жаратқан күш жүз жыл берсе жасауға
Оған қарсы тағы да біз болмайық.

Жаратқан күш кесімді жас бергенмен,
Қүдіретіне еш күмәнсіз сенгенмен.
Тіршілікте жүрейікші сыйласып,
Не түседі дүние жинап тергеннен?

Айман апа, аман-есен жүре бер.
Жаксылыққа шын қуанып күле бер.
Ұрпақтарың үйге сыймай көбейіп,
Ұзақ ғұмыр, қосағыңмен сүре бер!

30.12.2010

Құрметті Ғазиз Сұлтанұлы!

(Ғ.С. Қамзиновқа)

Туған күнің құтты болсын, қайырлы!
Алла сенің жақсы етсін жәйінді.
Көңіліңе көктем орнап әрқашан,
Оң мен солдан көрейік Күн, Айынды.

Аман етсін құдай қосқан жарынды.
Аман етсін анаң мен барша-барынды.
Жүз жыл бойы қол ұстасып Күләнмен,
Қарсы ала бер арайлы аппақ таңынды!

Ғұмырың ұзақ, қызықты күндер көп болсын!
Барға қанағат, көңілің әркез тоқ болсын!
Шаңыраққа құт-береке, бақ қонып,
Жүрегінде уайым-қайғы жоқ болсын!

23.02.2010

Альфред Николаевич Пряниковқа

(А.Н. Пряников рухына)

93

Бүгінгі күн жетпіс беске толар ең.
Достарыңның ортасында болар ең.
Сырға толы әдемі бір жырларды
Назарына келген жұрттың салар ең.

Кере қарыс ақ маңдайың жарқырап,
Аспан түстес көз жанарың жарқылдап.
Ақ жүректен шыққан аппақ тілекті,
Алдымызда тұрар ма едің бізге арнап.

Ұстазы едің жүздеген сен шәкірттің.
Маманы ең әдебиет пен тарихтың.
Жас ұрпаққа ашып білім есігін,
Түсіндірдің сиқыр күшін әріптің.

Ақын едің Тәңір өзі жаратқан.
Дүйім жұртты ауызыңа қаратқан.
Шын жүректен шыққан сенің жырларың,
Тыңдарманын тебіrentкен, жылатқан.

Ақын едің жақсылықты жырлаған.
Күш-қайратты ел-жұртыңа арнаған.
Жазғаныңнан жазарың да мол еді.
Тағдыр бар ма оны бір сәт тыңдаған.

Ақын едің жаза берген талмастан.
Сенің атың өлмек емес ешқашан.
Жырларыңмен ұзарады ғұмырың,
Алғы шептен көрінерсің қалмастан.

Ғашық едің мына ғажап өмірге.
Ғашық едің қазағымның жеріне.
Жаның сұлу, жүрегің кең болатын,
Ғашық едің адамзаттың бәріне.

Сен жатырсың ауылымның өрінде.
Өзің сүйген өңіріңнің төрінде.
Жырларыңа ұзақ өмір тілеймін.
Сақталатын оқырманның көңлінде.

**Қиялы ұшқыр, қаламы үшкір
ақын аға - Болат Мағазұлына арнау**

(Б.М. Сағындықовқа)

Екеуміз де бір мектептің түлегі,
Болған әсте тіліміздің тірегі.
Еске түссе алтын ұя ұшырған,
Талай жанның лүпілдеген жүрегі.

Тілге деген зор ықылас махаббат -
Теңдесі жоқ ұстаздардан шарапат.
Әлі күнге сезінемін өзімді,
Алғандай бір эстафета-аманат.

Өлең деген - ақынның бар әлемі.
Өлең - оның өмірі де, өнері.
Шын жүректен жарып шықса кәусар жыр,
Әр жүрекке жетеді сол дегені...

Алла салсын асыл сөзді ауызға.
Арайланып атсын ақын таңы да.
Шабыт келіп маза бермей түрткілеп,
Нәсіп етсін жыр маржанын табуға.

Болат аға, жырларыңыз тамаша!
Қуантады жадыратып балаша.
Ойларыңыз ойларыммен ұштасып,
Сырласамын өзіңізбен оңаша.

Алшаң басып жүзге жетіп күліңіз.
Отбасында бақытты өмір сүріңіз.
Өнегелі, өсиетті жырлармен,
Жас ұрпаққа жол көрсетіп жүріңіз!

Азаймасын іңкәр сезім өмірге.
Кір түспесін ақша қардай көңілге.
Қиялы ұшқыр, қаламы үшкір ағамыз!
Қалықтаңыз ақындықтың көгінде!

*Мүтәллап аганың 75 жасқа
толуына құттықтау*

Ақ қайыңдар аралында сөз жетпейтін көрікті,
Сіз туғалы жетпіс бес жыл жылжып, сырғып өтіпті...
Нәсіп етіп Алла Сізге сөз өнерін - ақындық.
Зор қасиет басқада жоқ азық етіп беріпті.

Ақындық ол-қанмен келер, сүтпен сіңер қасиет.
Жазылады өлеңмен көп кейінгіге өсиет.
Халқымызда дара дарын, шешен жандар көп болғай,
Аспандағы шоқ жұлдыздай жарқырап бір көрінбек.

Балалықтың бал шағында ерте ер жетіп есейген.
Елмен бірге соғыс жүгін иығымен көтерген.
Қиындықтың бәрін жеңіп, артқа тастап бүгінде,
Ана үміті - ана еңбегін толығымен өтеген.

Шалқар шабыт таси берсін толқып, тулап теңіздей.
Жүре бергей жетпіс бестің ауырлығын сезінбей.
Жыр жолында шаршамаңыз, сүрінбеңіз, талмаңыз,
Жалындаған жастық шақтың жарқыраған кезіндей.

*Айзаттың қызы Айымның
ұзату тойына*

Бақытты бол қосылған сыңарыңмен!
Көгіңде қалықтаған қыраныңмен!
Асыл арман, үмітің алдамасын,
Махаббатың тербесін жыр-әнімен!

Бақ құсы боп қонғайсың шаңыраққа.
Жайылсын жақсы атың бар аймаққа.
Ибалы, инабатты, иманжүзді
Келін бол өнегелі барған жаққа.

Жан-жарынды пір тұтып мақтағайсың,
Ата-анаңның үмітін ақтағайсың.
Жат жұртқа тастай батып, судай сіңіп,
Сол елдің сөзін сөйлеп жақтағайсың.

Жастықта жарқырай біл жанған оттай,
Көңілің жадырасын жазғы бақтай.
Жарыңмен мағыналы ғұмыр кешіп,
Шын сезім суымасын қызыл шоқтай.

Қосағыңмен қоса ағар, бақытты бол!
Жарқыраған маңдайы жақұтты бол!
Ақ жолыңа Алланың нұры жауып,
Жазылмасын ақ білек, алысқан қол!

24.07.2011 жыл

Сарыарқада сары күзде туып ең...

97

Сарыарқада сары күзде туып ең,
Көңіліңе жақсыны тек түйіп ең.
Отбасының аңсап күткен баласы,
Өн бойыңа тектілікті жиып ең.

Жүрген едің қозы-лақпен жарысып,
Ойнап едің тетелеспен шалысып.
Томпаң қағып жүгіруші ең күн ұзақ,
Балалықтың базарымен бөлісіп.

Бес жасыңда жетім қалдың әкеден.
Жалғыз еді бір атадан Өтеден.
Қу соғыстан аман келіп еліңе,
«Жіңішкенің» жабысканы өкпеден.

Ауыл-аймақ үміт артып өзіңе,
Ардақтады жас алдырмай көзіңе.
Шаңырақтың иесі деп әруақыт,
Отырғызды ақсақалдай төріңе.

Арман сені жетеледі шыңдарға,
Қол создың сен арайлы аппақ таңдарға.
Сусындадың терең бойлап білімге,
Тосқауыл жоқ алға ұмтылған жандарға.

Атақ-даңқың асқақтады, өрледі.
Анаң сенің қиыншылық көрмеді.
Бейнетіңнің рахатын көруге
Тағдыр саған мүмкіншілік бермеді.

Тірі болсаң толар едің алпысқа.
Бөленер ең мол тілек пен алғысқа.
Асығушы ең атар таңға әруақыт,
Білгендей бір ғұмыр жолың тым қысқа...

Зеке-құрдас, Зейнолла!

(З. Әкімжановқа)

Мен көргенде он бестегі бала едің.
Өзге жанға ұқсамайтын дара едің.
Тақыр бас, бадырайған көздері бар,
Кіп-кішкентай домалақ қара едің.

Өстің, өндің, дардай сен жазушысың.
Бүгінгіні сараптап, өткенді қазушысың.
Ойды өрбітіп, өргізіп, тілді безеп,
Жақсыларды мадақтап, жаманды басушысың.

Қалам тербеп, жыр жазып беу-беулейсің,
Дарынды саған ғана бергендейсің.
Бас ақыны Солтүстіктің өзің ғана,
Алла жазып сен соған көнгендейсің.

Жаза бер бұрқыратып жырларыңды.
Шалқар көл, орман-тоғай, қырларыңды.
Жүре бер алшаң басып жүзге дейін,
Шаттықпен өтсін айлар, жылдарың да.

Еркелер елің болсын «ұлым» деген.
Аман болсын ұл-қызың күлімдеген.
Шабытыңның пырағы дес бермесін,
Асаудай жал-құйрығы сүзілмеген.

Болсын тек жазғаныңнан жазарың көп.
Қартайғанда жаныңда қатарың көп.
Бақытты, сәнді, мәнді ғұмыр кешіп,
Әруақыт татқаныңнан татарың көп.

13.07.2011

«Асыл мұра» орталығына 10 жыл

«Асыл мұра» орталығы онға бүгін толыпты.
Мерейтойдың иелері төрден орын алыпты.
Құтты болсын айтамын мен шын жүректен қуана,
Тың деректер таба берсін сусындатар халықты.

Өлкеміздің өткені мен бүгінгісін ақтарып,
Ұланғайыр еңбектері қала берсін сақталып.
Бабалардың аманатын әруақытта қастерлеп,
Өсе берсін ұрпақтары сенімдерін ақтарлық.

Уақыт әркез өте берер белгі тастап артына,
Қайта оралмас балалық шақ, жастық қалар артыңда.
Бүгінгі күн айналады еншісіне тарихтың,
Жазылған хат жоғалмайды ескерткіш ол халқыңа.

Таңат аға, асыл аға, ақылды да ардақты.
Социал аға - дана, дархан, сабырлы да салмақты.
Қайролла аға, дамыл таппас қажырлы ол қаламгер,
Өнегелі, ұлағатты ұстазы ол аймақтың.

Баршаңызға тілейтінім жақсылық пен денсаулық!
Алла берсін абыз жасын, дархан, дара, даналық.
Аруағы желеп, жебеп Қожаберген жыраудың,
Дес бермесін Шабыт аты жал-құйрығы таралып.

«Асыл мұра» жете берсін жарқын мақсат-мұратқа.
Жақсы аты шыға берсін, биік белес қыратқа.
Өткендердің ізгі істерін ұрпақтарға үлгі етіп,
Баға жетпес еңбектері мирас болсын халыққа!

01.02.2011

Қайролла ағама арнау

(Ұлағатты ұстаз Қайролла Мұқановқа)

Абыз жасқа аяқ басып келіпсіз.
Қос ғасырдың өткелінен өтіпсіз.
Екі қоғам екі түрлі өмірді,
Таразылап осы жасқа жетіпсіз.

Өткеніне өңірімнің үңіліп,
Дерегі мен тарихына жүгініп.
Суыртпақтап тартқан сөздер бүгінде,
Кітап болып тұр сөреде тізіліп.

Қожаберген атамызды тірілтіп,
Қатпарланған тарих тінін жібітіп.
Қазағымның жақсысы мен жайсаңын
Қайтардыңыз қалған жұртқа ұмытып.

Өмір-өзен ағады дамыл таппай.
Ілесіп жүре бергін қалыс қалмай.
Ұлағатты ұстазы өңірімнің,
Тың еңбек жаза бергін шаршап талмай.

Жаны жаз мейірімді, асыл аға!
Бақ құсы қона берсін басыңызға.
Жақсының хаты өлмейді, аты өшпейді,
Жетіңіз Алла жазған жасыңызға!

Баян Құдайбергенқызына

(Сыныптасым Б.Қ. Баймұқановаға)

Туған күнің құтты болсын, жан құрбым.
Орналасын көкірекке қайғы-мұң.
Ұзақ болып ғұмыр жасың, шаттығың,
Жарқылдап жүр күн тәрізді, жарқыным.

Арман сені жетелесін тек алға,
Көңіліңе күдік-күмән тек алма.
Назгүліңнің қызығына тоя бер.
Бұл өмірдің жақсылығын көре бер!

Алда талай жақсылықтар күтіп тұр.
Достарыңның ортасында күліп жүр.
Денсаулығың мықты болып әрдайым,
Жан рахатын зейнетіңнің көріп жүр!

***Құдай қосқан құдамыз
Ерғажы Темірғажыұлына***

Құтты болсын алпыс жасың асқарлы,
Арайлы күн жарқыратсын аспанды.
Құдағимен қол ұстасып жүзге кел.
Қорғап, қолдап жүре бергін жастарды.

Арман, мақсат алға тартсын әрқашан,
Қызық көргін шаршамастан, талмастан.
Отау тігіп қуанышқа кенелтсін,
Жалғыз ұлын, жан жүрегің Асанжан.

Қыз балалар ата-ананың өрісі.
Көркемдік пен сұлулықтың көрнісі.
Сүп-сүйкімді Гаухар, Айша, Ажарын
Сырлы сезім махаббаттың белгісі.

Аман болсын Гүлмира мен Айбарың.
Көре бергін олардың көп тойларын.
Жиендердің тойына деп атаған,
Өсе берсін мыңғырап көп қойларың.

Аман болсын барша туыс-туғандар.
Шаңырақта кіндік қанын жуғандар.
Ақ дастархан жақсылыққа жайылып,
Әр жыл сайын туған күнді тойлаңдар!

Әр балаға арнау

103

Анаң саған дүниенің бар қызығын сыйлаған,
Жақсылығын ақ сүтімен өнбойыңа жинаған.
Еркелеткен еміреніп, иіп сені емізген,
Қуаныштан жүрек тулап кеудесіне сыймаған.

Анаң сені туғанында бір өліп, бір тірілген.
Туғаннан соң тыным таппай күні-түні жүгірген.
Көңілің қош, қарының тоқ болсыншы деп әруақыт,
Сен өскенше қуат кеміп, белі иіліп, бүгілген...

Жақсы болса әкең сенің асқар таудай қорғаның.
Жаман болса панасыз, жанашырсыз болғаның.
Тірі болса анаң ғана қосары шын санатқа,
Армандаған баласының толықсып бір толғанын.

Ата-анаңның үңіле біл көңіліне, көзіне,
Құлақ асқын ауызынан шыққан әрбір сөзіне.
Өкінбегін өткенде олар дүниеден баз кешіп,
Ащы жасы мол қайғының тұнып қара көзіңе.

Айдос бірге толғанда

Туған күнің құтты болсын, Айдосым!
Қызығыңа ата-анаң тоймасын!
Сана-сезім, ақыл берсін Жаратқан.
Ақ жолыңда тосқауылдар болмасын!

Талай-талай бола берсін тойларың.
Нағашылар сыйлай берсін қойларың.
Өскенінді көре берсін өркендеп,
Әке-шешен Айдынжан мен Көгершін.

Күндей күліп жүре берші, жарқыным.
Баршамызды шын қуантып, алтыным.
Азаматы Азат Елдің ертеңі,
Болашағы сен боласың халқыңның.

Еркін мен Ботагөздің үйлену тойына арнау

(Күнсұлудың қызы Ботагөз)

105

Құдай қосқан құда-жекжат, армысыз!
Жаны жайсаң жақсылары, бармысыз!
Рахымберді-құда, Рая-құдағи,
Арнайыншы ақ тілектер қалтқысыз.

Құтты болсын үйлену той - үй болу!
Ақ отауға күмбірлеген күй толу.
Желбіретіп ақ желегін ақ келін,
Алғаш рет есік ашып үйге ену!

Құтты болсын ақ босаға, ақ отау,
Күә болсын ақбас асқақ Алатау.
Екі жастың бақытына қуанып,
Мүмкін емес шын сүйсінбеу, қарамау.

Алла берсін махаббатын аққудың,
Өркендесін саясында Көк тудың.
Алдарынан ақ жол түссін әрқашан,
Тең-құрбының алды болсын, айтулың.

Қос жұбайлар, Еркінжан мен Ботагөз!
Аулақ болсын өздеріңнен тіл мен көз.
Құтты болсын Алла жазған ақ неке,
Жадыратсын жандарыңды жақсы сөз.

Алға бастап асықтырсын ақ арман.
Асықпаған ұтылатын бұл заман.
Оқып-танып көп білуге тырыссаң,
Мақсат-мүдде жақындайды бір табан.

Қуанайық сендер жеткен межеге.
Өсіп-өніп, кеңейсін тек кереге.
Ақ отаудың шаңырағы биік боп,
Түтіндері түзу ұшсын төбеде.

Әр уақытта ана сүтін ақтандар.
Ата күшін, қасиетін сақтандар.
Қайда жүрсең жақсылыққа жақын боп,
Өздеріңді арғымақтай баптандар.

Шаршамандар жақсылықтың жолында.
Әдет-ғұрып, салт-санаң бар қаныңда.
Қол ұстасып бақытты өмір сүріңдер,
Елің тыныш, жұртың аман барыңда.

Болашақта табыстарға жетіңдер.
Әрбір таңнан бір қуаныш күтіңдер.
Ғұмырларың ұзақ болып ылайым,
Ғашық болып жұбың жазбай өтіңдер.

31.07.2010, Алматы қаласы

**Ботагөз апамыздың
алтысқа толуына**

107

(Б.Ж. Галиеваға)

Құтты болсын туған күн - екі отыз!
Құттықтап шын жүректен келіп тұрмыз.
Көңіл жас, денсаулығың мықты болып,
Нәсіп етсін Жаратқан жәйлі тұрмыс.

Армансыз жан болмайды дүниеде,
Адамның арқау болар әр күніне.
Асыл арман, ақ тілек орындалып,
Аттай бер келер уақыт, келер күнге.

Той-думан, қуаныштар бола берсін.
Үйіңе ұрпақтарың тола берсін.
Тірлікте мәнді, сәнді ғұмыр кешіп,
Бақ құсы шаңыраққа қона берсін.

Рахатын зейнетіңнің көре бергін.
Нұр-шуақ балаларға төге бергін.
Шүпірлеп айналаңа немерелер,
Өсе берсін қуантып әжелерін.

Жаңа жылға тілек

Құтты болсын, құтты болсын Жаңа жыл!
Жаңа жылда төгілсінші жаңа жыр.
Адамзаты бар әлемнің аман боп,
Көрейікші жақсылықтар жаңа бір.

Арман-мақсат орындалсын әрқашан.
Нұрлы болсын төбемізде ақ аспан.
Ел тірегі ер-азамат аман боп,
Жұрт болайық ынтымағы жарасқан.

Еңбегіміз табыстармен көркейсін.
Елімізге ел қосылып көбейсін.
Жүректерді кернеп мейірім, шапағат,
Көңіл хошы көктемдей көгерсін.

Жаңа жылда шаңыраққа бақ қонсын!
Қазағымның той-думаны көп болсын!
Миллион жыл ұрпағымыз аман боп,
Отбасында уайым-қайғы жоқ болсын!

28.12.2009

Жаңа жыл

Жаңа жыл!
Жаңа жылда күй кешеміз жаңа бір.
Алабұртып жүрек тулап, лүпілдеп,
Жаңа жылдан күтеді әркім жаңа жыр.

Біреу тілер жаңа қоныс, жаңа үй,
Енді біреу сыңар тауып, жар сүю.
Енді біреу қателігін мойындап,
Жаңа жылда қайта түлеп, жаңару.

Жаңа жыл тек жақсылықтар әкелсін!
Әрбір жанға бақыт құсын әперсін.
Тондырса да қаңтардың көк аязы,
Жүректерде махаббат-гүл көгерсін!

Жаңа жыл құтты болсын!

Жаңа жыл құтты болсын, замандастар!
Ұлағатты үлкендер, балғын жастар.
Жаңа жыл алып келсін құт-береке,
Жақсылық бола берсін алға бастар.

Жаңа жыл құтты болсын бәрімізге,
Қыдыр ата қонсын келіп төрімізге.
Бейбіт өмір орнасын бар әлемге,
Бақыт оты жарқылдасын көзімізде.

Баршаның көңіліне көктем қонсын.
Жақсылармен әрдайым орта толсын.
«Махаббатсыз өмір бос» деген Абай,
Жүректі сырлы сезім керней берсін.

Жаулай берсін жүректі шын махаббат,
Адами қасиеттер бізге қымбат.
Қол созып қиналған мен кіріптарға,
Алладан бәрімізге болсын сауап.

Ар-намыс туын биік көтерейік,
Тіршілікте сыйласып бір жүрейік.
Ортақ боп қайғы-мұң мен қуанышқа,
Кезінде бірге жылап, бір күлейік...

Жаңа жыл құтты болсын, отандастар!
Есте қалсын ағарып атқан таңдар.
Қарсы алып Жаңа жылды ақ тілекпен,
Жайылсын жақсылыққа дастархандар.

Ақын Абай ескерткіші жанында

111

Жастайыңнан көріп білдің пәлсәпасын өмірдің,
Сезіп өстің қуанышын, қайғы-мұңын көңілдің.
Бар ғұмыр мен күш-қайратты халқыңа арнап біржола,
Қазақ үшін нәсерлетіп өлең-жыр боп төгілдің.

Дәл өзіндей адамзатты жырлай алмай келеміз.
Данышпандық сөздеріңе әркез құлақ түреміз.
Аталы сөз, адами көп қасиетті жырлаған,
Ақын Абай, алып Абай екеніңді білеміз.

Қазақ үшін армандадың әділетті қоғамды,
Етпек болдың болашағын халқымыздың баянды.
Жаман ғадет, жат қылықтан аулақтатып баршаны,
Серік еттің өмір бойы қағазың мен қаламды.

Махаббатты жырладың сен мөлдір таза алғашқы,
Баға жетпес құдіретті сырлы сезім салмақты.
«Татьяна әніменен» кең даланы тербетіп,
Аппақ сезім ақ қанатты армандарға жалғасты.

Өсіп-өнді талай ұрпақ жырларыңмен сусындап,
Әр бір сөзің қазақ үшін гауһартастай шын қымбат.
Дана Абай, дара Абай, мақтанышы халқымның,
Жанымызда тұрғандайсың риза болып жыр тыңдап.

Ана тілім - қазынам

Қазақ тілі - ана тілім, қазынам.
Жүрегіме өрнектеліп жазылған.
Әннің сазын, жырдың мәнін ашатын,
Жақсы көрем көркемсөзді жасымнан.

Сөз сөйлейміз тілдің майын тамызып,
Қуанамыз сөзден маржан тағынып.
Шешендіктің тұнығынан нәр алып,
Ән мен жырым жатса, шіркін, ағылып.

Аса берсін абыройы тілімнің.
Ашық болсын көкжиегі көңілдің.
Дарқан далам, дарынды елім аман боп,
Көк аспаннан нұры жаусын Тәңірдің!

Құрметті Асқар Жоламанұлы!

(А.Ж. Сақыткереевке)

113

Құтты болсын ақ сәулелі туған күн!
Кіндік кесіп, кіріңізді жуған күн!
Орындалып ата-ананың арманы,
Дүниеге есік ашып келген күн!

Шаңыраққа бақыт құсы қонған күн.
Көкірекке қуаныш-жыр толған күн.
Шілделікке бала-шаға жиыналып,
Сұрағандар сүйіншісін алған күн.

Содан бері өтті, міне, төрт мүшел.
Тілейміз біз тағы осындай төрт мүшел.
Сенеміз біз Жаратқанға қалтқысыз,
Береріне ұзақ ғұмыр, күш, бедел.

Арман қуып алға баса беріңіз.
Айналаға бақыт нұрын себіңіз.
Қолдан келген жақсылықты аямай,
Қиналғанға көмек жасап беріңіз.

Алғысына бөленіңіз ел-жұрттың.
Арасында жүргендей бір ақ бұлттың.
Ер-азамат алғыспенен көгерер,
Көгерер де үрім-бұтақ көбейер.

Аман болсын жас шарана - немере.
Құтты болсын кеңейгені кереге!
Бауы берік, ғұмыр жасы ұзақ боп,
Атасына сыйласын ол шөбере.

Достарыңыз жан аямас көп болсын!
Жүрек сыздар уайым-қайғы жоқ болсын!
Нұрлы болып ақ жолыңыз алдағы,
Шаңыраққа Қыдыр дарып, бақ қонсын!

Сыныптасым Кенжебайдың Рухына арнаймын

Азамат едің аяулы, асыл, зиялы.
Сендей жанды ажалға кім қияды?
Бүгін, міне, бір жыл өтіп қазана,
Еске алып, дұға оқыды жанның біразы.

«Тумақ барда, өлмек бар» ғой қашанда,
Алла жазған дүние есігін ашарда.
Ғұмыр жасың қысқа болса, амал не?
Уақыт қажет қайғы-мұңды басарға.

Аз ғұмырды көпке балап жүреміз.
Жақсы ісінді жасаған көп тіземіз.
Асыл әке, адал жар боп өткенсің,
Ата болып қуанғансың, білеміз.

Алла саған бауырмалдық берген ед.
Тумасаң да туғандай бір жүрген ек.
Жер шетінде жүрсең де сен аңсайтын,
Көңіл сазың достарыңмен бірге ед...

Бірге оқыған балалардың серкесі ең.
Ұстаздардың жақсы көрген еркесі ең.
Жүрегі үлкен, аңқылдаған ақ көңіл,
Топ алдында түспеп еді еш еңсең.

Кете бардың ел-жұртыңмен сыйласып,
Қалды артыңда туған-туыс жыласып.
Атпаған таңың, көрмеген қызық-қуаныш,
Балалармен жатсын тауып жалғасын.

Алтының сені жоқтайды, бір сәт тоқтайды.
Жүрегінде мәңгі жарын сақтайды.
Босап кетсе, көздің жасын көлдетіп,
Балаларын жасытуға батпайды.

Жаның сенің жәннатта болсын, Кенжебай,
Еске алсын әркез тірілер жиі ұмытпай.
Иманың бірге, пейіште нұрың шалқысын,
Жаныңда болсын Жаратқан құдірет бір құдай!

10.03.2012

***Болат құданың немересі
Сауаттың бесік тойына***

Құтты болсын аңсап күткен қалжа беру - бесік той!
Нәрестенің тойларының алғашқысы - осы ғой.
Ақ тілекпен ақ дастархан алдарыңа жайылып,
Бола берсін той артынан жалғас тауып тағы той!

Тұсау кесер, тіл ашар, сүндет тойлар тойлайық.
Сауатжанның қызығына барша туыс тоймайық.
Қазағымның салт-санасын, әдет-ғұрпын дәріптеп,
Жас ұрпаққа аманат қып мағынасын жоймайық.

Шаңыраққа шаттық сыйлап туа берсін шарана.
Ақ бесігін әуенімен тербей берсін бар ана.
Ұзақ ғұмыр, зор денсаулық, таусылмайтын күш-қайрат,
Тілейміз біз шын жүректен Болат және Ғайниға.

Құда-жекжат, аман болсын баршаңыздың отбасы!
Ата-ананың бала-шаға үміттерін ақтасын.
Жаратқан күш әр ошаққа аппақ нұрын мол төгіп,
Қауып-қатер, жамандықтан бәріңізді сақтасын!

Құрметті
Ләззәт Сайлаубековна!

(Л.С. Белекееваға)

Құтты болсын туған күнің, жарқыным!
Көңіліңе орнамасын қайғы-мұң.
Шуағы мол ғұмыр кешкін ылайым.
Арайлансын қуанышпен әр күнің!

Кірпігіңе жас тұрмасын бір тамшы.
Бақшасында бақытыңның ән салшы.
Сені сүйген бір адамды шын танып,
Мәңгі соның жүрегінде сен қалшы.

Сегіз қырлы қазақтың сен қызысың,
Ерте кеткен әкеңнің сен ізісің.
Жүрегі үлкен, мейірімді әпкесің,
Тәрбиелі бірегейі, бірісің.

Сен анасың қос баланы өсірген,
«Жақсы бол» деп әр уақытта өтінген.
Саған тартқан ақкөңілді, ақжарқын,
Екеуінің нұры тамған бетінен.

Жақсылығың шықсын әр кез алдыңнан.
Орындалсын арман-мақсат талпынған.
Көріне бер ақ шыңынан арманның.
Өзгерме тек, осы жап-жас қалпыңнан.

Денсаулығың мықты болсын, жүзге кел!
Алыс емес шығар биік, алтын бел.
Ақылдысың, білімдісің, жақсысың,
Бағалайды еңбегінді туған ел.

Жанғожа Берзекейұлы
Сандыбековтың рухына арналады

117

Жанғожа сырбаз жігіт, ер тұлғалы.
Жүретін шын қуанып, үй болғалы.
Жүрегін кернеуші еді мол махаббат,
Бүлдіршін күлкісіне үй толғалы.

Қазақпыз қызды атаған «бибі», «бике»,
Насиқа, Жұмабике, Оразбике.
«Әке» деп жүгіргенде қарсы алдыңнан,
Бақыттан бас айналып, босар жүйке.

Батима заты орыс, аты Анна,
Қосылған ғашық болып Жанғожаға.
Айырып қатал соғыс жан жарынан,
Түсірген жүрегіне жанған қоза.

Жәкең кетті майданға ел қорғауға,
Арқалап ашу-ыза ата жауға.
«Ораламын, күтіндер жеңіспенен,
Қауышамын ел-жұртпен аман-сауда»

Атысты, жауыз жаумен жағаласты,
Қара жер қанмен бірге араласты.
Көгілдір көктемінде қырық үштің,
Жанғожа қапылыста қаза тапты.

Жанғожа, ұмытпайды туған елің.
Әже болған қыздарың, жиендерің.
Қырық жастан аспаған қайран әке,
Ата болып алшандап жүрер ме едің?!

Бұйырды топырағы Россияның.
Жері ғой Смоленскі бір қияның.
Қойғанда бір құшақ гүл зиратыңа,
Сездің бе, жібергенін Батиманның?

Күйеу балаң Ғалымжан гүл апарған,
Дұға-аманат жеткізіп балалардан.
Рухына тәу етіп атасының,
Оралған шын қуанып сол сапардан.

Әбсәмат күйеу балаң ел қорғаған,
Берлинге ата жауын қуып барған.
Қыздарың елің үшін еңбек етіп,
Оразбикең зор құрмет, алғыс алған.

Оралды елге Рухың жеңіспенен,
Хабармен «Жеңіс келді!», «Жеңіс!» деген,
Қуанды асыл жарың Батимашың,
Насиқаң, Жұмабике, Оразбикең.

*Амантай Сәбитұлының
61 жас мүшелтойына арнау*

Туған күнің құтты болсын, бауырым!
Арта берсін абройың, қадірің.
Денсаулығың мықты болып әруақыт,
Аман болсын шаңырағың, қауымың.

Қосағыңмен шын сыйласып тұра бер.
Жақсылықпен тұрмыс дәурен құра бер.
Бала-шаға, немерелер көбейіп,
Ондаған жыл ортасында бола бер.

Алла берсін шаңыраққа шын бақыт.
Балаларың бірі - жақұт, бірі - ақық.
Өсе берсін ұрпақтарың өнерлі,
Асуларға бола берсін жолы ашық.

Орындалсын барша тілек арманың,
Жолында оның шаршап бір сәт талмағын.
Қуанышпен атқан таңды қарсы алып,
Сезбей-ақ қой алпыс жастың салмағын.

Софияңмен алтын тойға жете бер.
Мүшелдерден еш қиналмай өте бер.
Кең пішілген кеңпейілді қалпыңда
Күліп-ойнап, жайраң қағып жүре бер.

Жақсы жандар

Жақсы жанның жүрегі - күн нұр шашар.
Көңілінде қызғалдақ бар гүл ашар.
Жайсаң жанның айдарынан жел есіп,
Абыройы, мәртебесі шын тасар.

Көздерінен көрінетін шуақ нұр,
Жаны сұлу жақсыларға құлақ түр.
Жаттығы жоқ жақсылардың біз үшін,
Ақыл, кеңес, өнегесі - шырақ бір...

Жақсылар тек жақсылыққа сенеді.
Айналадан тек жақсылық көреді.
Кісіліктің биігінен табылып,
Жаныңа тек ізгілікті егеді.

Жақсылармен жүздесуге асығам.
Қуат алар жүрегiнiң отынан.
Жақсылардың шапағатын сезiнiп,
Риза болып, қуанып мен отырам.

Жақсы жандар жамандардан көбірек.
Солармен тек заман қызық көрінбек.
Жақсылыққа жақын барша халыққа,
Жаратқанның аппақ нұры төгілмек!

Күйші Тойкенге

(Т. Кудероваға)

Құтты болсын күмбірлеген,
Күйге толы мерекен!
Наурызбен кіре берсін
Отбасында берекен!

Аман болсын Ағыбайың,
Думан, Дана, Аруай,
Абройың асқақтасын,
Кеңінен болсын кереген.

Үміт, арман жетелесін,
Асулардан аса бер.
Ел алдында Алла берген
Өнеріңмен таса бер.

Күйші Тойкен!
Балалармен өнегелі, өнерлі,
Аспандағы шокжұлдыздай
Жарқырап тек жана бер!

Кене апамның қазасына

Жұдырықтай жүрегім бар кеудемде,
Сыздап, қысып ауыратын әудемде.
«Қуанған мен қорыққан да бір» деген,
Шыдамайды қайғы-мұңды көргенде.

Қайтыс болды бір әулеттің анасы.
Баршасының мейірімді панасы.
Кіп-кішкентай сүйеніші шалының,
Ақылшысы, сезімі мен санасы.

Бәйбіше еді бармағынан бал тамған,
Шаңырағына талай жақсы кеп қонған.
Жақсы келін, жақсы ана атанып,
Ағамыздың жақсы жары бола алған.

Көсіліп ана соңғы рет жатыр төрінде,
Отырмыз үнсіз қайғы-мұң орнап көңілде
Дем алып қана жатқандай бір сәт тынығып,
Арманын ойлап жете алмай кеткен өмірде.

Тоғыз бала толғатып туып өсірген.
Болмаған күні ошақтың отын өшірген.
Еріне сыйлы, еліне сыйлы, жан апа,
Өмір бойы кетермісің көңілден.

Анамдай тура еркелеп Сізге келуші ек,
Бірге жылап, бірге кейде күлуші ек.
Мейірімді көздеріне үңіліп,
Оттан ыстық ықыласын сезуші ек.

Иманыңыз жолдас болсын, жан апа.
Кешіріңіз, өтсе бізден бір қате.
Топырағың торқа болып, жұмақтан
Орын берсін Жаратқан күш бір Алла.

17.11.2007 жыл

Мектеп мұражайына 35 жыл

(Соколовка ауылы)

123

Амансың ба, ауылдасым, хал қалай?
Елің тыныш, болсын әркез көңіл жәй.
Өткеніңнен сыр шертетін ұрпаққа,
Өркендесін мектебінде мұражай.

Мұражай - бұл қасиетті бір мекен,
Көз алдында тұрар заман бар өткен.
Тоғыстырар ғасырларды бір жерге,
Таныстырар табыстармен қол жеткен.

Мұражайдан көреміз біз көнені,
Ұрпақ үшін көп қой оның берері.
Дағы қалған жауынгердің қолының,
Қызықтаймыз тамашалап жебені.

Ел қорғаған батырлардың сауыты,
Неше түрлі қару-жарақ қауыпты,
Ескі соқа, диірмен тасы, құжаттар...
Алып келер бір сәт саған тарихты.

Отыз бес жыл еңбек еткен қажымай,
Ұлағатты ұстаз Виктор Огневой.
Еңбегіңіз жана берсін, ардагер,
Өсе берсін қанат жайып мұражай!

Менің сүйікті телеарнам және радио...

Күнде көріп мақтанамын көксандықтан көгілдір:
Қызылжардың нұр даласын, жыр қаласын, Есілін.
Көк теңіздей желмен ойнап толқындалған егінін...
Ашқандай бір күй кешесің жәннаттың сен есігін.

«Туған жердің тұлғаларын» сағынышпен еске алып,
Қыздарымыз «Айғанымдай» ел билеген басқарып.
«Біздің елдің жігіттері» ақылды ғой, айбатты.
«Көксандық...» та таныстырды тарих кенін ақтарып.

Әруақытта арқау етіп елдің мұңын, мұқтажын.
Жалаулатып көсемсөзді қорқып, үркіп бұқпадың.
Ел бастаған азаматтар құлақ түріп тыңдаса,
Шындық туын аспандатып, желбіретіп жықпадың.

Радио мен теледидар, сірә, егіз туғандай.
Қосарланып халқымызға жігер беріп тұрғандай.
Атқан таңмен Әнұранды асқақтатса аспанға,
Жаратқанның нұр-сәулесі ақ жауын боп құйғандай.

Ондаған жыл тәрбиелеп Отансүйгіш сезімге,
Жас ұрпақтың қайрат-күшін қайрап нағыз кезінде.
Жамандықтан алыстатып, жақсылыққа жақын ғып,
Салауатты өмір салтын үлгі еткен сөзінде.

Халқымыздың әдет-ғұрпын, салт-санасын жыр етіп,
Әдебиет, мәдениет абройын ту етіп,
Қазақ Елін бар әлемге жариялап жан-жақты,
Теледидар таратады ақпараттар салмақты.

Радио мен теледидар елдің жақын досындай,
Қуанады көріп, тыңдап болғанына осындай.
Төрткүл дүние егер күнде өз үйінде орнаса,
Табылар ма, басқа адам көзі ашық, жаны бай?

Теледидар ең қуатты ақпараттар құралы.
Барлық әлем көз ілеспей қасыңа кеп тұрады.
Әсерлі ән мен тәтті күйлер қапа болған шақтарда,
Көңіліңді әсемдік пен жақсылыққа бұрады.

Тілшілерге бар айтарым - шын жүректен тілегім:
Қалам тербеу, сөз бастаудың қиындығын білемін.
Жазғандарың сүбелі де, жатық болып әрдайым,
Көрерменнің тербей берсін жан-дүние, жүрегін.

125

Әр күн сайын ақпараттар құралдары арқылы
Қуә болам жадыратар жақсыға да, олқыға.
Қүдіретті Елім менің сағат сайын өркендеп,
Жан түршігер жамандықты естіртпесін бірақ та.

Жасай берсін ең қуатты ақпараттар құралы.
«Жақсы сөзі - жарым ырыс» көңіліңе қонады.
Халқымыздың жоғын жоқтап, жырын жырлап жүрегін,
Радио мен теледидар бізбен мәңгі қалады.

Елбасымен жүздесеміз ертелі-кеш бәріміз
Қамқорлығын сезінеміз үлкен-кіші, кәріміз.
Қазақстан - ұлы Отан, ашық болсын аспаның!
Арта берсін атақ-даңқың, кіре берсін сәніміз!

03.09.2010

*Арайлым мен Жанболаттың
үйлену тойына арнау*

Бүгінгі күн - ата-ананың орындалды арманы.
Бүгінгі күн - шын қуанып, көңілінің толғаны.
Күн тәрізді бір шаңырақ көтеріліп төбеге,
Жаратқан күш разы болып екі жасты қолдады.

Дауылбай мен Күлбағыштың қызы қонып қияға,
Көкен құда жайрандайды ұлы қонып ұяға.
Құтты болсын ақ отауы қол ұстасқан жастардың.
Сырлы сезім, нұрлы сезім-махаббаттың тұрағы.

Қызылжардан ақ тілекпен келіп тұрмыз қуанып,
Жүрегімнің түкпірінен ақ маржандай жыр алып.
Құда-жекжат, туған-туыс отыр, міне, ортада,
Екі жастың бақытына куә болып жиналып.

Қабыл болсын ата-ананың ақ батасы ылайым!
Шаңыраққа құт-береке берсінші тек құдайым.
Арман-мақсат орындалып, табыстарға жетіндер,
Сапарларың сәтті болсын, Жанболат пен Арайлым!

Үйлену тойына

Құтты болсын үйлену той - үй болу!
Жүрек соғып көңілге әсем күй толу.
Ұзағынан болсын осы қуаныш,
Қуанышқа болмақ емес еш тою.

Ата-аналар, құтты болсын тойларың!
Орындалсын арман, мақсат, ойларың.
Балаларың бақытты боп үйленген,
Жақсылықпен өтсін әр күн, айларың.

Ақ жол тілеп есік ашқан балаға,
Ауыл-аймақ, еңбектеген бала да.
Келіп отыр құда-жекжат, бар туыс.
Тілегі бір туыс сыртта қала ма?

Келінжаным, құтты болсын босаған,
Ақ жүрекпен, ақ ниетпен аттаған.
Инабатты, ізетті бол, ибалы,
Жан-жарыңды әруақытта жақтаған.

Баршаңызға құтты болсын ақ отау,
Шаттық толы, пәктік толы бақ отау.
Тату-тәтті ғұмыр кешсін екі жас,
Бір отаудан тарай берсін мың отау!

Соколовка ауруханасына 70 жыл

Хош келдіңдер, дәрігерлер!
Ертелі-кеш әбігерлер.
Елеулі еңбек куәлері,
Сыр шертеді жәдігерлер.

Жетпіс жылдың аясында,
Емдеп кәрі, баласын да.
Жүздеген жан еңбек еткен,
Аурухана, емханада.

Құтты болсын мерейтойың,
Қимас біздің достарымыз!
Жана берсін еңбектерін,
Аман болсын бастарыңыз!

Өсіп-өніп бала-шаға,
Тоймаңыздар тамашаға.
Ауырмандар, ауру болу
Дәрігерге жараса ма?

Әр қайсына асыл тілек,
Жеке-жеке арнар едім.
Дүниенің бар асылын,
Сіздер үшін таңдар едім.

Өздеріңмен кездескенде,
Әзіл-қалжың айтпақ едім.
Шын жүректен, әріптестер,
Жырдан шашу шашпақ едім.

Туберкулез десе бізге,
Павел Саныч елестейді.
Фтизиатр біріншіні
Аймақтағы кім білмейді?

Қартайды ғой Дурасовтың
Емдеп жазған балалары.
Өзі бірақ әлі жап-жас,
Қутың қағып жүреді әлі.

Біздің шағын перзентхана,
Қанша ананы бақытты еткен.
Наталья Борисқызы
Кірін жуып кіндік кескен.

129

Соколовка аумағында,
Аяқ асты ауырғанда.
Еш уақытта іс бітпейді,
Оспановқа бармағанда.

Жүрек шаншып, балтыр сыздап,
Келе қалса науқастары,
Өз орнынан табады әр кез,
Крахмалева Ларисаны.

Жедел жәрдем күні-түні,
Дамыл таппай зырылдайды.
Фельдшер Галина Макаркызы
Қартайса да бір тынбайды.

Надежда Ручинская -
Терапия медбибісі.
Қоңыраудай дауысы бар,
Қолы жұмсақ, жүзі жылы.

Қазақстан - алтын ұя,
Баршамыздың Отанымыз.
Кездесейік амандықпен,
Сиремесін қатарымыз!

28.07.2006

Бес мүшел жас

Шыбынсыз жаз, аптап ыстық, шыжып тұрған шілдеде,
 Көрші-колаң жүгірісіп, жиналыпты әу демде.
 Таңсәріде бебеулетіп толғақ қысып анамды,
 Әкем сыртта отырыпты ойы кетіп әрнеге.

Ұлды болу арманы ғой әрбір ата-ананың.
 Жалғастыру ұрпақтарды - аманаты бабамның.
 Алтын күнмен арпалысып сол уақытта туыппын,
 Үшінші қыз шаңырақта - үшіншісі баланың.

Шаңырақтың иесі тек ұл бала боп тумадым.
 Жорта бірақ айта алмаймын әке жолын кумадым.
 Өзі беріп кетпесе де қасиетті қаламын,
 Алла маған берген екен таудай оның талабын.

Әкем мені еркелетіп «балапаным» деуші еді.
 Жақсылықтың жаршысы, жамандыққа қарсы еді.
 Түні бойы толғанып қалам тербеп отырса,
 Күні бойы жүгіріп елдің қамын жеуші еді.

Жаны да жас, өзі де жас қоштасқанда өмірден.
 Кетпек емес өртеп тұрған өкінішім көңілден.
 Білікті де, білімді дәрігерлер болғанда...
 Ақ дидарын көрер едім шаңырақтың төрінен.

Бес мүшел жас артта қалып орта жасқа жетіппін.
 Өнерім мен өмірімді бәйгеге мен қосыппын.
 Адастырмай алып жүрді Алла мені әруақыт,
 «Тәубе» деймін, шүкіршілік Жаратқанға айтып мың.

Ана болдым мейірімді Айбар менен Айдынға.
 Балдай тәтті немерелер өсіп жатыр алдымда.
 Көмегімді аямадым үлкеннен де, кішіден.
 Қадірімді білген жанға қасиет бар қанымда.

Арман - мақсат болары шын жұмырбасты пендеде.
 Арманым жоқ сусын берсе өз қолынан шөбере.
 Жалықпаспын көре берсем жақсылығын ұрпақтың.
 Жаратқан күш ғұмыр бойы тілегімді берер ме!?

Қос қайың

131

Көз алдымда жайқалады қос қайың
Иіп тұрған бір-біріне бастарын.
Қос ғашықтай қол ұстасқан көрінер,
Қоштаса алмай тамшылатқан жастарын.

Табиғаттың құдыреті жаратқан
Қос қайыңды шын жүректен жаратқам.
Жалт-жұлт еткен жапырағы теңгедей,
Сыбдыр қағып елеңдеткен, қаратқан.

Қос қайыңды, қос ғашыққа балаймын.
Көзімді алмай сүйсінемін, қараймын.
Сұлулық пен махаббатқа ылайық
Табиғаттың үндестігін қалаймын.

Жанарға

(Сүгірбаев Таңат ағамның, Дикан тәтемнің сүйікті қыздары Жанардың ұзату тойына)

Шаңыраққа шаттық, ырыс әкелдің.
Күні болдың жарқыраған әкеңнің.
Жыры болдың еш уақытта бітпейтін,
Мейірімді, сұлу мінез тәтемнің.

Ата-анаң еркелеп сен жүргенсің.
Өнегелі отбасында күлгенсің.
Арман, мақсат, биіктерге талпынып,
Жаксылықтан кенде қалып көрмепсің.

Сенің жолың жіңішке, жаның нәзік.
Жат жұрттыққа жаратқан Алла жазып.
Ұясынан ұшырып балапанын,
Шаңырақта бүгін той, бүгін қызық.

Қызыл гүл - желкілдеген бұл қыз бала.
Қонақтап жүре тұрар аз күн ғана.
Кезінде толған айдай толықсыған,
Жар тауып қол ұстасар шын наздана.

Бақытты бол, Жанаржан, жан-жарыңмен!
Көріне біл ақылыңмен, барыңмен.
Адастырмай алып жүрсін Жаратқан,
Бақытыңды жасай білгін қолыңмен.

Көрінгейсің биік-биік асқардан.
Күн күлімдеп, ай көрінсін аспаннан.
Сырлы сезім - ақ махаббат тербетіп,
Болашаққа алға ғана аттаңдар!

Өмір сүру оңай емес баршаға.
Қиындыққа қарсы тұрып шаршама.
Екеулесең жеңіл болар жүктерің,
Көтеріңдер батырмай-ақ арқаға.

Махаббатты аялаңдар, сақтаңдар!
Бір-бірінді қолдап, қорғап, жақтаңдар!
Отау тігіп өнегелі, өрелі,
Ата-ананың бар үмітін ақтаңдар!

23.03.2012

Нағашыма

Нағашым Байқасов Фазыл отыз жасында «халық жауы» атанып 1937 жылы үштіктің үкімімен 10 жылға сотталған, кейін ақталған болатын, сол кісінің және мыңдаған басқа да жазықсыз құрбан болғандардың рухына арнаймын.

Құрбаны болды саяси қуғын-сүргіннің.
Бермесін бізге тауқымет тартқан бір күнін!
Жансызы атап көз көрмес Жапон елінің,
Екінің бірін теліген «жауға» жұртының.

Орда бұзар отызға толған тойында,
Күш-қайраты кернеп тұрды бойында.
«Қызыл қырғын» қырып салған қынадай,
Болмап еді түсінде де, ойында.

Қарындасы тоғыз жаста болатын.
Ағасынан қолдау, қорғау табатын.
Түн жамылып келген сұсты адамдар,
Өмір бойы көз алдында тұратын.

Ия, тінтілген үйдің есігі қалды ашылып.
Кітап, киім, ыдыс-аяқ шашылып.
Үрейленіп, бала-шаға шырылдап,
Алпыстан асқан әке тұрды ашынып.

Соңғы рет құшып кішкентай қызын Ләззатын.
Соңғы рет сүртіп жарының мөлдір көз жасын.
«Жыламаңдар, жаңсақ мені соттамас,
Қайтып келем, - деді - Мені тосыңдар!»

Бес жылдан кейін қазасы оның жетіпті.
Әкесіз Ләззат шетінеп ол да кетіпті.
Жан-жары қаңғып, ошағы сөніп мәңгіге -
Содан бері жетпіс бес жыл өтіпті...

«Қызыл қырғын» ауыр тиді халқыма.
Нардың жүгін қалдырды зор артына.
Ана - жесір, бала - жетім, жүйрік - тұл.
Зиялылар азайды Ел басында.

Елім алып Тәуелсіздік түледі.
Қуанғаннан жарылардай жүрегі.
Қуғын-сүргін, қанды қырғын болмасын!
Орындалсын барша халық тілегі!

Жаратқанға жалбарыну

(Наталья Анатольевна Чернуханың рухына)

Әр адамға қол бұлғайды шығар биік, бір тұғыр.
Асқақ арман орындалмақ аман болса жер жұмыр.
Кей уақытта өте шығар өкіндіріп өксітіп,
Қас пен көздің арасында бір тұтамдай бұл ғұмыр.

Жаратқан күш маңдайыңа тағдырыңды жазса егер,
Пенделерміз озбайтұғын, жазымышқа шын көнер.
Бұл дүниеде сүйген құлын қатты қинап күдірет,
Жазылмайтын, оңа алмайтын қатерлі ісік дерт берер...

«О, Жаратқан, аяшы оны, мейірімінді төге көр!
Жан-жүрегім қиналады, тілегімді бере гөр!
Кәрі анасы зар жылайды, жетілмеген ұлы бар.
Арашалап ажалынан дертке шипа бере гөр!


Істелмеген көп істері қалмасыншы артында,
Көрмеген көп қызықтары бар ғой оның қаншама!
Ортамызға қайта оралып, жүрсін әлі талай жыл,
Әже болсын немересін апаратын бақшаға!» -

Деп тіледім, Жаратқанға жалбарындым, сиындым.
Ауруына қарсы тұрар қуат сұрап қиылдым.
Ажал төніп тұрса дағы үкілі үміт қол бұлғап,
Бөлшегіндей болып алды бұл қасірет миымның.


Не десек те, шипасы жоқ, дауасы жоқ дерт болды.
Жаратқан күш елу төртте ғұмыр жасқа шек қойды.
Атпай қалды арайланып нұрлы әсем күндері...
Өспей қалды бақшасында өзі ұнатқан гүлдері...

Наталья Анатольевна, әріптесім Наташа!
Кешіре гөр, тұра алмадық ажалыңа араша.
О дүниенің жақсылығын, рахатын тілейміз.
Жаның тыныш болсын сенің, табылғайсың жәннатта!

12.01.2012-23.03.2012



ЕСТЕЛІКТЕР





**Кәмеш Байқасқызы,
Иманбай келіні**



**Зейнел-Ғаби
Иманбайұлы**



**Бәди Ақшалқызы,
Төлебай келіні**



**Назар
Иманбайұлы**

Жақсының аты өшпес

139

Әкем марқұм «бұл көктемді көрген де бар, көрмеген де бар» деп көктем келгенде қуанып та, мұңайып та қалушы еді... Өйткені оны ойландыратын да, өкіндіретін де жайлар бар еді. Өзінің қатарластарының көбінен кешегі отан соғысы айырды. Өзі болса солармен қатар соғыса да алмады, елім, жерім деп соққан жұдырықтай жүрегіне соғысқа қатыса алмағаны тастай батты. Бірақ денсаулығының нашарлығына қарамастан елде еңбек етті, сөйтіп жеңіске өз үлесін қосты. Оның айғағы соғыстан соң әкем «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбегі үшін» медалімен үкімет тарапынан марапатталғаны.

КСРО Жазушылар одағының 1960 жылдан мүшесі, қазақ жазушысы, менің асыл әкем Зейнел-Ғаби Иманбаевтың өмірінің өзі де ерлікке пара-пар еді ғой. Ол туралы аз айтылып, аз жазылған жоқ.

«Сөзде - сиқыр, өлеңде - даналық бар» деп, Мұхамет пайғамбардың хадистерінде жазылған екен. Мысалы: ағылшын жазушысы Марк Твеннің «Ханзада мен қайыршысын» оқып отырсаң, хан сарайын қалай әдемі, көркем суреттесе қарапайым кедей жұртын да жеріне жеткізе суреттейді. Сиқыр деген - сол. Ал, ұлы ақын Абай Құнанбаевтың өлеңдеріндегі даналықты айтпаса да, оқыған адам бірден түсініп, әлбетте, ойлана қалады. Менің әкемнің жазушы болуына Абай өлеңдерінің әсері көп тиген. Ол 1949 жылы 26 қаңтарда «Ұлы Абайдың ұлы сөздері мені тым жас кездерімнен бастап-ақ әсерімен шексіз рухтандырған еді. Мен ол кездерде тым жас едім. Сонда да жалынды сөздер найзағай қуатындай бойымды аралап, қан тамырларыма бірден жүгіре бастады. Бұл, әрине, құдіретті күш еді. Бұл күш мені қалам алып, ой тербетуге бұйырды. Менің әдеби талабым, шын мәнінде, содан басталды», - деп жазған. Бұл сөздердің шын жүректен шыққанына ешкім күмәнданбауға тиіс. Әкем «Сүйген халқымның кәдесіне асар шығармалар жазсам, халқыма өз жүрегімді жарып шыққан сөзімді жеткізсем... Осы мақсат төңірегінде үзбей еңбектеніп, тынбай талаптанып келемін», - деп ағынан жарылып, толғанып сыр шерткен еді, өзінің 1962 жылы 29 шілдеде облыстық теледидарға берген сұхбатында. Жүздеген кітап оқып, оларды ой елегінен өткізіп, әдебиетші болудың қыр-сырын үйреніп, одан қалса өмірден үйреніп, шаршамай табандылықпен еңбек етуінің арқасында артына жүздеген әсерлі әңгімелер мен очерктер, повестер мен пьесалар, суреттемелер мен новеллалар, пьесалар мен киносценарий қалтырды.

Шынында да жазушылық, ақындық үлкен талғампаздықты, ой ұшқырлығын, жан-дүние байлығын, адами асыл қасиеттерді,

таным мен нанымның тереңдігін, сөз құдіретін түсіне білу мен қатар, міндетті түрде, ананың сүтімен, атаның күшімен бойға біткен табиғи талантты қажет етеді. Жазушы күйбең тіршілік пен күйкі өмірдің ұсақ-түйегіне аса мән бермейді, оны қоғамдағы қайшылықтар, өмірдегі жақсы мен жаман, ащы мен тұщы, қоршаған ортаның сәулесі мол жақтары мен көлеңкелі жақтары толғандырады, ойландырады, адамгершілік тұрғыдан баға беруге тырысады, жақсылыққа барар жол іздейді, оқырмандармен ой бөліседі. Жазушы күн сайын сиқырлы сөз әлемінде шарқ ұрып мыңдаған сұрақтарға жауап іздейді, ой маржанын тізеді.

Әкемді қолдап-қорғаған қоғам қайраткері, ғалым, педогог, сыншы, публицист, экономист, философ Ілияс Омаров болды. Оның газетке басылған алғашқы әңгімелерін оқып, талантты тани білетін айырықша қасиеті арқылы әдебиет жолына тура жол көрсеткен көреген, данышпан адам. Алғаш жас жазушылар жиналысына Алматыға жіберген Ілияс Омаров болатын. Ол әкем туралы Сәбит Мұқановқа хат жазып беріп жіберген еді. Ол хатында «Қадірлі Сәке! Сізге осы хатты ұсынушы Иманбаев жолдас Преснов ауданында тұратын жас жазушы. Жазған әңгімелерін оқыған боларсыз. Мен адам танысам, келешекті ойлағанда ауызға түсер жастардың біреуі осы жігіт бола ма деймін. Бірақ Иманбаевтың науқасы зор. Емдету қажет. Азды-көпті жазғандарын жинақ қып шығартса тіпті жақсы болар еді. Осы мәселелерге қолғабыс тигізуіңізді сұрар едім», - деген. Отыздан жаңа асқан, ешқайда шығып көрмеген әкем алғаш рет астанамыз Алматыға сапар шекті. Мен кішкентай болсам да, әлі көз алдымда оның киініп үйден шыққаны. Қыстың күні болатын, басында елтірі малақай, үстінде тон, аяғында пима, қоштасып шығып кетті. Қызылжарда Ілияс Омаровтың қабылдауында болып, жолына, барлық шығынына қаражат беріп, қалаша киіндіріп, шығарып салған.

Сондай-ақ, көзі тірісінде көптеген жазушылармен хат алысып тұрды. Олар: Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Леонид Макеев, Дүкенбай Досжанов, Владимир Шестериков, Бақыт Мұстафин, Сергей Пресняков, Естай Мырзахметов, Нұрғожа Оразов, Қоғабай Сәрсекеев, Борис Петров, Сафуан Шаймерденов, Ермек Қонарбаев болатын және көптеген журналистермен тығыз байланыста болды. Партия комитеті, насихат бөлімінен өте көп хаттар келетін, ананы жаз, мынаны жаз деген ұсыныстармен. Мен Ермек ағамның хатынан үзінді келтірмекпін: «Біздің облыста жазар адам шамаланып қалды ғой. Соған қарағанда Сіз бен Біз облыс туын ұстайтын сарбаздар сияқтымыз. Денсаулық көтеріп, шама жеткенше жаза берейік. Адал еңбек далада қалмас», - деп

жазыпты 1984 жылы 15 қаңтарда, осыдан тура отыз жыл бұрын. Әрине, адал еңбек далада қалмайды.

Әкем әдебиет көгінде самғап шырқап кетпесе де, қырандай қалқып еркін ұшты, оның жазған еңбектерінің қайсын алсаң да, өскелең ұрпақты биік адамгершілік қасиеттерге баулиды. Ол өте еңбексүйгіш, қажырлы, қайратты, ақкөңіл, жайдары, жарқын мінезді, қалжыңқой, жомарт жан болатын. Еңбексүйгіштігінің, өмірді өте қатты сүйгендігінің арқасында талай жыл төсек тауқыметін тартып жатып өмірден түңілмеген, көп оқыған, көп жазған. Ақыры еңбегі жанып, 17 кітабы Алматы баспаларынан бірінен соң бірі жарық көрді. Ауылда, Ортақкөлде отырып поштамен жіберген еңбектері кітап болып оралғанда, қатты қуанатын. Біз де әкемізбен бірге қуанып, шаттанып, мақтанып, ерекше бір күй кешетінбіз. Әруақыт мен оны табысымен құттықтап, тағы да жақсы шығармалар жазуына тілектестік білдіретінмін. Әкем мақтанбайтын, өзін барынша қарапайым ұстауға тырысатын, бірақ басқа адамдарға ұқсамайтыны бәрі-бір көрініп тұратын. Ол ешқашан ешкімді сыртынан ғайбаттамайтын, еш уақытта ешкімге жалынбайтын, ештеңе сұрап бармайтын, туған жерін, атамекенін саппайтын. Оған ертеректе жас жазушы есебінде облыс орталығына немесе Алматыға көш, келіп қызмет істе, білімді көтер деген шақырулар келетін, бірақ «атамекенімді, қос шалқар көлдерімді, ормандар мен шалғындарымды, еңбектеніп салған қонысымды қалай тастаймын, туған-туыс, ағайын мен ауылдастарымды қалай қиып кетемін. Осында тудым, осында өлмекпін» деуші еді қайран әкем. Ол өзін туған жердің бөлінбейтін бөлшегіндей көретін еді. Сырқаттанып жүргенде «қалаға көшсеңіз жақсы болар еді» дегенімде, «ешқайда бармаймын» деп қатты ренжіп қалды, көп ұзамай қайтыс болып, Қаражігіт, Иманбай аталарымыздың жанына жерлеген болатынбыз. Әкем қайтқаннан кейін ауылдың адамдары жетімсіреп, ортасы ойсырап, орыны бос, әзіл-қалжыңы естілмей, бастары қосылғанда көпке дейін «шіркін, Зекең болса әлде бір қызық әңгіме айтып, жұрттың көңілін бір көтеріп тастар еді» деп іздеп сағынып отыратын. Бұл дүниеге кімдер келіп, кімдер кетпей жатыр, ең қиыны жазарын жаза алмай, айтарын айта алмай кенеттен дүние салғаны мен үшін әлі күнге өкініш. Өзім көп жыл дәрігер болып қызмет еткен соң - анафилактикалық шоктың не екенін білемін. Білікті, білімді дәрігер науқасты қалай емдеуді біледі. Өзім сондай науқасқа екінші өмір сыйлап, әлі күнге дейін тірі. Ол 25 жастағы жап-жас жігіт болатын... Әкеме дәріні тамшылатып тамыр арқылы жібергенде, дәрі жақпай, 4 сағат шок жағдайында жатып, ешқандай көмек ала алмай қайтыс болған. Ауданнан дәрігер шақыртқанда, олардың келмегендері де себеп болды...

Әлбетте, ауырған кезде адамның тағдыры бірінші Алланың, екінші дәрігердің қолында ғой. Ол ақиқат.

Әкемнің өмірі де, өнері де кейінгілерге өнеге. Өйткені бала жасынан әдебиетке, көркемсөзге құмар болған. Көп оқып, көп білуге тырысқан. Баян мектебінде оқып жүргенде өзінің алғырлығымен, зеректігімен ұстаздарының көзіне түскен, сөйтіп ол бір жылда екі сынып бітірген, бірақ 7 сыныпты бітірмей соғыс басталып, барша ұстаздары соғысқа аттанады да, өзінен 1-2 жас үлкен жастар сабақ берген екен. Соның бірі кешегі ардақты ағаларымыздың бірі - Қайырбек Сыздықов болатын. Кейін ол да соғысқа аттанған. Сұм соғыс әкемнің оқу-білім алуына мүмкіншілік бермеген ғой. Бірақ адам оқып жазушы болады емес, жазушылық, шығармашылық - қанмен келіп, тұқым қуалайтын қасиет. Әжем Айткүл Жантөреқызының өлең шығаратын және атам жағынан Нұралы атамыздың суырып салма ақындық қасиеті болған. Әкемізге солардан дарыған болар...

Жасөспірім кезінен өлең жазып, өткен ғасырдың қыркыншы жылдарынан газет бетінде жарық көре бастаған, тынбай ізденіп, Абайды, қазақ жазушыларымен қатар орыс жазушыларының: Куприн, Мамин-Сибиряк, Чехов, Островский, Толстой шығармаларын сүйіп оқыған. Әкеме еліктеп аулымыздың қаншама жастары журналистік мамандықты игерді. Айта кетсем: Байтұяқ Жанымбетов, Әскер Әбілқайыров, Мереке Тұралин, Таңат Сүгірбаев, т. б. Олардың бәрі аса талантты қаламгерлер.

Ол балаларын өте жақсы көретін. Бізге «оқыңдар, жоғары білім алыңдар, жақсы болыңдар» деп қысқа күнде қырық айтатын. Мен он жылдық мектепті бітірген соң журналистік оқуға түскім келді, мектепте шет тілін дұрыс оқытпай, оқуға түсу мүмкін болмады. Ауылда жұмыс істедім. Оқымай қала ма деп әкем қатты қайғырып жүрді. Институтқа түскенімде шексіз қуанды. Оқып жүргенде ауылға автобус жүрмейді, жиырма бес шақырым жерге қысы-жазы ат жегіп алып баратын. Қайран әкем, «мен сендер үшін қиындық көрдім» деп айтқан емес. Әкеміздің арқасында он баланың жетеуі жоғары білім алды, біреуі - орта мамандық алды, ал екеуі оқуларын аяқтамады. Отбасынан алған тәрбие, өнеге, біліміміздің арқасында елімізге адал еңбек етіп, Аллаға шүкір жүріп жатырмыз.

«Тегінде бар - тек жатпас» дегендей балаларының бәрі өнерге жақын, шетінен әнші, күйші, биші, өлең жазады, «әкелерің аруақ қонған адам еді, әкелеріңе тартқан екенсіңдер» деген еді бір үлкен кісі, дұрыс та шығар.

Әкемнің қолжазбаларын оқып отырып, ол кісінің жарық дүниеден нәні жоғары қойғанын бірден түсінуге болады. Ол - еңбек. Эпиграммаларының бәрі еңбек жайлы «жақсы өмір сүру - жақсы

еңбек ету» - Лобачевскийдің сөзі. Шығармасының кейіпкері Садуақас Мұстафин «еңбек етуден артық бақыт жоқ» дейді. Елде жыл он екі ай қазандай қайнап еңбек ететін егіншілер, малшылар әкемді жұмыс басында әруақыт қуана қарсы алатын. Олардың ерен еңбектерін мақтанышпен елге танытушы еді, қанша адамның аты-жөні тарихта қалды. Бәрінің атын атасам кешке дейін айта беруге болады. Оның кейіпкерлері елдің бетке ұстар асыл азаматтары болатын. Өсер ұрпаққа олардың адамгершілік қасиеттерін үлгі еткен еді. Оның тақырыптары әр алуан еді, соның бірі - ауыл мәдениеті, ауылдың әлеуметтік деңгейі болатын. Жазушының 1962 жылы жазған «Ауылдарымызды мәдениетті етейік» деген көлемді мақаласы «Ленин туы» гәзеті мен «Мәдениет және тұрмыс» журналында жарық көрген, бүгін де өзінің қажеттілігін, өткірлігін жоғалтпаған, 2003-2005 жылдарын Қазақстан үкіметі мен Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ауыл жылы» деп жариялап, ауылға үлкен бетбұрыс жасап жатқан шақта, сол қырық жыл бұрын жазылған мақаланың үндесіп жатқанына таң қалуға болады. Бұл мақалада жазушы тұрғын үй, ауылды көгалдандыру, радио-, телехабарлармен қамтамасыз ету, көң-қоқыстан тазалау, клуб, кітапхана, медпунктер, кітап дүкендерін ашу, көркемөнерпаздар үйірмелерін ұйымдастыру. Көкөністер өсіріп, балалардың денсаулығын жақсартуға ат салысу мәселелері тілге тиек етілген. «Мен ауыл тұрғынымын. Өзімнің құтты мекенімді құрмет тұтамын. Оның күн санап өмір талабына сай қарыштап өсуіне, көркеюіне шамам келгенше үлесімді қосуға ынталымын», - деп шын жанашырлық білдірген.

Әкем өнер жолының оңайға түспегенін айтып отыратын. Жазушылық өнерді меңгеру жолында көптеген кедергілер мен жайсыздықтар да кездеспей қалған емес. Өз сөзі «халық бақыты үшін арманда кеткен ардагерлерді тірілтіп шығару міндетім сияқты болады да тұрады». Алдына осындай нұрлы мақсат қойып көп еңбек етті. Ол 1921 жылы Кеңес үкіметін орнату жолында құрбан болған күрескер жерлесіміз Құрманғали Бошатаев туралы деректі повесть жазбақшы болып, көнекөз қариялардан деректер жинады. Шығарма сол қалпы болған оқиға негізінде жазылды. Аз ғана байлар Құрманғалиды бір түнде жоқ қылып жібергенмен, оның қайғылы қазасы туралы ел ішінде білетін кісілер болған. Өлтіріп, мүрдесін белгісіз соқыр құдыққа тастағанын біреу білмесе де, біреу білген. Құрманғалиды Бекі Төребаев бастаған кулактар түнде жойып, «біз білмейміз, Спасовқадағы атаманға жібергенбіз, солар Қызылжарға жіберіпті» деп алдаусыратқан. Әкемнің деректі повесі жарық көрмеді, оның орнына «Қыран түлегі» атты көркем әдебиет дүниеге келді. Жеке адамдардың жалған намысы әкемнің нұрлы мақсатына

бөгет болды, елі үшін опат болған жерлесіміз Құрманғали Бошатаев аруағының алдында кешірілмейтін күнә болды деп есептеймін. Осы повестің негізінде жазылған «Ауыл жігіті» деген бір актілі пьесасын өткен ғасырдың жетпісінші жылдары Есіл ауданында халық театры сахналады, одан кейін Талдықорған облысындағы «Ақсу» халық театры сахнаға шығарды.

Жазушының алға қойған мақсаттарының бірі - тағы бір аяулы жерлесіміз, ақын, ағартушы Баймағамбет Ізтөлин туралы жазу, оны келер ұрпаққа аманат етіп қалтыру болатын. 1980 жылы көп ізденіп, көп толғанып «Баймағамбет Ізтөлин» атты 2 актілі, 4 көріністі драма жазды. Азамат соғысынан кейін ақын Баймағамбет Ізтөлиннің елде Кеңес үкіметін орнатуға, сауатсыздықты жоюға ат салысқанын, тап тартысына қатысып, елді еркіндікке, теңдікке, бостандыққа шақырғанын, күрес жолында қаза болғанын баяндап қана қоймай оның мән-мағынасын аша түседі.

Тарихты өзгертуге, оны қайта жазуға, бұрмалауға болмайды, оны бәріміз жақсы білеміз. Әкемнің тарихи тақырыптарға жазған шығармалары сол кездегі адамдардың өмірін, қам-қарекеттерін, арман-мақсаттарын шынайы көрсетеді, оның әр кітабы ел мен жер, нағыз еңбекші халық туралы таусылмайтын, соңы жоқ жыр сияқты. Әдебиет дегеніңіз телегей теңіз болса, әкем оған өз үлесін - тамшылаған маңдай терін қосып кетті. Ол әруақыт өткенді ұмытпай, бүгінге қуанып, ертеңгі күнге үлкен үмітпен қарады. Оның тарихи тақырыпқа жазған драмаларының бірі «Шопан қызы», одан кейін «Қос қайың» атты пьесасына Ұлы Отан соғысы кезіндегі ауылдың тауқыметі таудай өмірі арқау болған. Ауыз толтырып айтатын еңбегі - «Далам менің» киносценарийі - шын мәнінде тың туралы толғау. Әдеби кейіпкерлері де туған жерін, қазақтың даласын сүйген адамдар, солардың бірі - «Далам менің» киносценариіндегі Жәпен қарт. Сол қарт арқылы жазушы барша қазақтың өзінің еліне, туған жеріне деген шексіз махаббатын көрсетуге тырысқан. Бұл тың туралы толғауы халықтар достығын да жырлайды, насихаттайды. Әкемнің осы драмалық шығармаларын көпшілік тек оқып қана қоймай, кітап болып шығып, сахна төрінен көрсетіліп жатса тамаша болар еді. Өсіп жатқан ұрпаққа өткенді білу өте қажет. Тарихымызды тек деректі фильмдерден ғана емес, көркем әдебиет арқылы да тануға болады. Әкем туған елдің қиын-қыстау кезендерін, ащысы мен тұщысын зерделеп, жүрегінен өткізіп, келер ұрпаққа аманат етіп кеткендей. Ол қырық жыл коммунистік партияға мүше болды, Кеңес одағы жетпіс жыл өмір сүрсе, әкем алпыс үш жыл өмір сүрді. Оның шығармаларында Кеңес үкіметі кезіндегі ел-жұрттың хал-ахуалдары, тіршілік-тынысы, мұрат-мүдделері көрініс тапқан.

Әкем балалар туралы әңгіме жазуды ұнататын. Базарлы балалық шақтың естен кетпес сәттерін дәл суреттеп беруші еді. Бала жанының кіршіксіз тазалығын, сүйкімді ерке қылықтарын, әр нәрсеге таңданып, болмайтынға сенетіндерін, қиялшыл мінездерін, әдемі армандары мен үлкендерге еліктеулерін жазбай танып, қағазға түсіретін. Соның бәрін бала бойынан таба білетін еді. Балаларға арнап жазған әңгімелерінің қайсы болсын киноға сюжет болардай дүние.

Әкем тамаша суреткер болатын. Оның жазған кітаптарының кейіпкерлері - өзімен қоян қолтық өмір сүрген қарапайым ауылдастары. Шығармаларын оқып отырып аты басқаша болса да жазбай танып, тура өзін көргендей әсер аласың, ақкөңіл ауылдастарымды, өткен ата-әжелерімді сағынамын. Оларды әкемнің шығармаларынан оқып, өздерін көргендей қуанамын. Адамның мінез-құлқын, өзіне ғана тән жақсы-жаман әдеттерін қолмен қойғандай қаз қалпында көрсете білуші еді. Өзінің әңгімелерінде ауылдастарының ерекше мінез-құлқын, сөйлеу мәнерін арқау еткені соншалық, көз алдыға сол адам тұра қалатын. Бір әңгімесінің желісінде «боқтампаз тызылдақ қара шал» деген сөзді жұрт оқып, «бұл Таспай шал» деген ғой, ал Таспай атам «мені жазды» деп ренжіп, әкемнің «ол әдеби кейіпкер» дегеніне нанбай қызық болған.

Табиғат құбылыстарын: қарлы дала, үскірік боран, найзағайлы түн, орман-тоғай, желдің суырылып соғуын, көктем суреттерін, аңдарды, төрт түлік малды сипаттау ол үшін мүлде қиын емес болатын, өйткені ол барлық құбылыстарды байқап тұратын. Сөйтіп табиғатты суреттегенде, мейлі жауын жауып күн күркіресін, мейлі ақ түтек боран соқсын, мейлі күн жадырап, құстар сайрасын - соның бәрін көріп отырғандай әсер аласың. Міне, жазушы құдіреті деген сол. Адамды сендіре білуде. Ол өз шығармаларында түсініксіз сөздер мен шұбалаңқы сөйлемдерді қолданбайтын. Әңгімелері етек-жеңі жинақы, қысқа да нұсқа болып келетін, оқып отырған адамды жалықтырмауға тырысатын. Мен үшін әкемнің сондай өзіне тән жазу мәнері қатты ұнайды. Шын мәнінде ол қысқа әңгімелердің шебері еді.

Кейбір ақын, жазушылардың әңгімесін, романын немесе паровоздай ұзын өлеңін оқып болып, оның шығармасының басын да, ортасын да ұмытып қаласың. Олар қайтсем де көбейтем деп шиырлап, шимайлап, батпақтап жазады ма, қалай?

Ол әр шығармасында халық арасындағы келеңсіз жайларды болдырмау үшін ат салысты. Соның бірі - маскүнемдік, сосын - шылым шегу, боқтампаздық, еріншектік, салақтық, өсек-өтірік айту - көптеген жеркенішті әдеттер. Әңгімелеріне арқау еткен себебі, ел-жұртының заманға сай мәдениетті, сауатты, салауат-

ты, салиқалы болуын армандады. Оның кейіпкерлері қай салада да болмасын қажырлы, қайратты еңбеккерлер болатын. Қара басы өз қоғамына бір адамдай тер төгіп, еңбек сіңіргеніне қарамастан, әлі күнге еңбегінің тиісті бағасын алған жоқ.

Әлі есімде, 2004 жылы әкемнің 80 жасын атап өтпекші болып, балалары қамданды. Мен ақыл-кеңес алайын, ұйымдастыруға мұрындық болсын деп сол күнгі әкімшілік өкілі, мені қабылдаған адамның алдына бардым. Ас-суын дайындап қойғанбыз. Ел-жұртты жинап өткізу ғана қалып еді. Естіген құлақта жазық жоқ, айтқаны: «Он баласы бар екен, солар өткізсін», - деді. «Бар еңбегін, қысқа ғана ғұмырын еліне арнаған, халқына басыбайлы құлындай қызмет еткен әкемнің алар орны - от басы, ошақ қасы болғаны ма?!» - деп, ал ел басқарып жүргендердің көбінің әдебиеттен, мәдениеттен алыс, намыстан жұрдай адамдар екеніне көзім жетіп, өзім сол бір тексіз адамның алдына барғанымға қатты өкіндім. Білген адамға - әкем атасының ғана ұлы емес, елінің де ұлы еді ғой.

Құдайға шүкір, әкемді өзінің кішкентай ауылы Ортақкөл мен Баяннан бастап бүкіл Қазақ елі білді, күнде қазақ радиосынан шығармалары оқылып жататын. Облыстық газеттен басқа республикалық барлық газет-журналдарда топ-топ болып басылып жатты. Жылда баспадан бір кітап шығаратын дәрежеге жетті. Ендігі арманы орысшаға аудару болды. Өздеріңіз білесіздер, жетпісінші жылдарда қазақ мектептері, қазақ басылымдары жабыла бастады, орыстану үрдісі жанданып, қазақ жазушылары дағдарып қалды. Әкем қатты дағдарып, салы суға кетті. Айналасы толған орыстар, мектеп орысша, қазақтардың өздері де орысша сөйлейтін болғанда, оқырман тапшылығы туындады. Аудармашы іздей бастады. Сөйтіп, Галина Николаевна Хурина деген аудармашыны 1987 жылы тауып, келісімін алып, орысша кітапты 1989 жылдың жоспарына кіргізбекші болған, өкінішке орай, өзі 1987 жылы 17-қазанда о дүниелік болды. Орысшаға аударылған әңгімелері баршылық, соларды жинап-теріп бір кітап басуға әбден болады, олардың көбі А. Пряниковтың аудармалары, өте жақсы аудармалар.

Әкем жас кезінде он жыл төсек тартып ауырғанымен өмірге құштарлығын, адамдарға деген махаббатын жоғалтпаған, оның шығармалары Отанын, Атамекенін, Туған жерін, отбасын, ата-анасын ардақтап, шексіз сүюге үйретеді. Ол өзін атамекенінен бөлек санай алмайтын еді. Ол туған жерінің бөлінбейтін бөлшегі болатын, ұлтжанды еді. Салт-сана, әдет-ғұрыпты қастерлейтін. Қырық жыл коммунист болса да, мұсылман дініне берік еді. Өнерлі адамдардың барлығы жан жақты болады ғой. Домбырамен ән салып, күй тартатын. Радиодан күй төгілсе, жұмысын

тастап, беріліп, рахаттанып, әсерленіп тындайтын. Ал жазудан қолы босаса аңшылықпен, балық аулаумен, бағбандықпен айналысатын. Мерген болатын, аудандық «Аңшылар қоғамына» мүше болып, күзде ондатра терілерін үкіметке тапсыратын. Құс атқанды ұнататын. Бірде маған үйректің кептерін тиккізді. Өзі ағаштан ойып екі үйрек жасады, ал мен олардың сыртын матамен қаптап, көз, қанаттарын жіппен тіктім, оларды көлге апарып, жіпке байлап, ашық айдыңға жібереді де, өзі қамыстың ішінде тығылып отырады, сосын үйрекше дыбыстайды. Ал аспандағы үйректер көлдегі «үйректерге» қонбай қоймайды. Әкем үйге олжасыз оралмайтын. Мылтықпен ұшып бара жатқан үйрекке оғын дөп тигізіп, қуанушы еді. Ау салып, балық аулайтын, қансонарда қоян мен түлкіге шығатын. Сергек, жайдары жүретін. Үнемі таңсәріде дене жаттығуларын жасап, салқын сумен жуынатын, қырынып, таза жүретін, шашын маған алғызатын.

Айналасындағы адамдарға мейіріммен қараушы еді. Бақталастық, менмендік, күншілдік оған жат болатын, өте қарапайым, ақжүрек, мақтану дегенді білмейтін. Үнемі бізге «мақтанбаңдар, жұрт мақтасын» дейтін.

Қайтыс болған туған-туыс, алыс-жақын адамдар мен ауылдастарына арнап зираттарына ескерткіш тас белгілер қоятын. Әдемілеп жасауға тырысатын. Жүз жылдық ескерткіштер болып шығатын. Елу жыл тұрса да ескірмеген зираттағы ондаған ескерткіш тастар соның куәсі.

Шешем Камеш Байқасқызы екеуі он бала туып өсіргенмен, әкем балаларының қызығын, көмегін көп көре алмай кетті. Өте қайырымды еді. Соңғы нанымен бөлісетін. Өзінің ағасының үш баласын: Жанболсын, Қайыржан, Уалихандарды алып, ауылдағы мектепте бастауыш сыныптарды оқытты, олардың тұрған жерінде мектеп болмады. Соғыс жылдарында жер ауып келген татарларды үйге кіргізіп, баққан. Одан кейін баспанасыз жүрген Айдабол, Қанжығалы деген кісілерді жинап, паналатқан. Соғыстан соң суқараңғы Күлзейне деген апайын (ағайынының жалғыз қалған кемпірі) бір бөлмелі үйінде ұстады, біз бала кезімізде қолынан жетектеп жүретінбіз, кейін төркіні алып кетті. Ауылда ауырып қалған адамдар әкемнен кеңес алушы еді, ол да қолынан келген көмегін аямайтын. Қайсысын болсын шамасы келсе дәрігерге апарып жүретін. Тіршілігінде сауапты істермен көп айналысқан. Жаны жәннатта болар деп ойлаймын.

Әкемнің өнегелі өмірі туралы айта берсем таусылмайтын ертегідей. Оның арманы болды. «Армансыз адам - қанатсыз құс» демекші, өзі жоқ болғандықтан, оның арманы әуеде қалықтап жүрген сияқты. Тірі кезінде бізге айтушы еді: «Өліп қалсам, менің мұражай - үйім болса жақсы болар еді. Шығар-

маларым сонда сақталып қалғанын қалаймын», - деп, ол туралы өткен 2013 жылы жылбойы айтылды. Ешкім мойын бұрмады. Әкемнің үйі -өзінің 50 жылдық мерейтойына арнап салынған еді. Сол үйде отырып 1974 -1987 жылдар аралығында жүздеген әңгіме, очерк, мақала, репортаждар, ондаған повестер, киноценарий, төрт кітап шығарған еді. Сол үйді мұражай жасайық дегенмен ештеңе шықпай отыр, қолдайтын әкім-қара жоқ. Мен, тіпті, мұражайды бастап жасап дайындап жатқанда, бас-көз жоқ Повозочноенның мектебі талап алып кеткенде, айтар сөз, жасар амал қалмады. Заттарын прокуратура арқылы қайтарып алдық. Ал үйді сындырып тастасақ ешкім қарсы болмайды. Иван Шуховтың мұражайын, құлап жатқан үйді, қалпына келтіріп істесе, ондай үй бізде де бар. Ал әке аманаты - әулет абыройы мен үшін өте маңызды іс. Уақыттың еншісінде.

Өмір бойы «Баянның» еңбеккерлерін жырлап өтті, ауыл кеңесіне депутат болды, сайлау болса соның басы қасында, үкімет пен қоғам жұмысынан өле-өлгенше қол үзбеді. Айтыскер ақын Самархан Жұмадиев ағамыздың алғаш айтысқа қатысуына әкем тікелей ықпалын тигізген. Баян мектебінің ең үздік оқушысы болды. Сол мектептің түлегі жазушы болды. Сол мектепке әкем атын берсе артық емес. Ол туралы ардагер ұстаздар: филолог-ұстаз Нұржан Еламанов, Ишанғали Қасымов бұдан жиырма жыл бұрын айтып кеткен еді, бейнежазуда бар. Сол мәселені Сұлтан Қанафин ағамыз да көтерген. Мектепте әкеме арналған сынып ашылып, Зейнел-Ғаби Иманбаев оқуларын жүйелі түрде өткізіп тұруға әбден болады. Әкемнің елі үшін істеген еңбегін халқы бағалай алмаса, өкініштен басқа айтарым жоқ...

Жазушы, азамат ретінде ол өз борышын, өз міндетін адал атқарып кетті. Ақын Жамбылды Сталинді көп жырлады деп кінәлағандар бар. Сол сияқты менің әкемді де өресіз, ақылсыз адамдар ғана кеңестік өмірді суреттеді деп кінәлауы мүмкін. Ол өз заманының тамаша суреткері болатын.

Қазіргі жеке ел болып, қазақ тілі жаңа биіктерге көтерілген кезде тірі болса, оның елге берері әлі көп еді...

Осы бір әке туралы толғауымды әкемнің өз сөзімен аяқтағым келеді: «Мен өзімнің сүйікті кейіпкерлеріммен бірге ілгерілеп кете бермекпін...». Ия, жазушы еңбектері - ұрпақ мұрасы, ел байлығы. Қазақ халқы «жақсының аты, ақынның хаты өлмейді» деп текке айтпаған. Оның аты, жазған хаты өлмек емес.

Олар ұмытылмауға тиіс

149

Өткен ғасырдың отызыншы жылдарында бүкіл кең-байтақ Кеңес елінің жер-жерін жайлаған індет тәрізді «қызыл қырғын-репрессия» менің де туыстарымды айналып өтпегенін орны толмас өкінішпен еске аламын.

Ұлы ақын-жазушыларымыз, қоғам қайраткерлері, қазақтың біртуар азаматтарынан басқа өзіміздің аулымыздың арыстары да, қарапайым ел ағалары да қыршынынан қиылды емес пе?! Біреудің ағасы, біреудің маңдайына басқан жалғыз ұлы, біреудің жары, біреудің әкесі жалған жаламен атылды, немесе айдауда көз жұмды. Қазіргі таңда қабірлерінің қайда екенін білмей, әлі күнге тәу етер зиратын таба алмай зар жылап жүрген адамдар бар. Сол жандардың бірі менің анам Кәмеш Байқасқызы мен Иманбай атамның жиені Жақия Уақпаевтың қыздары - Әспет, Зура, Зара.

Алпыс жылдан астам уақыт өткенмен, биылғы жылы анамның өмір бойы іздеген, күткен, үлкен ағасы Фазыл Байқасұлының қандай жағдайда айдалып, қандай жаламен еңбекпен түзеу лагеріне жіберілгені туралы деректердің беті ашылып, шындық туы желбіреді.

Шынын айтқанда, анам екеуміз мемлекеттік қауіпсіздік комитеті орналасқан сұр түсті ғимараттың есігін үлкен үмітпен және белгісіз бір қорқыныш сезіммен аштық. Иә, сол кездегі «қырағы» қауіпсіздік комитетінің жалғасы, қазіргі комитеттің де міндеті елді ішкі және сыртқы жаулардан қорғау емес пе?! Қай ел болмасын ланкестермен, нашақорлармен, шпиондармен күреседі, елдің саясаты мен экономикасына зиян келтірмеу үшін жанталасады. Ал сол кезде кез келген адамға сенімсіздікпен қарап, кез келген адамды «жапон шпионы» етіп көрсету белең алғаны соншалық, сауатсыз шаруаны, өзінің аулының төңірегінен шықпаған, әліпті таяқ деп, бірді бірге қоса білмеген кісіні «контрреволюционер» етіп көрсету адам таң қаларлық жағдай. Алла тағала кейінгі ұрпақты сондай зобалаңнан сақтай көрсін.

Шешемнің тоғыз жасар кезі екен... Атам Байқас, әжем Бәди, үлкен ұлы Фазыл, келіні Дәріш, немересі бір жасар Ләззат, кіші ұлдары Жағыпар, Құдайберген, Қалинұр, Қамза - бәрі Преснов ауданы Баян ауылында тату-тәтті өмір сүріп жатқан. Ағасы Фазыл ірі денелі, ашаң жүзді, аңкылдаған ақжарқын, еті тірі, өзі әнші, домбырашы азамат еді. Отбасының бас көтерер, арқа сүйер қамқоршысы - ол колхоздың есепшісі қызметін атқаратын. Бір күні басқарма екеуі жүз шәйісіп қалады. «Даудың басы Дайрабайдың көк сиыры» демекші өркөкірек басшы алты кісіні куә қылып, біреуге арыз жаздырған. Көп жылдар өтсе де ана-

мның көз алдында - түсі суық екі милиционердің үйдегі барлық заттарды қопарып, астан-кестен тінту жүргізгендері, қатты шошып, дауысы жер жарып, жылаған қарындасы мен шыңғырған бір жасар Лэзатқа қарап ағасының айтқан «жыламаңдар, менің ешқандай кінәм жоқ, жақында босатады» деген сөзі, сенімді үні әлі күнге құлағынан кетпейді.

Бұл оқиға 1937 жылы 2-ші қазан күні болған еді...

Ағасы 1958 жылы ақталғанмен, еліміз егемендік алғаннан кейін, мұрағат құжаттарының беттерін ашқызуға, сол істерді туғандарына оқытуға болатынын естіген анамның үміті - тым болмады, архивта сақталған ағасының заттарын, құжаттарын, хаттарын, суретін алып жүзіне үнілу еді. Болмады.

Неше түрлі қолдың таңбасы бар бұл қағаздардың ішінде бір-неше хаттамалар мен анықтамалардан басқа ештеңе жоқ болды. «Тінту», «үкім», «ақталды» деген бірнеше құжаттар бар. Қашан өлді, қайда жерленді, қайтқанға дейін қандай жерлерде болды, ондай деректер сақталмаған. Өкінішті. Бірақ сол құжаттарды оқып отырғандағы анам екеуміздің толқып, қиналып, күйзеліп, жылағанымызды сөзбен айтып жеткізуге болмайды. Шаршап, сенделіп, тәлтіректеп, ауыр жүк арқалағандай әзер шықтық. Нағашым ұсталып кеткеннен кейін кішкентай қызы қайтыс болады, келіншегі жылай-жылай үш жылдан соң басқамен отасады, бірақ ол өмір бойы Фазылын аузынан тастамаған.

Шешем ағасының ең соңғы үшбұрышты хатын осы уақытқа дейін мың рет оқып, сонша рет көзіне жас алғаны Аллаға аян. Латын әріпімен әдемі жазылған осы хатты мен де талай оқыдым, 4-ші қазан 1941 жылы Омбы қаласы, 4-ші линия, 90 үйдің мекенжайы көрсетілген. Ол үйде сол кезде қазақтар тұрған, менің аяулы нағашыма жаны ашыған кім болды екен, іздеп барсақ, мүмкін ұрпақтарын табармыз деп те ойлайтынмын. Нағашым Жағыпар Байқасұлының іздеу салуымен 1957 жылы 17-ші сәуірде, 1958 жылы 27 ақпанда прокурор Костяевтің жауап хаттары, ал 1958 жылы 5-ші наурыздағы Солтүстік Қазақстан облыстық соты Соколдың Фазыл Байқасовқа қатысты 1937 жылы 3-ші қарашадағы «үштік» шығарған үкімнің күші жойылып, оның біржола ақталғаны туралы анықтамасы, ең ауыр соққы - ол кісіні 4-ші наурыз 1942 жылы түрмеде қайтыс болғаны туралы естірту хаты.

«Қағазға бәрі сияды, қағаз бәрін де көтереді» демекші бір отбасының қайғысына себеп болған, асыл азаматтың обалына қалған адамдар туралы ойласаң, құдайдан қорықпағандарына таң қаласын. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» деген сол.

Менің нағашым Фазыл Байқасұлынан басқа, бір күнде, бір сәтте тағы үш кісінің тағдырына балта шабылғанының еріксіз

куәсі болдық. Оларды да еске алайық. Есіл азаматтардың аруақтары, кейінгі ұрпақтары риза болсын. «Контрреволюционер-ұлтшылдар, колхозды құртуға әрекеттенушілер» деген айыппен үш кісі ату жазасына, бір кісі 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалды:

Мырзабаев Жанымбет, 1877 жылы туған, «бұрынғы бай» деп көрсетілген, 2-ші қазанда ұсталынып, 3-ші қараша 1937 жылы «үштіктің» үкімімен атылған. Ол да менің атам Иманбайдың үлкен ұлы Базардың туған қайын атасы, біздің қадірлі құдамыз, елдің ардақты адамы еді. Журналист, ақын Байтұяқ Жанымбетовтың атасы.

Қанафин Мұқыш, 1903 жылы туған, Баян орта мектебінің мұғалімі, «бай-молланың баласы» деп көрсетілген, 2-ші қарашада ұсталып, 3-ші қазан 1937 жылы атылған.

Божақов Далабай, 1896 жылы туған, Баян колхозының басқармасы қызметінен босатылып, коммунистік партиядан аластатылып, «халық жауы» колхозды тұралатты деп 11-ші қарашада ұсталып, 3 қазанда «үштіктің» үкімімен ату жазасына кесіліп, сол күні атылған.

Байқасов Фазыл, 1907 жылы туған, колхозшы, 2-ші қарашада ұсталып, 3 қазан 1937 жылы «үштіктің» үкімімен 10 жылға еңбекпен түзеу лагеріне айдалған.

Баласын ұстап әкеткеннен соң, үкім шығарылмай тұрып нағашы атам Байқас Төлебайұлы Қызылжарға ақ түрмеге іздеп келеді. Қарап тұрса қол-аяқтарына ауыр шышжыр бұғау салған көп тұтқындардың арасында баласы Фазыл мен Жәнімбет аға өтіп бара жатады. Атамды көріп Жәнімбет аға жылап жіберіпті, ақ сақалын жас жуып алыстай беріпті... Атам баласына бірдеңе айтпақшы болып, ұмтылған екен, жолатпапты. Қатты қайғырып, қамыққаннан есінен танып құлап, бір уақытта есін жиса, тұтқындар көрінбейді, жолықтырмайды. Содан атам елге келіп, қатты ауырып, қайтыс болады.

Тағы бір туысымды айтпауға болмайды. Ол талантты журналист Жақия Уақпайұлы Уақпаев, менің атам Иманбай Қаражігітұлының үлкен апасынан туған. Руы - Бидәлі Уақ. Уақпай жездемнің отбасында Бақтыбай, 1909 жылы туған, Жақия, 1904 жылы туған, Кәтия, 1910 жылы туған - үш ұлы болған. Апамыз ерте қайтыс болып, Кәтия емшектегі жас бала кезінде анасыз қалған.

Жақия білім алып, Төңкеріс ауданында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі болып қызмет істеген. Аудан таратылған соң 1931 жылы Алматыда рабфакта оқып, журналист болып шыққан, «Кеңес» газетінде жұмыс істеген.

1935-1937 жылдар аралығында Атбасарда аудандық газеттің редакторы қызметін атқарған. Кейін «Ленин туы» газетінде ауылшаруашылық бөлімін басқарған, газеттің партия ұйымының хатшысы болып істеген. 1937 жылы «халық жауы» деген жаламен ұсталып, ақ түрмеге жабылған. Бір ай бойы әйелі түрмеге күнде барғанмен жолықтырмаған, содан хат-хабарсыз кеткен. Кішкентай қыздары Әспет пен Зураны ағасы Бақтыбай ауылға алып кеткен, ал әйелі кіші қызы Зарамен 1938 жылға дейін қалада тығылып жүріп, кейін елге қайтқан.

Қазір менің жиеншарларым - аяулы апаларым Әспет, Зура, Зара Жамбыл ауданында тұрады. Туған апама, әкелерінен кішкентай кездерінде айырылған апаларыма, басқа да репрессия құрбандарының отбасына сол қарғыс атқан заман енді қайтып келмесін, арманда кеткен асыл азаматтардың жандары жәннатта, топырақтары торқа болсын. Біз еш уақытта оларды ұмытпаймыз, олардың жақсы аты мен жарқын істері өшпек, өлмек емес. Артында қалған ұрпақтары, ел мен жұрт аман болсын!

Жастығымның жаза баспас куәсі ең...

*(Алаштың аяулы азаматы Мекеш Жұмабекұлы
Өтетегінің рухына арнаймын)*

153

Өмірде не болмайды. Жақсылық болсын, жамандық болсын, бәрі Алланың ісі. Қайғы да, қуаныш та, өкініш те бір кісінің ба-сында жетіп артылады ғой. Артында еске алатын туған-туыс, дос-жарандары бар адам армансыз. Соның бірі - Мекеш Жұмабекұлы Утин. Өзіне айта алмаған сырымды рухына арнап отырмын.

Мектай, есінде ме, біздің мектептің ұл-қыздары шетінен үріп ауызға салғандай сүйкімді, ақылды, өнерлі еді ғой. Оқуды да жақсы оқитын. Сен жетінші сыныптан оныншыға дейін оқып жүргенде, мен тоғызыншы сыныпта келіп қосылдым. Әкем марқұм мені жетінші сыныптан қалаға жібермекші болды, мен жылап бармадым, сегізінші сыныпқа да бармадым. Содан Баян ауылында интернатқа ай сайын он сегіз сом ақша төлейтін болдық, ол кезде біздің отбасы үшін көп ақша болатын, бір жыл сегізінші сыныпта оқып, ата-анамды қиындыққа ұшыраттым. Келесі жылы әкеме еркелеуді қойып қалаға кеттім.

Алдымен жазда Есіл өзенінің жасыл жағалауында орналасқан, өте жәйлі демалыс лагерінде балалармен бірге болып, көрісіп, білісіп, үйренісіп, оқуға келгенде бір-бірімізбен әжептәуір таныс болдық. Мұғалімдер, тәрбиешілер, балалар - бәрі маған ұнады, бірақ тосырқап тұратынмын. Басқалар сияқты өзімді еркін сезіне алмайтынмын. Оқуымды оқып, өзіме келген сөз болса сөйлеп, сұрақ болса жауап беретінмін, ешкімде шаруам жоқ та. Мені «Қыздар кеңесіне» төраға қылып сайлаған себебі де сол тағылау болған соң шығар... Ұлдар мені, мен ұлдарды айналып өтуші ем. Сенің ғана маған деген ерекше жылы көзқарасыңды көретінмін. Он бес жастағы жасөспірім баланың үлкен кісіше қызға қарағанына таң қалатынмын, ал менің ойымда ештеңе жоқ еді. Сен маған сегізінші наурыз күні кітап сыйлап едің, оны жоғалтып алыппын. Киноға шақырғаныңды да ұмытып қалыппын. Тек есімде, бір күні конькимен сырғанап үйренгім келіп бір қызбен мұзайдынына бардым. Конькиді алып аяғыма байладым да, жиекте қалқыып тұрғанмын, жанымнан өтіп жатқан кісілерден жасқанып, тобығым бұратылып, құлап түстім. Оқуға бара алмай төсекте жаттым, аяғым көкпенбек болып ісіп кетті. Бір күні үлкен үзілісте, жаныңда Талғат пен Жұманғали бар, келіп, үлкен кісілердей көңіл сұрадыңдар. Есімде қалған дүниелер өте аз, біз сендермен бір жыл ғана оқыдық қой. Сен «менімен киноға бармай, бір баламен коньки теуіп жүрдің, содан бері конь-

кимен мәнерлеп тебуге қарамаймын» дегенде таң қалдым, мен конькимен сырғанауды білмеймін ғой.

Күлтай қарындасың «Мектай ағам ақылды ғой, ол сені жақсы көреді» дейтін. Мен үндемейтінмін. Өзімнің сегізінші сыныпқа дейін жақсы көретін досым - Айсұлу еді, одан басқа досым болмаған. Ал, ұл балалармен достасу деген ойда да жоқ. Ойымыз мектеп бітіру, жоғары білім алу болатын.

Мектеп бітірген соң Алматыға оқуға түсуге бардым, Күлтай да барған екен. Бірге оқыған Күләндам Шахметова, Өрік Нұрмолдинаны да көріп қуандым. Біздің бір ерекшелігіміз, мектеп-интернатта оқыған балалар кездескенде бірге туғандай қуанып шұқырасамыз ғой. Күлтай екеуіміз оқуға түсе алмай елге қайтатын болдық. Көңіл күйіміз мәз емес. Сен бізді шығарып салыпсың. Балмұздақ әперіп көңілімізді аулапсың. Менің есімде жоқ. Одан бері көп жылдар өтті, тек сен ғана ұмытпапсың. Зерек болатынсың. Бес жасыңнан әкесіз қалғандықтан болар ерте есейгендігің көрініп тұратын, он бес жасыңда қызға қарап жүргенің де соның белгісі болар... Сен туғанда әкең атыңды Мейрам қойса керек, кейін құжатыңа басқаша жазыпты. Еркелетіп атағысы келген ғой.

Жылдар жылжып өте берді, сырттай аман екенінді білетінмін. Інім үйленгеннен кейін келініміздің жақын туысы екенінді білдік. Алматыға талай келіп, талай кетіп жүрдік. Құдағиымыз «осы Мектай бізді көрсе, үнемі сені сұрайды» дейтін еді. «Неге сұрайтынын қайдан білейін» деп күлетінмін. Есіме сенің ұялшақ бала күнің түсе қалатын.

Бірде біздің Баян Қуандықова Алматыға барғанда, тағы да мен туралы сұрапсың. «Ол сол қалпы, өзгерген жоқ» депті. Содан кейін бір көруге ынтығып жүргенінде менің сіңлім бара қалған екен. Жақсылап қарсы алып, шай беріп тағы да мен туралы сұрапсың, «егер келе қалса, хабарлас» деп қатты тапсырыпсың. Алланың жазуы болар, отыз жеті жылдан соң кездестік...

Мен демалыс алып 2005 жылдың шілде айында Алматыға келдім, таңертең поездан түскен бетім, сіңлім жанталасып жұмысқа кетті. Түске қарай телефон соқты. «Бізді жұмыстан соң қонаққа Мектай ағам шақырып жатыр» деп, ойланып қалдым, қырық жылдан соң іздегені қалай, бұрын қайда қалған, ол маған не айтпақшы деген ойлар келді. «Ойланбай-ақ қой, бірге барамын», - деп сіңлім айтқан соң келістім. Кешке сіңлім, жиенкыз үшеуіміз үйден шықсақ, есік алдында жалт-жұлт еткен қара «Мерседес-600» келіп тоқтады да, ішінен қуанышыңды жасыра алмай жарқылдап күліп түсіп, амандасып, бізді тауға қарай алып жөнелдің. Амандық сұрап жатырсың. Тауда ашық мейрамхана-

да таза ауада әңгімелесіп ұзақ отырдық, тоңазып плед сұрап алдық, сен суықты да сезбедің. Сол сәтте алыстағы қайта оралмас жеткіншек шақ саған қайта-қайта қол бұлғап, қолыңнан ұстап жетектеп кеткен еді...

Келесі күні телефон шалып, қуанышыңда шек жоқ екенін, жеті қабат аспанға шығып кеткендей күйде екенінді айттың. Кездескің келді. Сол күні тағы кешке даладағы кафеде әңгімелесіп ұзақ отырдық, Еркінді шақырып алдың. Газетке өлең басу туралы өтініш айттың, ол келісті. Сен мектепте айтатын «Сәулем, сол рас» деген өлеңді еске түсірдің. Оның сөзін ақын Әли Мұсаханов, әнін композитор Мәделхан Есмағамбетов жазған болатын. Мәтіні:

Көк Есілге сағынышпен қарасаң,
Көз алдыңнан мені әкеткен жол өтер.
Саған айтар: «келмейді», - деп сұрасаң,
Сенбе, сәулем, сенбе, сәулем, ол - бекер.

Қара бұлтты бүркенер де ашық күн,
Терезенді қағып құйын селдетер,
Саған айтар: «өліпті», - деп ғашығың,
Сенбе, сәулем, сенбе, сәулем, ол - бекер.

Жағасында тұрсаң қарап үңіліп,
Мұңын айтар дөңбекшіген көлде шер.
Саған айтар «кетті ол - деп - түңіліп»
Сенбе, сәулем, сенбе, сәулем, ол - бекер.

Шипа іздеп сағыныштың дертіне,
Махаббаттың сенімімен сыбырлас.
Саған айтар: «берік ол - деп сертіне»
Әне, сәулем, әне, сәулем, сол рас!

Бұл өлеңнің сөздері сенің ойларыңмен қабысып жатқандай жүрегіңе жақын еді. Қаншама жылдар жан адамға ашпаған сырың да, мұңың да бір сәт лықсып төгіліп кеткендей болды.

Әңгімеңнен маған деген үлкен өкпең барын, орны толмас өкінішің барын сездім. Көп нәрсені еске түсірдің. Өткен ондаған жылдарда үнемі менің қайда жүргенімді, амандығымды сұрастырып біліп жүргеніңді айттың. Мені алғаш көргеніңде интернаттың бірінші қабатында терезе алдында Нұралин Жанпейіспен қосылып ән салып тұрыппын, бір көргеннен ұнатып қалыпсың. «Мұрыныңды көтеріп жүретінсің, маған қарамайтынсың» дегеніңе «Менің бойым аласа болған соң мұрным-

ды көтеріп жүретінмін, ал ұлдарға қарауға ерте-тін, бала болдык қой» деп шынымды айттым. Нанбадың. Өкпелей берген соң, «ол кезде екеуміз де онбесте едік, есейген соң неге іздемедің» десем, «тағы да бетімді қайтарасың ба деп қорықтым» дедің. Бала кезде де ештеңе демегенсің, тек бір-бірімізден кітап алып оқитынбыз. Тоғызыншы-оныншы сыныптарға арналған тарих пәнінің оқулығы біреу еді ғой. Өз сыныбыңда күліп-ойнап аузың жабылмағанымен, мен үшін үндемейтін, ұяң, биязы, тәртіпті едің. Талғат, Жұманғали үшеуің керемет дос едіңдер, үнемі бірге жүретінсіңдер, сенің айтар сөзіңді олар айтатын. Ерте дүниеден өткен Жұманғали досыңды жиі еске алушы едің. Ия, демалыс бітті, сен қимастықпен шығарып салдың, жаныңда Мәскеуде бірге оқыған досың, белгілі сахна шебері Айдос Бектеміров болды, балалар бәріміз суретке түстік. Сол сурет ескерткіш болып қалып қойды...

Атақ-абыройың жетіп жатты. Сен әркімнің өресі жетпейтін Москва мемлекеттік университетін бітірдің, еліміздің ірі экономисі болып қалыптастың, Біріккен Ұлттар Ұйымының жанындағы Халықаралық ақпараттандыру академиясының академигі, Инженерлік Академияның корреспондент-мүшесі, Қазақтың Бас сәулет-құрылыс академиясының профессоры болдың. Басқа да жетістіктерің жетерлік еді.

2006 жылдан сен ауыра бердің, Берлинде емделген кезде, неміс дәрігерлеріне құдайдай сендің, сауығып кетермін деп жүрдің. Соңғы рет кездескенде тағы да жолдастарыңды шақырып ресторанға апардың. Тағы да Қазбек Шаришев, Бүркіт Бекмағанбетов, Ошан Нұрсеитов болды. Келесі күні сіңлім үшеуіміз атақты Шымбұлаққа бардық.

Аспалы жол бізді тал бесіктей тербетті. Әсем Алатаудың биік шыңдары алысқа қол бұлғап, өрмелей өскен жасыл бұйра қарағайлар бізбен жарысып келе жатқандай, ал біз болсақ жарқыраған, жадыраған алтын күннің сәулесіне шомылып, тылсым табиғаттың сиқырлы сұлулығына сүйсініп, сұқтана қарағанбыз. Одан кейін кафеге апардың, тағы да қимай қоштастың. Түріңнен шарасыздықты байқағанмын, көзінде қайғы-мұң бар еді, сен ауруыңның қандай екенін білдің, тек маған айтпауға тырыстың. Шет елде дәрігерлер науқастан шындықты жасырмайды ғой. Кететін күні Айдос екеуің вокзалдан шығарып салдыңдар, суретке түстік. Сол суретке жиі қараймын.

Ауру меңдеп бармаған жер, баспаған тау қалмады. Хабарласпай кеттік, оған мен де кінәлімін. Қатты ауырып жүргенде мазанды алмайын дедім ғой. Соңғы рет реанимацияға түскенде, телефонмен хат жазып хал сұрағанда, өзің телефон шалдың. Дауысың эзер шығып, демің жетпей тұрды, «жағдайым оңды емес, қаным аз» дедің, «емге шипа берсін, ауырма, сау бол» дедім,

«хабарласып тұр» дедің. Сен менімен қоштасып жатыр екенсің ғой, екі жарым тәуліктен соң қайтыс болдың. Алланың жазуына не істейсің?! «Жазмыштан озмыш жоқ» деген, армандарың бар еді... «Мен ұзақ жасаймын» деуші едің, болмады ғой, жап-жас жарқырап тұрған, кемел шағында кете бардың, қайран балағашық! Зиратың Кеңсай-2 - де атақты Заманбек Нұрқаділов пен Алтынбек Сарсембаевтармен қатар екен, тіршілікте бірге жүрген жолдастарың еді, қабірлерің де қатар болғаны Алланың ісі ғой.

Зираттағы ескерткішке жазылған бір шумақ өлеңге бәрі сиып тұрғандай:

Баяндай батыр бабаң киелі шын.
Мағжандай ұлы ақынның жиенісің.
Тірінде қаншама ізгі іс істедің.
Иманың болсын жолдас сүйенішің.

16 маусым 2009 жыл

Жоғалған сарбаз

(Көкем Назар Иманбайұлының рухына арнаймын)

158

Алдымда он тоғыз жасында әскерге алынып, жиырма жасында кешегі дүниежүзілік екінші соғыста неміс басқыншыларының жаугершілігінде хабар-ошарсыз кеткен әкемнің ағасы, менің көкем Назар Иманбайұлының сарғайып кеткен бір топ хаттары жатыр. Бала жігіттің туғандары мен елін сағынып жазған хаттары. Соғыстың алдында түскен фотосуретінде ана сүті аузынан кеппеген, екі беті томпиған, көзі мөлдіреген жасөспірім отыр. Тағдырының қиын, қабырының белгісіз болып қалатынын кім білген? Мен соғыстан кейін тусам да, әкем оның суретін көрсетіп, «сеңің көкең Назар, мүмкін тірі шығар. Тірі болса бір келер. Келгенде оны «Бапа» деп атаңдар» дейтін. Көрмесек те сыртынан «Назар бапам» дейтінбіз.

1941 жылдың қараша айында Солтүстік Қазақстан облысы, Преснов ауданы, Баян ауылдық округінен әскерге алынып, Ақмола қаласында құрылған 106 кавалерия дивизиясының 269 полкінде қатардағы жауынгер болып қызмет істеген. Оның бірінші хаты 1941 жылдың 15 желтоқсанында жазылған. Ол 10 желтоқсанда екі-екіден ат беріп Ақмолаға аттандырғандарын, ал 19 желтоқсанда Ақмолаға жетіп, 20-күнгі комиссияны тосып жатқанын айтады. 24 желтоқсанда «атам мен апам мені ойлап жүдемесін. Елде сендер аман болсаңдар, мында мен аман болсам - бәрі бір күндей болмас, Ортақкөлдiң топырағын басып жүрерміз» деп жазады. Хатында кавалерия тек қазақ жастарынан құрылғанын, тамағы нашар екенін айтады, басқа ұлттың өкілдері болмаса керек. 4 қаңтарда өзінің Алматыға кіші политруктар мектебіне оқуға бара жатқанын жазды. Елден алыста Алматыда жүріп елдің адамдарын іздесе керек, келесі 1942 жылы 1 ақпанда жазған хатында алты күндік демалыста елдің балалары жиналып, Артиллерия көшесі 31-үйде тұратын Ғабит Мүсіреповтің үйіне бармақшы екендерін жазады. Мекен-жайы: Алматы қаласы, №5 пошта жәшігі, 19-үй деп көрсетілген. 22 ақпанда «марттың бесі күні оқуды бітіріп, құрметті атақ алып қайтқалы отырмын» деп жазғанына қарағанда «младший политрук» деген атақ алса керек, тегі коммунистер партиясына мүше болып отыр. Коммунистерді немістер бірден атып тастаған. Егер оққа ұшпаса немістердің қоршауында қалған 25000 жауынгердің ішінде атылып қалған шығар, әлде Германияға айдалып кетті ме?

1942 жылы 1 наурызда «осы айдың бесі Ақмолаға жүрейік деп отырмыз, мені енді рядовой болып істетпейді. Герман фашистері күнбе-күн жойылып, құртылуда, Советтің қызыл туы

желбірейтін күн жақын. Мен Артиллерийская көшесі, 51-үй-демін» деп жазды. Жеңіске сенді. Ал кетер алдында елдің жігіттері Ғабит Мүсіреповтың үйінде қонақта болыпты. Ол «қонақасы беріп, сыйлап жіберді. Сәбит Мұқанов екеуі бір үйде тұрады екен, пәтерлері бір-біріне жақын екен» деп жазды. Жерлес жазушы Ғабит Мүсіреповтың майданға аттанайын деп тұрған өрімдей жас, жиырмадағы жігіттерге құрмет көрсеткеніне қалай риза болмассың?! Сөйтіп көкем 21 наурызда Ақмолаға жетсе керек. Ең соңғы хатында «30-40 хат жаздым, жауап жоқ» деп ренжиді. Хатта қара қарындашпен жазылған латын әріптері көрінер көрінбес болып сүртіліп кеткен. Әкем ағасының соңғы хатты станция Лазоваядан 1942 жылдың мамырында жазғанын, тек адресі толық жазылмағанын айтқан болатын. Сол кеткеннен мол кетті. Хабар-ошарсыз кеткен ағасын әкем көзі тірісінде көп іздеді, әскери архивтерге сұрау салды, болмады. Қолда қалған құжат 106 атты әскер дивизиясының 269-полкынан келген 04.04.1942 жылы берілген №1234 анықтама, қызыләскер Иманбаев Назардың шын мәнінде әскер қатарында екені және отбасы «әскер отбасы» ретінде жеңілдіктер алуына болатыны туралы.

Әкем ендігі кезекте онымен болған адамдарды іздеп, Дауқара ауылынан Құрманғали Жағыпаров атты адамды тапса керек. Сол кісінің көзімен көріп, шайқас туралы жазғандары бар. Оқып отырғанда біздің атты әскердің қандай қантөгіске ұшырағанын біліп, көріп отырғандай төбе шашың тік тұрады. Ол кісі мынаны баяндаған еді:

- 269 полкта 1942 жылы мамырдың басында алғашқы шайқастан кейін 132 адам қалды. Иесі өліп қалған 750 атты біріне-бірін қосақтап, алға салып айдап Лазовойдан 75 шақырым әрі тұрғанбыз. 22 мамыр таң ата қайтадан соғысқа жіберді. Бізге 980 адамды қосты. Кім партияда, кім комсомолда қайтадан эскадронға бөлді. Сағат 11-де Ақпанбетов деген майор сөз сөйледі. «Әрбір солдат пен офицер өз бастарынды қорғандар. Содан барып Отан қорғау туады. Жаудың 75 самолеті бомбаламақшы, оққа ұшып қалмаңдар?» - деп тапсырды. Селдір ағаштың ішінде төрт адам келе жатқанда бомба түсіп, мен аман қалдым. Сол 22 мамыр күні сағат 12-де ауыр жараландым. Харьков бағытында бір дивизия атты әскер, 50 мыңдай жаяу әскер қоршауда қалып, ақыры неміс қолға түсірді. Жаралы адамдардың өзі 25 мың болды. Қолға түскеннен кейін орыс аудармашысы мен немістің офицері жүре алатындардың қатарға тұруын бұйырды. Жүре алмайтындарды осы жерде пулеметпен ататынын айтты. Ақыры жүре алмайтындарды Михайловка селосының жанында үлкен көлдің жиегінде атты. Бізді жаяу айдап әкеп вагонға мінгізді. Бір вагонға 60 солдаттан. Содан алты тәулік жүріп Харьковтан Украй-

надағы Житомир қаласына әкелді. Біздің вагоннан 45 адам өлді. Алты тәулікте қара су да бермеді. Қостанайдың Мұрат деген жігітімен жолдас болып, оның қолында көрсетпей ала шыққан самозаряд винтовканың штыгі болған. Сол штыкпен вагонның шетін бұзып, котелок сиятын тесік жасап, жолда су, нан алып отырдық. «Өлмегенге өлі балық» дегендей әйтеуір тірі қалдық. Сол Житомир қаласында сау адамдардың лагері болды. «Бірлестік» ауылынан Махметов Темірболат, Зикирянов Тезекбайды сол жерде кезіктірдім. Олар да аман елге келді. Ия «қырық жыл қырғын болса да ажалды өледі» деген сол. Өзім 1942 жылы 15 тамызда лагерден қашып шығып, Киев қаласына келіп, немістің эшалонына мініп Таганрог, Ростов қаласына келдім. Содан жаяу Буденновка ауданына келіп партизандарға қосылып алты ай болдым. 1943 жылы қаңтарда Сталинградтан немістерді қуды, біз босадық. Комсомол билетім мен ауру тарихымды сақтап қалғанмын. 1943 жылы 16 маусымда елге оралдым.

Шын мәнінде Құрманғали аға менің көкеммен бір полкта болған, көрмегеніне адам сенбейді. Көрмесе көрмеген де шығар, көкем көп уақытын Алматыда оқуда өткізді, «байтал түгіл бас қайғы» жүздеген жауынгерлер бірін-бірі танымаған ғой. Шет жерде өз ауылының адамдарын іздестіруге тырысқан. Кездессе, қуанған.

Әкем қанша іздестіргенмен соғысқа аттанып, бірақ «соғысқа мүлде қатыспаған» деген жауап алғанда таң қалғаннан басқа амал болмаған. Сөйтсек оның өз себептері болған. Бір дивизияны Украина жерінде жоқ қылған неміс басқыншылары ғана емес, сол кездегі орталықта отырған қолбасшылар да кінәлі болғандықтан, ол туралы айтып ауыз ашуға болмаса керек.

Бір күні «Жоғалған қазақ дивизиясы Украинада табылды» деген мақаланы оқып, көкем тірі келгендей қуандым. Аллатағала бар болса бір хабары келер деп жүретінбіз. Жетпіс жылға таянғанда, көкемнің дивизиясының ерлігіне, көкемнің шын мәнінде ерлікпен қаза тапқанына көзіміз жетті. Өкініштісі, қаза болғандардың есебін сол кездегі әскери басқармалардың дұрыс жүргізбегендігі. Неміс армиясы есептен жаңылмаған ғой.

Биыл, 2012 жылы мамыр айында, сол жойқын шайқасқа 70 жыл толды. Кеңес үкіметінің әскери қолбасшылары өте нашар қаруланған, қолдарында қылыштан басқа дұрыс қарулары жоқ, ат үстіндегі жауынгерлерді жауға нысана етіп жіберіп, ақылға сыймайтын әрекетке барған. Соның өзінде біздің әскерлер қоршауды бұзып өтуге тырысып, жау шебіне 170 шақырымдай шабуылдап кіріп, Красноград қаласына жақындап барған. Одан кейін 20 мамырда қолбасшылардан ешқандай көмек болмай, ақыры 22 мамырда қоршауда қалған.

Ия, сол «Харьков қазандығы» атанған шайқаста үш армия жаумен жағаласып, 300 мың жауынгер қаза тапса, кімнің сүйегі қайда қалғанын бір Алла біледі, тек хабар-ошарсыз кетті деген сөз жаныма батады. Суретіне үңіліп, арманда кеткен көкем тірі болса, балалы-шағалы ел қатарлы өмір сүріп өз ажалынан өлетін еді-ау деп еңіреп жылағым келеді. 1922 жылы туып 1942 жылы майданда жоқ болған жиырма жастағы көкем суреттен бізге амандық тілеп тұрғандай көрінеді. Адам әрқашан бірнәрседен үміттенеді ғой. Ендігі үмітім - Германия мұрағаттарын ашып қарататын болса, содан бір деректер табылып қалар деген ой-арманым бар. Кім біледі тұтқынға түсіп, ажалы артынан болса, соны анықтармыз. Кіші политрук оқуын оқығанына қарағанда коммунист болуы мүмкін, немістер коммунистерді бірден атып тастайтын еді ғой. Кім біледі... Не дегенмен сүйегінің қайда жатқанын білсем деп армандаймын. Басына барып тәу етер едіп, туған жердің топырағын апарар едім. Өкініштісі, оның әскери құжаттарында аты Қазар, ал өзіміздің «Боздақтар» кітабында Хазар деп жазылған. Ол да көңілге көлеңке түсіріп тұр. Оның бір басына қаншама қателіктер кездескен десеңші.

Туған ауылы Ортақкөлдің топырағын қайта баспаған, жар сүйіп, бала тумаған, қабырсыз қалған, хабарсыз кеткен, қайран Назар көкем, саған арнап естелік жазғаннан басқа амал жоқ.

Жаны сұлу жан анам

162

Ес білгелі өзімнің анам - Кәмеш Байқасқызын тек қажырлы, қайратты адам есебінде танимын. Еш уақытта салы суға кетіп жүрмейтін, қандай қиындыққа болсын төзе білетін, ақжарқын, жаны да тәні де сұлу, жақсылыққа жақын, мейірімді, балажан, бауырмал адам. Жасынан тағдырдың тауқыметін көрген. Төрт жасында анасы Қапаш қайтыс болғанда әкесі Байқас Төлебайұлы шиееттей алты баламен қалған. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы елдегі аштықтың салдарынан көшіп-қонып, көрші Түменге өтіп кеткен кездерінде төрт жасында шешеден айырылған. Кейін елге келіп, үлкен ағасы Фазыл колхоз жұмысына араласып, жандары қалады. Жазықсыз жаламен 1937 жылы үйдегі жалғыз бас көтерер ағасы Фазыл Байқасұлы ұсталып кетеді. Алла ағасын қайта көруге жазбады. Ол кезде анам тоғызға да толмаған екен. Әкесі - алпыста, екінші ағасы Жағыпар - он бесте, Құдайберген, Қалинұр, Қамза одан да жас болатын.

Бұл сокқы аздай, тағдыр тағы бір ауыртпалыққа тап келтірді. Ол неміс фашистерінің Кеңес Одағына басып кіруі еді. Буындары қатпаған бір үйдің төрт баласы соғысқа аттанады. Ағаларының жатса-тұрса аман қайтуын тілеп, жылап жүріп, өзі де он төрт жасынан колхоздың жұмысына араласып, үлкендермен қатар өгіз айдап, жер жыртады. Көктемде белуардан қалың қар жауып, өгіздер қырылып, бүкіл ауылдың сауып отырған сиырларын соқаға жегеді. Қыстан көтерем болып шығып, көктемде бұзаулап, әрбір отбасын сүтімен асырап отырған сиырларда қандай күш бар? Сөйтіп ауылдың бала-шағалары соғыс салған тауқыметті бес жыл тартты. Кіші ағасы Қамзадан «қара қағаз» келді, онда ағасы Калинин облысы Дешевка селосын азат ету кезінде ұрыста ерлікпен қаза тапты деп жазылыпты. Анам оның зиратына барып келуді арман етті. Екі бірдей атпал азамат - Құдайберген мен Қалинұр хабарсыз кетті.

1942 жылы әкесі Байқас Төлебайұлы қайтыс болып, анам әкесінің інісі Қасымның отбасында мүлде жалғыз қалды. Қасымның әйелі де қайтып екі қызы Нескен мен Әйкен болды. 1944 жылы қарашада әкесінің інісі шешемді әкеме тұрмысқа береді, бірақ шешем колхоздағы жұмыстан қол үзбеді. Үлкен ағасы Жағыпар соғыстың басынан аяғына дейін қатысып, кейін Вена қаласында комендатурада тағы бір жыл қызмет істеп елге қайтты, бірнеше медальдармен мен «Отан соғысы» орденімен марапатталған, ол елге көп жыл еңбек етіп, 1966 жылы 46 жасында қайтыс болды. Жеңгесі Күлбаршынмен жиырма жыл отасып, балалары болмағаны да анамның қабы-

рғасына қатты батты. Ол соғыстың алдындағы ақар-шақар бір үйлі жаннан шаңырақ иесі қалмағанына тек соғыс кінәлі деп есептейтін.

Өзі болса, әкем - КСРО (СССР) Жазушылар одағының мүшесі, қазақ жазушысы Зейнел-Ғаби Иманбаевпен қырық жылдан астам отасып, оның істеген ізгі істері мен жазған кітаптарының куәсі, алғашқы оқырманы болғанына Аллаға көп ризашылығын білдіріп тәубе айтатын. Он баланы мәпелеп, құлатпай, жылатпай, жыртық көйлек кигізбей, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай, өзінің өмірден көргенін, түйгенін жалықпай айтып, жақсы мен жаманды айыруды барынша түсіндірген де - анам болатын. Ол өз балаларын ғана емес, әкемнің ағасы Базар көкемнің де балаларын: Жанболсын, Қайыржан, Уалихандарға да қамқор болып, бірін ақ сүтімен асыраса, біріне адал асын беріп, ақ төсекке жатқызып, ауылдағы мектепте оқытты. Әкеміз де: «Оқыңдар, біз анаң екеуіміз соғыстың кесірінен оқи алмадық, ал сендер қалай да оқыңдар», - деуші еді. Құдайға шүкір, «Әке көрген - оқ жонар, шеше көрген - тон пішер» демекші, он баланың жетеуі жоғары білім алды. Түрлі мамандық иелері. Немерелері де жоғары білім алып, көбі үйлі-баранды. Анам мен әкемнің кіндігінен тараған елуден аса ұрпақтары бар. Әкем екеуі бір ауылда туып өскен. Шешеме әкем ғашық болып қосылған, оны мына өлеңінен байқауға болады:

Көңіл, шіркін, қобалжыр көркіңменен,
Көркің емес күйемін өртіңменен.
Кеуде-сандық, алтын сыр дестеленген,
Көңіліме орнаған дертіңменен.

Әркімге, шіркін, көңіл қобалжымас,
Әумесер, көрсеқызар деп те аталмас.
Әрқашан жас жүрегім гүлменен тең,
Әтір исі аңқыса болмай ма мас?

Мәнін ұқсаң көңілім сырда жатыр,
Мұхиттайын тасыған қырда жатыр.
Мен дегенде қалайсың ұға алмаймын,
Менің үшін сен жалын болдың ақыр.

Емсің өзің жаралы жүрегіме.
Егер дұрыс, я қате ерік сенде.
Елжірейді жас жаным, уланады,
Еркімді алып азапқа салдың неге?

Шынайы, шын сырымды арнап саған,
Шырайлым, мақпал жырға, әнге қосам.
Шындадым, сандығымның кілтін аштым,
«Шығармын қай жағынан?» деп ойланам.

Айналайын, жан сәулем, жаным Кәмеш!
Ғафу еткін сөзімді болса оғаш.
Мәңгілікке айқасқан құшағымды,
Балтамен шапса дағы айыра алмас!

Бұл өлеңдерді әкем жиырма жасында он бестегі қыз Кәмешке арнаған. Ол көрікті болған және көкесі Қасым жыламасын, әке-шешесін, ағаларын ойлап қайғырмасын деп үнемі көңілін аулап, сәнді киіндірген екен. Шешем керемет әнші болған, оның салған әндері құлақтан кетпейді. Әкем домбыра тартып, шешем екеуі қосылып салған әндері таспада бар.

Еліміз Егемендік алып, көп балалы аналарға, оның ішінде он және одан да көп бала туып, өсірген аналарға құрмет көрсетіп отыр. Сол құрметке менің анам да ие болған. «Алтын алқа» орденінің иесі еді. Жеңістің алпыс жылдығы болғанда соғыс кезіндегі жасы толмаған тылдағы еңбеккер ретінде мерекелік медальмен де марапатталған. Анамыз: «Жер бетінде соғыс болмасын, ананы баласынан, баласын әкесінен, қыздарды ағаларынан, келіншектерді сүйген жарынан айыратын соғыстың аты өшсін!» - деп тілеуші еді...

Оны ауыл-аймақ түгел құрмет тұтты. Ол біздің ғана емес, елдің де анасы болды. Барлығы оның батасын алуға тырысатын. Сексеннен асса да кәрілікті мойындамай, аяғын нық басуға тырысушы еді. Өзі келін болып түскен қара шаңырағын қатты құрметтейтін. Алпыс сегіз жыл сол шаңырақтың түтінінің түзу ұшқанын қалап, алтын босағасында ғұмыр кешті. Анамыздан айырылып қалғанымызға бір жыл болып қалды. Ол 2013 жылдың 25 наурызында дүниеден өтті. Алланың ісіне не шара?! Анамыздың жаны жәннатта болсын! Оның ақжарқын бейнесі, қарақат көздері, сыңғырлаған даусы, сызылтып салған әндері жадымызда әруақыт сақталады!

Әжем менің

(аштық құрбаны асыл әжем Бәди Ақшалқызы туралы)

Жасымнан жанымдай жақсы көрген нағашы әжем туралы бір үзік сыр - естелік айтпауыма да, жазбауыма да болмайды. Иә, болмайды.

Әжем аласа бойлы, аққұба, көзі көк, дөңгелек жүзді, шапшаң қимылдайтын адам еді. Шашы қалың болмаса да екі бұрым етіп өріп қоятын. Көйлегінің етегі ұзын, жерге төгіліп, ал барқыт қамзолының белі қыналған болатын, аппақ кимешек киетін. Аяғынан үнемі мәсісін тастамайтын. Дене бітімі толық та емес, арық та емес еді. Тойға немесе құрбан айты кезінде әдемі көйлегін, күміс қаптырмалы қамзолын киіп, ақша қардай жаулықтың үстінен биік шаршысын көтеріп салып, аяғын шеки басып көшеге шыққанда, тура ертегідегі ханымдардай көрінетін...

Таңертең ерте тұрып, кеш жататын әдетін өмірінің соңына дейін өзгертпеді. Бес мезгіл намазын да қаза қылмауға тырысатын. Мен әжемнің қойынына жатуға нағашым үйіне баратынмын. Жатарда ол Алладан жақсылық тілейтін, мен де оның айтқандарын қайталайтынмын. Үнемі тек «әже» дегендіктен, оның атын да білмей өсе бердік. Ол біздің сүйікті әжеміз болды, бізге айтқан бесік жыры әлі құлағымда, мен енді әлдиімді өз немерелеріме айтамын. «Әлди, әлди, аппағым, қозыжүні қалпағым, жұрт сүймесе сүймесін, өзім сүйген аппағым» деп әлдилеуші еді. Ол тойларда өз ойынан өлең де шығарып айтатын.

Есіміз кіргенде ғана әжемнің Бәди Ақшалқызы екенін, 1891 жылы туғанын, ол кісінің 1932 жылы аштық кезінде Жаңа Арқадан жер ауып келгенін білдік. Тоқа руынан, Күшікбай ауылынан, ақын Сәкен Сейфуллиннің елінен, Қазақстанда қолдан жасалған аштық кезінде «Қызылжарда аштық жоқ екен» деген қауесетке нанып қаншама халық поездарға мініп Қызылжарға келген. Солардың ішінде әжем де отбасымен болған. Бір баласы, аты-Бейсенбі, Қарағандыда шахтада қалған. Жолда отбасы мүшелерінің бәрі көз жұмып, әжем ғана тірі қалыпты. Қызылжардың вокзалында у-шу болған, аштықтан есі ауған халықты жергілікті тұрғындардан аулақта қоршап ұстаған. Күнде адамдар шыбынша қырылған, өйткені мұнда да ашаршылық бел алып тұрған еді. Ауып келгендерді милиция қоршап, күніне жарты стақан бидай беріп баққан. Сол бидайды қуырып жеп күн көрген аш адамдардың кейбірі түнде өліп қалса, таңертең жүрегі, бауыры орнында болмаған... Қасіретті жылдардың тауқыметі таудай болған, қазақтың бір жарым миллионы аштан өлген 1932-1935

жылдардың куәсі, қандай қиындыққа да қарсы тұра білетін қайратты қазақ әйелдерінің бірі - сол менің әжем еді...

Менің нағашы атам - Байқас Төлебайұлы әйелі қайтыс болады да, әжеме үйленеді. Шешем сол уақытта төрт жаста екен. Үлкен отбасы болатын, шешемнен басқа бес ұл: Фазыл, Жағыпар, Құдайберген, Қалинұр, Қамза бар еді. Өзі тумаса да сол отбасының анасы болды. Ерте жатты, кеш тұрды. Еңбекқорлығымен елге де құрметті, қадірлі болды. Осы отбасының ендігі қуанышы мен қасіреті көп тағдыры, ауыртпалығы әжемнің иығына түсті. 1937 жылы үлкен ұлдары Фазыл жазықсыздан жазықсыз жапон шпионы - «халық жауы» болып он жылға айдалып кетті, кейін Сталин өлген соң ақталды. 1941 жылы екінші дүниежүзілік соғысқа қалған төртеуі кетіп зар жылап қалды. 1946 жылы бес баланың біреуі ғана елге қайтты, қалғаны қаза болды. Атам Жағыпар нағашым келмей тұрып дүние салды. Әжем аман келген жалғыз ұлы 1966 жылы қайтыс болғанға дейін бірге тұрды. Солардың тілеуін тіледі. Соғыстан кейін қанша жыл өтсе де әжем біреумізді атау үшін қаза болған балаларын түгел атап шығатын. Өзі тумаса да сол балаларына деген аналық махаббаты жүрегінде мәңгі қалған болар...

Жазда әжеммен бүлдірген теруге баратынбыз. Біздің Ортақкөл ауылы әдемі қос көлдің ортасында орналасқан, маңайы көкорай шалғын шөп өскен, көң-қоқыссыз таза, көшесі де түп-түзу сәнді еді. Көлдерден әрі қойнаулары бүлдіргенге толған ақ қайыңды ормандар болатын. Таңертең ерте кетіп, кеш түсе шаршап-шалдығып, құлап-сүрініп келетінбіз. Әжем жасы ұлғайған кісі болса да, шаршамай бізбен он-онбес шақырым жерге жүре беретін, өте қажырлы, қайсар адам еді. Бүлдірген қосып тәтті құрт пісіретін, жесең тоймайсың, тағы да жегің келіп тұрады. Әжемнің қайнатқан құрт, ірімшігінің дәмі әлі есімнен кетпейді. Кейде сөреге жайған құртын сұрамай алып жеп қоятынбыз. Бізге көз ғып ұрсатын. Ал бізге бөтен бала тисе, қуып ұстап алып жазасын беретін. Қолынан келмейтіні жоқ та, қыстағы соғымның сүйектерін бір жерге жиып, жазда сақар сабын пісіретін. Сабын қайнап жатқанда ешкімді кіргізбейтін, біреу қараса сабыны іріп кетеді екен. Балаларға бұзаушық таратушы еді. Алаботаны жағып шаш жуатын ертінді дайындайтын, қайыңның қабығынан тәтті сағыз қайнатып беретін. Ол жіп иіріп, алаша тоқып, киіз басуды жақсы көретін. Жылқының қылынан жаңа туған құлыншақтарға нөқта, жылқыға шылбыр, сиырдың бас жібін, мықты арқан есіп дайындаушы еді. Өзіне ғана емес ауыл-аймаққа, туған-туыстарына да қолқабысын аямайтын. Маған арнаған соңғы алашасын қырық жылдан асып кетсе де, әлі ұстап жүрмін. Ауырып отырып маған бір шәлі тоқитын түбіт

иіріп берді де, «осыдан бармақтай жіп қалмаса менің атымды басқа қой» деп күлген. Шынында да солай болды. Қысқы демалысқа келгенде «Әже, атыңызды басқаша қоймайтын болдым» деп әзілдемекші едім, болмады. Оқудан келгенде «Ақжарқын, аман келдің бе?» деп балаша қуанатын әжем алдымнан бұл жолы шықпады...

167

Неше түрлі тағдырдың талқысын көрген қайран әжем тамағынан ас жүрмей жатса да Аллаға наразылық білдірмей, бір ыңқыл-сыңқылсыз, асқан төзімділікпен, бір түйір дәрі қабылдамай көз жұмды. Ол 1975 жылдың қаңтарының соңғы күндері ауыр науқастан 84 жасында қайтыс болды. Көзі тірісінде баласы Бейсенбіні, туыстарын іздегенмен, табылмады. Өзі де жарты ғасыр Солтүстік Қазақстанда тұрып, туған жерін көре алмады. Әр кімге де туған жерден ыстық не бар?! Мүмкін Орталық Қазақстанда Жаңа Арқада туған-туыстардан, үрім-бұтақтарынан қалған біреулер бар шығар... Табылса шын қуанар едік. Әжемнің зираты Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Ортақкөл ауылының қорымында, басына ескерткіш тас қойылған, барып дұға оқып тұрамыз. Аштық жылы ең жақын адамдарынан, туған жерінен айырылып, қаңғып кеткен, неше түрлі тағдыр талқысына түсіп, өзінің жан-жүрегін суытпай, өле-өлгенше жан-жағындағы адамдарға мейірім шуағын шашып өткен менің асыл әжемнің топырағы торқа, жаны жәннатта, иманы жолдас болсын деп тілеймін. Ақ әжемді ешқашан ұмытпаймын.

Мазмұны

Өмірбаяндық деректер.....	6
---------------------------	---

Жан шуағы-жүрек жылуы

Қоңыр дәптер.....	10
Тәуелсіздік баянды болсын!.....	11
Тәуелсіздік мейрамы құтты болсын!.....	12
Тәуелсіздік күніне.....	13
Өз елімді қалармын.....	14
Қызылжар туралы.....	15
Қызылжарым.....	16
Тілегім менің.....	17
Қазақ тілі - елімнің ертеңі.....	18
Туған жерге сағыныш.....	20
Ата заңым, ардақтым.....	21
Наурыз жыры.....	23
Желтоқсан батырларына.....	24
Наурыз тойына.....	25
Наурызға.....	26
Наурыз айы.....	27
Жаз келді.....	28
Отаным десем.....	29
Ауылым.....	30
Қыс көрінісі.....	31
Көктем келді.....	32
Жаз келді.....	33
Күз көріністері.....	34
Имандылық.....	35
Елім менің.....	36
Өлеңдерім - жүрегімнің лүпілі.....	37
Ана бақыты.....	38
Анам Камеш Байқасқызына.....	39
Анама.....	41
Анам қайтыс болғанына 40 күн.....	42
Асылханым.....	43
Айдосқа.....	45
Ердарға.....	47
Бикеш құдағидың 70 жасқа толу құрметіне арнау.....	48

Азамат деп.....	49
Көңіл күйі	50
Жалғыздық туралы.....	51
Мен неге мұңаямын... ..	52
Досқа	53
Айтарым бар... ..	54
Өзгешемін	55
Танымаймын мен айнадан өзімді	56
Өмір туралы.....	57
Өмір өткелдері.....	58
«Өмір - қысқа, дүние - жалған алайда...»	59
Бақыт туралы.....	60
Тілегім.....	61
Өзім туралы	62
Махаббат - нұрлы дүние ғаламат.....	63
Есімде сол кездерің... ..	65
Жаныңда болсам... ..	66
Қалай ғана ұмытайын?	67
Махаббат мұңы.....	68
Қоштасу	69
Өзінді, жаным, осындай шығар деп едім.....	70
Досыма	71
Алғашқы қар Алматыда	72
Сырлы сезім.....	73
Адамның ыстық көңілі	74
Махаббат өлмейді	75
Нұрлы сезім Алладан.....	76
Мен өзінді... ..	77
Шымбұлақта.....	78
Өзінді... ..	79
Төрт мүшел.....	80
Көңіл күйлері.....	81
Махаббатсыз өмір жоқ.....	82

Ақ тілек-ыстық ықылас

Ақын Қанипа Бұғыбаеваға	84
Сабыржан ағаны еске алу.....	85
Досым Күлтай Махметоваға	86
Сапар Дүйсенов ағамның шөбересі Ескендірге	87

Ердарға	88
Асылжанның 1 жасқа толғанына	89
Құрметті Айман Шәріпқызына.....	91
Құрметті Ғазиз Сұлтанұлы!	92
Альфред Николаевич Пряниковқа.....	93
Қиялы үшқыр, қаламы үшкір ақын аға - Болат Мағазұлына арнау	94
Мүтәллап ағаның 75 жасқа толуына құттықтау.....	95
Айзаттың қызы Айымның ұзату тойына	96
Сарыарқада сары күзде туып ең... ..	97
Зеке-құрдас, Зейнолла!	98
«Асыл мұра» орталығына 10 жыл	99
Қайролла ағама арнау	100
Баян Құдайбергенқызына.....	101
Құдай қосқан құдамыз Ермажы Темірғажыұлына	102
Әр балаға арнау	103
Айдос бірге толғанда	104
Еркін мен Ботагөздің үйлену тойына арнау	105
Ботагөз апамыздың алпысқа толуына.....	107
Жаңа жылға тілек.....	108
Жаңа жыл.....	109
Жаңа жыл құтты болсын!.....	110
Ақын Абай ескерткіші жанында.....	111
Ана тілім - қазынам.	112
Құрметті Асқар Жоламанұлы!	113
Сыныптасым Кенжебайдың Рухына арнаймын.	114
Болат құданың немересі Сауаттың бесік тойына	115
Құрметті Ләззәт Сайлаубековна!	116
Жанғожа Берзекейұлы Сандыбековтың рухына арналады	117
Амантай Сәбитұлының 61 жас мүшелтойына арнау	119
Жақсы жандар	120
Күйші Тойкенге	121
Кене апамның қазасына	122
Мектеп мұражайына 35 жыл	123
Менің сүйікті телеарнам және радио... ..	124
Арайлым мен Жанболаттың үйлену тойына арнау	126
Үйлену тойына	127
Соколовка ауруханасына 70 жыл.....	128
Бес мүшел жас.....	130

Қос қайың	131
Жанарға	132
Нағашыма	134
Жаратқанға жалбарыну	136

Естеліктер

Жақсының аты өшпес	139
Олар ұмытылмауға тиіс	149
Жастығымның жаза баспас куәсі ең... ..	153
Жоғалған сарбаз	158
Жаны сұлу жан анам	162
Әжем менің.....	165

Отпечатано в ТОО «Издательство
«Северный Казахстан»
150001, г. Петропавловск,
ул. Кошукова, 5